

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№2 (22) 2014





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

2 (22) 2014

(наурыз-сәуір)

2

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, көркем-сурет факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті;

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, ед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор; .

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор;

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева СТ. - зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры культурной антропологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, почетный член НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - зав. кафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
corresponding-member of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the National Knowledge Academy named after YAltynsarina;

Baisabaev B.A. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor;

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T - Head of the Department of "national education and samoponaniya" KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, honorary member of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014



«Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы»

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
2014 жылғы 17 қаңтардағы Жолдауынан.*

ӨОЖ 355.233.231.1

М.А.Нуриев

*Қазақстан Жоғары Мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директоры*

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Бұл мақалада патриотизмнің қалыптасу формаларының әрқайсына жеке-жеке анықтама берілген. Патриоттық тәрбиенің теориялық негізіне толығымен тоқталған. Сонымен қатар, патриотизм ұғымы Отанына, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктен, құрметтеу мен мақтан тұтудан, адал еңбек ету мен қамқор болудан және азаматтық парызын орындаудан тұрады. Қазіргі кезде тәрбиелік мән беретін көптеген мәселелерді қайта қарауды және студенттерді жалпы Отанның өткендегі ерлік істерін терең сезіммен ұғынуға баулитындай тәрбиенің ерекше тиімді формалары мен әдістерін қарастыру керектігі айтылған. Автор мақаласында бұл ұғымдардың әрбіреулеріне жеке-жеке тоқталып өткен.

Түйін сөздер: *Отан, тәрбие, жас ұрпақ, патриот, сүйіспеншілік.*

В этой статье дано объяснение каждой форме формирования патриотизма по отдельности. Полностью рассмотрена теоретическая основа патриотического воспитания. Также, понятие патриотизм состоит из любви, уважения и гордости Родине, стране, земле, из честного труда и заботы, а также из выполнения гражданского долга. Говорится о необходимости пересмотра множества вопросов воспитательного значения в настоящее время и рассмотрения особенно выгодных форм и методов воспитания, культивирующие студентов понять прошлые героические подвиги общей Родины с глубоким чувством. Автор останавливался над каждым из этих понятий по отдельности в своей статье.

Ключевые слова: *Родина, воспитание, молодое поколение, патриот, любовь.*

In this article given an explanation of each form of patriotism formation separately. Fully inspected the theoretical basis of patriotic education. Also, the concept of patriotism consists of love, respect and pride of the motherland, country, land of honest labor and care, as well as perform their civic duty. Refers to the need review of many questions upbringing value at the moment and considering especially profitable forms and methods of upbringing, cultivating students understand the past heroic deeds common homeland with deep feeling. Author stayed on each of these concepts separately in his article.

Keywords: *The mother country, education, young generation, patriot, love.*

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүйуге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқанды. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 23 жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу.

Ал, бүгінде сананы тұрмыс билеп, екіншіден, жаһандық сапырылыс үстемдік құрып тұрған кезде өскелең ұрпақ патриотизмді қалай түсінеді?

Соңғы жылдары қалыптасқан тәрбие жүйесі көпшілік жағдайда сөз, ұран, мәліметтік сипатта болып, жоғары оқу орындарындағы студенттерді міндетті түрде қоғамдық пайдалы іс-әрекетке қатысуын қарастырмады, олардың патриоттық тәрбиелеу бағытын дамытуды қиындатты.

Бұл қазіргі кезде тәрбиелік мән беретін көптеген мәселелерді қайта қарауды және студенттерді жалпы Отанның өткендегі ерлік істерін терең сезіммен ұғынуға баулитындай тәрбиенің ерекше тиімді формалары мен әдістерін қарастыруды талап етеді. Әсіресе, бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық, білім ғана емес, әсіресе өнегелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Білімберумен тәрбиенің негізгі міндеті – өз елінің азаматы, патриотын тәрбиелеу болса, осыған сәйкес «қазақстандық патриотизм мен ұлттық патриотизм» студенттердің тәрбиелік деңгейін бағалаудағы көрсеткіш болып қарастырылады. Елбасы биылғы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» [1] атты Жолдауында Қазақстан тарихында орын алатын креативті ұсыныстың бірі ретінде Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі ретінде мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтар екенін атап көрсетті. Демек, біз мәңгі мемлекет болғымыз келсе, онда ұлттық руханияттың бастаулары не және оның мән-маңызы неде деген мәселені түсінгеніміз жөн. Қазіргі егеменді ел жағдайында патриотизм, ұлтаралық татулық жаңа мағынаға ие болып отыр. Себебі, Қазақстанды «Отаным» деп білетін әрбір азамат өз Отанын сүйіп, елін-жерін қорғауды азаматтық парызы ретінде мойындап, елдің өркендеп, дамуына өзіндік үлесін қосуға міндетті.

Бұл орайда Елбасының ұсынған «Мәңгілік Ел» жобасын іске асыруда, басты мақсат өркениетті, дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу жолында алға қойған барлық міндеттердің орындалуы үшін әрбір қазақстандық тұлғаның бойынан патриоттық сезім табылуы шарт. Олай дейтін себебіміз, дамыған елдердің бәрі де ұлттық патриотизмді дамыту арқылы ғана жетістікке жеткен.

Енді осы патриот сөзінің мағынасына тоқталатын болсақ, ол дегеніміз – әр азаматтың ұлтын, Отанын сүюі. «Патриотизм»-гректің *patris* сөзі [2]. Оның қазақша мағынасы жер-

лес, отандас дегенді білдіреді. Яғни, өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын өз Отанына, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі. Қазақ халқында ұлтжандылық, отансүйгіштік ерте заманнан қалыптасқан. Мәселен, туған жер, Отан туралы: «Бұлбұл гүлзарын сүйеді, адал адам Отанын сүйеді», «Отанын сүйген: отқа жанбайды, суға батпайды», «Ел қадірін көрген біледі, жер қадірін жүрген біледі» деген сияқты мақал-мәтелдер сөзімізге дәлел бола алады.

Жалпы патриотизм ұғымы әлеуметтік-тарихи, саяси құбылыс болғандықтан, заманына орай әртүрлі әлеуметтік мәнге ие болған. Алайда, патриотизм мағынасы әр заманда ерекшеленгенімен, патриотизм туралы барлық анықтамалардың түп мағынасы туып-өскен жерін, елін, туыс-бауырларын сүю сезімі, еліне адал қызмет ету, сол ұлтының мәдениетін, рәміздерін құрметтеу болып табылады.

Енді, осы **патриотизмнің қалыптасу формаларын** өз тарапымыздан ұсынатын болсақ, **ол адам баласының өзі туып-өскен отбасынан, жүріп-ер жеткен ортасынан, өзі өмірлік таңдау жасап, құрған жанұясынан бастау алатын болады.** Енді, осылардың әрқайсына жеке-жеке тоқталып өтейік.

1. Өмірге келген отбасы. Бала дүние есігін аша салысымен көретін бірден бір жан иесі, ол – ата-анасы. Осы ата-анасы алғашқы өмір мектебі болмақ. Бірінші рет сөйлеуді, жүруді үйрететін, жақсы мен жаманның, ақ пен қараның, адалдық пен арамдықтың арақатынасын ажыратуға баулитын әке-шешесі, ата-әжесі. Бала өсе келе, отбасы мүшелерінен алғашқы өмір сабағын алады. Отбасы тәрбиесі баланың өзін-өзі және ата-тегін танып, білуіне тікелей әсер етеді. Мысалы, бір ғана атасының 7 атасын жете білуіне үйретуі, не әжесінің қиыннан қиыстырып айтатын ертегі, әңгімесі бала бойынан өзінің ата-тегіне деген мақтаныш сезімін ұшқындатып, әке-шешесінің бір-біріне, басқа жанұя мүшелеріне қарым-қатынасы мен сөйлеу мәдениеті ана тіліне, әдебиетіне, салт-дәс-

түрге деген құрметті дарытады. Ал, осы ана тілге құрмет – патриотизмнің алғашқы және негізгі көрінісі болып табылады. Себебі, тіл – әр халықтың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінге жалғасқан ғұмырын ертеңге апарар мүддесін бейнелеуші, яғни, бар тарихының куәгері, деректі көзі.

2. Ортасы. Адамды қоғамға бейімдеп, әлеуметтендіретін – орта. Адам өмір бойы ортада дамып отырады. Ал осы ортаның өзін ішнара бөліп қарайтын болсақ, адам өмірінің сатысына қарай: балабақша, мектеп, ЖОО-ы, еңбек ортасы (коллектив) және жора-жолдастары болып бөлінеді. Әр кезеңнің адам бойына патриоттық сезімді үздіксіз дарытуда септігі орасан зор. Мысалы, мемлекеттік рәміздерді ең алғаш рет балабақша жасынан бастап танып, біле бастайды. Соған сай сүйіспеншілік пен құрметті үйренетін болады. Мектеп жасында болса, туған ауылының, өлкесінің, елі мен жерінің төл тарихын, мәдениетін, өнерін жете біліп, жетістіктері мен артықшылықтарын таниды. Бұған тікелей мұғалімдер мен ата-анасы жауапты. ЖОО-нда бойында қалыптасқан патриоттық сезімді болашақта еңбек тәрбиесімен ұштастырудың және ұйымдастырудың жолдарын үйренеді. Бітіріп шыққан жас маман елі мен жерінің өркендеп, көркеюіне өз үлесін қалай қосатынын, өз септігін қалай тигізетінін түйіп-пішкен тұлға болып қалыптасады. Сонда ғана жұмысқа орналасқан жас маманның мақсат-мүддесі айқындалып, Отан алдындағы өтейтін азаматтық борышын түсініп, елінің дамуына үлесін тигізеді. Себебі, қай елде патриоттық тәрбие жоғары болса, сол елде саяси тұрақтылық пен экономикалық даму өрістейтіні белгілі. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көздейді. Өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғам өркендеп, талап күшейіп, талғам артып халыққа қызмет етуде үлкен бір серпіліс болуы қажет.

3. Өзі құрған отбасы. Елбасының: «... патриот – ол Қазақстанды шын сүйетін, ұлттық құндылықтарды қастерлейтін, бойында

адалдық, ар-намыс, ізгілік қасиеттері бар, халқының дәстүрі мен Отанына деген сүйіспеншілігі мол адам», [3] - деп «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білім алған түлектермен кездесу барысында айтқан үндеуіндей, әр адам отбасын құрған кезде басты мақсат ретінде ата-дәстүрді басшылыққа алу керек. Себебі, ұлттық құндылықтарға негізделген тәлім-тәрбие бала бойына еліне деген сүйіспеншілікті оятып, ұлтжандылық сезімді дарытады.

Патриотизм – адам өмірінің әр сатысында үзбей жүріп отыратын үздіксіз процесс. Сол себепті, ел басына күн туған заманда ғана емес, бейбітшілік кезде де әр адамның бойынан Отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет табылып, сол жолда жанын аямай қызмет ету дәрежесіне жетуіміз керек. Патриотизмнің тек қызыл тілден ғана көрініс таппай, іс-әрекетімізден де белең беруі тиіс. Ол үшін әр қазақ баласы туған халқының өткен тарихы мен жеткен жетістіктерін жетік біліп, дүниежүзілік өркениетке қосар үлесі мен халықаралық бәсекелестік аренада алар орнын анықтай алатын дәрежеде болуы тиіс. Жаһандану, бұл – тек технологиялар мен ғылыми техникалық жетістіктердің бәсекесі ғана емес, ол – отаншылдық сезімі жоғары тұлғалардың арасындағы елдің қадір-қасиетіне жету, халықтың ойындағысын тап басып біліп, орындап отыру барысындағы бәсекелестігі. Бір сөзбен айтқанда, ғылым, білім, мәдениет пен спорт саласындағы ұлттық брендтерімізбен мақтана алуы керек. Мәселен, тамаша сәулет өнерлерінің бесігі болып отырған Астана бүгінде бүкіл әлемге – «Орталық Азияның гауһары», «Арман қала», «Болашақтың – жаңа символы» ретінде танылды. Астана – Отанымыздың жүрегі, Халқымыздың – тынысы. Ұлттық жаңғыруымыздың, рухани өрлеуіміздің рәмізі, берік негізі. Бас қаламыз – еліміздің өркендеуінің айқын нышаны, сенімінің алтын бесігі. Астана – шын мәнінде, біздің ұлттық идеямыз, болашаққа бағдарымыз. Және спорт саласында жеткен жетістік нәтижесінде дүние жүзінде Қазақстанның туы

желбіреп, әнұраны асқақтайды. Міне, осы сияқты әлем халықтары алдында «Мен – қазақып!» деген мақтаныш сезімі әр қазақстандық азаматтың жүрегіне қуаныш пен халқына деген үлкен сыйластық, Отанына зор құрмет ұялатуы тиіс. Сонда ғана, нағыз ұлтжандылыққа жете білеміз.

Демек, патриотизм ұғымы Отанына, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктен, құрметтеу мен мақтан тұтудан, адал еңбек ету мен қамқор болудан және азаматтық парызын орындаудан тұрады екен (1-кесте). Бұл сезімдердің әрбіреулеріне жеке-жеке тоқталатын болсақ.

1-кесте

Патриотизм құрылымы



Сүйіспеншілік. Патриотизмде «Отаның сүйю» – ең басты сезімдердің бірі. Отанын сүйю, ол отбасынан, туыс-бауырларынан, күнделікті қоршаған ортасындағы адамдардан бастау алады. Қазақ ұлты тарихта өшпес із қалдырған батыр ұл-қыздарымен мақтана алады. Қазіргі бейбітшілік заманда да ерлік істер жалғасын табуда. Мәселен, Жамбыл облыстық ПД жол полициясы жеке батальоны 1-ші взводының командирі Ғазиз Байтасовтың террористі тоқтату барысында оққа ұшқан батырлығы. Алған ауыр жарақатына қарамастан, лаңкеске қарсы ұмытылып, қылмыскердің қолындағы гранатаны халыққа қарай лақтыруға жол бермей, өз денесімен жауып қалды. Осы ерлігі үшін оған Қазақстанның

Халық қаһарманы атағы берілді. Осылайша ол жан қиярлық ерлігімен дәлелдеді (тәуелсіздік алған жылдардан бері полицей және әскери қызметі барысында еліне ерлік көрсеткендері үшін 877 қызметкер мемлекеттік мадақтамамен марапатталған. Оның ішінде 90-ы қайтыс болғандар тізімінде). Осы сынды бейбіт замандағы жас батырлар мен қаһармандардың ерлік істерін халқына, Отанына деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Тағы бір мысал, 2011ж. Қызылорда қ.-ғы №176 мектептің 2-сынып оқушысы Динара Оңдасының үйді шарпыған жалын құшағынан үш бауырын алып шыққан ерлігі, Талдықорғандағы Н.Островский атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы

Мадияр Мамырбековтің ағысты өзенде батып бара жатқан екі сәбидің өміріне араша түскен ерлігі, т.б.

Құрметтеу. Патриот болу дегеніміз – Отанын сүюмен қатар, сол ұлттың тілін, ұлттық символдарын, тарихын, мәдениетін, ұлт патриоттарын құрметтеу. Ұлттық тілді құрметтеудің маңыздылығы, ұлттық тілін сақтап қалған халық қана ұлттық мемлекетін құра алатындығында жатыр. Мәселен, тіл жанашырлары, Мұхтар Шахановтың қазақ тілін сақтап қалу мақсатында жасаған іс-шаралары нағыз тілге деген құрметті білдіреді. 3 жыл қатарынан «Мемлекеттік тілді қолдау» қоғамдық акциясын ұйымдастырғаны. Қазақстанда қазақ тілінің өркендеуін мақсат тұтқан «Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің төрайымы Асылы Осман да қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайтумен келе жатыр. Сонымен қатар, рәмізімізге деген құрмет. Соның үлгісі ретінде, елінің туын биіктен көрсетуді мақсат еткен, өзінің тектілердің тұяғы, қайсар бабалардың ұланы екенін әлемдік спорт жарыстарында дәлелдеп жүрген саңлақтар: Жақсылық Үшкемпіров, Серік Қонақбаев, Дәулет Тұрлыханов, Ермахан Ибрагимов, Бекзат Саттарханов, Серік Сәпиев, Геннадий Головкин, Қанат Ислам, Александр Винокуров, Әлия Юсупова, Илья Ильин, Деннис Тен, т.б. Сондай-ақ, қазақ өнерін қазіргі уақытта әлемге паш етіп жүрген, Әміре Қашаубаев, Күләш Байсейітова, Жамбыл Жабаев, Шара Жиенқұловалардың ізін жалғастырушы ұл-қыздарымыздың қатарында: Бикен Римова, Асанәлі Әшімов, Сәбира Майқанова, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Болат Аюханов, Айман Мұсаходжаева, Нұржамал Үсенбаева, Ұлытау тобы, т.б. Патриоттық сезімнің толыққанды қалыптасуы үшін, елінің тарихын білу, егеменді елдікке қалай жеткенін, «Біз қайдан шықтық?, Біз кіміз?» деген сұрақтарға жауап бере алатындай және елі үшін күрескен ұлт патриоттарын құрметтеуі тиіс.

Мақтан тұту. Патриотизм сезімдерінің бірі – мақтан тұту. Біріншіден, сол ұлттың

өкілі болғанына мақтан тұту. Қазіргі кезде халқын мақтан тұтатын мынандай сөздер жиі айтылып жүр: «мен малай ұлтынан болғанымға мақтанам»; «түрікпін деп айтқан қандай бақытты» тағы сол сияқты мағыналас ұран сөздер арқылы патриоттық сезімдерін қалыптастырып келеді. Дәл солай әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, біз де «қазақ болып туудың өзі бір бақыт» деп сезіне білуі керек. Өйткені, ата-бабасының азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау арман еткен заманға тер төге, көп күш жұмсай жеткен елін мақтаныш етуі тиіс. Сондықтан, өз елінің патриоты әрқашан Отанының ұлттық құндылықтар, экономикалық, мәдени, спорттағы жетістіктерімен мақтан тұтуы тиіс. Сонымен қатар, ел-жұрты алдындағы парызды сезініп, оның абыройы мен құндылықтарын, еркіндігі мен бейбітшілігін бағалауы қажет.

Адал еңбек ету. Патриоттық сезім дегеніміз өз еліңді сүю деген құрғақ сезім ғана емес, сол жолда өнімді еңбек ету, қоғамға пайдалы іс тындыру екенін білдереді. Өз отбасын асырау арқылы ол халқына адал еңбек етіп, Отан алдындағы жауапкершілікті сезінуі болып табылады. Сүйікті еліне адал қызмет ету, оның өркендеуіне үлес қосу бұл – жоғарғы патриоттық сезім.

Қамқор болу. Патриот болу өзіңнен гөрі, басқа жандарға, қоршаған ортаға, табиғатқа, табиғи байлықтарға қамқор болу дегенді білдіреді. Өз елінің болашақ тағдыры алаңдатып, оған қамқоршы бола білуі тиіс. Жалпы күнделікті өмірде, қоғамдағы қарт адамдарға, жетімдерге мейірімділік танытудан бастау алады. Мәселен, қазақ халқы – бұрындары жетімін жәудіретпей, жесірін тендіретпей, қарттарын басына көтеріп, құрмет тұтқан ұлы халықпыз. Мысалы үшін небәрі 25 жасында алты баланың анасы болып отырған, күміс алқа иегері Алмагүл Қалжанованы айтсақ болады. сол сияқты, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалының 2011 жылғы мәліметтеріне сүйенсек, 2010 жылы «Алтын алқамен», «Күміс

алқамен» және «Батыр ана» атағымен, 1-2 дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен 25 мың 789 ана марапатталыпты. Оның ішінде 617 ана «Алтын алқа» төсбелгісін тағынса, 4389-ы «Күміс алқамен» марапатталған.

Азаматтық парызын орындау. Азаматтық парызын орындау – отбасы, халқы, Отаны үшін тұлғаның әр ситуациядағы ерлігін, жан қиярлық іс-әрекетін білдіреді. Атап айтқанда, азаматтық парызын орындау үшін тұтас қоғам өмірінің игілігін ғана емес, сонымен қауіп-қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға-жанмен, қанға-қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарыңды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр ету. Адамға өз ісін жетік білу де – азаматтық парыз. **Қандай тұрғыда болғанына қарамастан өз салаңда табыстарға қол жеткізгеннің өзі отан ал-**

дындағы парыздың орындалуымен тең.

Сонымен, бұл сезімдердің тұлға бойында қалыптасып, дамуына жоғарыда аталған факторлар тікелей әсер етеді. Және бұл факторлар – қатып қалған қағида емес, динамикалық тұрғыда іске асатын, адамзат ғұмырында өмір бойы жүріп отыратын үздіксіз процесс.

«Патриотизм ұғымы» – ұлы ұғым. Өйткені, әр адамның бойында патриоттық қасиет болмаса, ол адам – Отаны жоқ, жай-күйсіз болғанымен тең.

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған патриотизмді қалыптастыру әдістері мен іс-шаралар түрлері мәңгілік ел құруға септігін тигізері анық. «Болашаққа жоспар құрсаң, баланы тәрбиеле», деген шығыс нақылындағыдай, жас ұрпақты патриоттық тәрбие негізінде тәрбиелесек егеменді еліміздің көк байрағы көк аспанда мәңгілік желбіремек!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.18.01.2014.
2. kk.wikipedia.org/
3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының 20 жылдығына арналған форумда сөйлеген сөзі. 29 қараша, 2013 ж., Астана.

ӨОЖ 39.398.3

Ә. Табылды

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ЖӘДІГЕРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ МӘНІ

Бұл мақалада қазақ халқының ежелгі дәуірдегі жәдігерлерінің тарихы, тәлім – тәрбиелік негіздері сөз етіледі. Яғни, мақалада Орхон-Енесей жазба ескерткіштерін - Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазбаларын, «Оғызнаме» дастаны, «Қорқыт ата» кітабы, Әбу Насыр әл-Фарабидің педагогикалық еңбектерінің мәні жазылған. Махмуд Қашғаридың ұлттық тәрбие туралы ойлары жайлы жазылған. Ұлы тәлімгер Мұхаммед Хайдар Дулатидың тәрбиелік тұжырымдары туралы сыр шерткен. Сонымен қатар, Тілеуқабылұлының этнопсихологиялық және этнопедагогикалық ойлары жайлы айтылған.

Түйін сөздер: *тарих, жәдігер, дәуір, тәрбие, тәлімгер, дастан.*

В этой статье говорится об истории, о воспитательных основах реликвии казахского народа в древние эпохи. То есть, в статье пишется о значениях письменных памятников - Күлтегін, Білге каган, Тоныкок, поэмы «Огызнаме», книги «Коркыт ата», педагогических трудов Аль-Фараби. Написано о воспитательных мыслях Махмуда Кашгари. Говорится о воспитательных выводах великого наставника Мухаммеда Хайдар Дулати. А также, сказано о этнопсихологических и этнопедагогических мыслях Тлеукабылулы.

Ключевые слова: *история, реликвия, эпоха, воспитание, наставник, поэма.*

This article speaks about history, educational foundations relics of the Kazakh people in ancient times. To there, the article written about the value of written records - Kultegin, Bilge Kagan, Tonykok, the poem «Ogyzname», book «Korkyt ata», pedagogical works of Al - Farabi. Written about the upbringing thoughts of Mahmud Kashgari. Refers to the conclusions of the great upbringing mentor Mohammed Haydar Dulati. And also, here said about ethnopsychological and ethnopedagogical thoughts of Tleukabyluly.

Keywords: *history, relic, education, mentor, poem.*

Қазақ халқының ежелгі тәлім-тәрбиелік негіздерін сөз еткенде VI-IX ғасырдағы көне түркі ескерткіштерін, яғни Орхон-Енесей жазба ескерткіштерін – Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазбаларын, «Оғызнаме» дастаны, «Қорқыт ата» кітабы, Әбу Насыр әл-Фарабидің педагогикалық еңбектерін атап, ол негіздердің мәнін ашу ғылыми міндет болып табылады.

Қазақ жерінде X-XII ғасыр арасында өркениеттік серпіліс болып, ірі қалалардың саны көбейіп, сол қалалардағы ағартушылық іс-әрекеттер мен ой-мақсаттардың алтын қазынасы ретінде Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білігі» («Құтты білік»), Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани Хикмат» («Даналық кі-

табы»), Ахмет Йүгінекидің «Хибаул - халайық» («Ақиқат сыйы») және бүкіл түркі халықтарының тілін зергітеп, сөздігін жасаған Махмұт Қашғаридің «Диуани Лұғат ат-түрік» («Түркі тілдерінің сөздігі») сияқты ұстаздық еңбектер пайда болды.

XIII-XIV ғасырда «Кодекс Куманикус» («Қыпшақ тілінің сөздігі») және Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди», Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат - тауарих», Захириддин Бабырдың «Бабырнама» шығармалары мен жыраулар поэзиясының тарихтану және ағартушылық мәні зор болды.

Ежелгі, тасқа жазылған дастандардың тәрбиелік мәні. Ежелгі руна («құпия») жазуымен тасқа жазылған шығармаларды

халық қастерлеп, жадында сақтап, тәрбие ісіне пайдаланып отырған.

«Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныкөк» жырлары халықты бірлікке шақырып, жастарды ерлікке тәрбиелейді. «Күлтегін» жырындағы:

«Тізеліні бүктірдік, Бастыны еңкейттік. Еліміз қайта ел болды, Халқымыз қайта халық болды» - деген жыр тармақтары ерлік пен соғыс және бейбітшілік, тәуелсіздік туралы тебірене толғап, жастарды ерлікке, елді сүйуге тәрбиелеп тұр.

«Көне түрік қағанаты дәуірінде, дәлірек айтсақ, VIII ғасырда әрбір әрпі құлпы тасқа қашап жазылған, әрбір сөзі адамның жан жүйесін еріксіз тебіrentетін, әрбір шумағы астарлап айтылған ой толғаныстарына толы, қадым замандардан сақталып, бізге жеткен сөз патшасы бүгінгі оқырманына да әмірін жүргізеді оған эстетикалық ләззат беріп, ой мен сезім әлеміне жетелейді... Міне, осындай көркем сөз ескерткіштерінің бірі – ежелгі түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы Күлтегін (684-731 жылдар), оның ағасы Білге қаған (683-734 жылдар) және қағанның кеңесшісі Тоныкөк туралы тасқа қашалып жазылған әдеби жәдігерліктер» (Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті, 1-том, 1991 ж., 34-бет).

Күлтегін жырындағы әрбір сөз кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болып, тәрбиелік әсер ететіндей, тебіреніспен, тасқа қашалып жазылған. «Шырын сөз, асыл қазынасын беріп» сөз арқылы тәрбиелеу, «Әкем Қағанның әскері бөрідей бопты» деп, батылдық пен ерлікке үндеу, «кедей халықты бай қылдым» деп ел үшін еңбек етіп, ерлік жасауды уағыздау, «Бүгінгі түрік халқы мен бектері... менің сөзімді бұзбады» деп түрік халықтарын бірлікке шақыру – жырдың ең басты мақсаттары.

Күлтегін жырында «Таққа кіріп тарбектер» тақ үшін ғана қан төкпесін, «Тәңіріні төбесіне көтеріп» ақ жолда, әділетті, қамқоршы әкім ғана халықтың қасиетті «қағаны» болады деп, ұрпақты ұлағаттылыққа тәрбиелейді. Жырдағы «Тоныкөк – қағанның кеңесшісі,

ел қамын ойлаған ақылгөй, дана қарт. Сондықтан, оның монологында пернелеп, астарлап айтылатын нақыл-өсиет сөздер жиі қайталанып отырады» (Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті, 1-том, 49-бет). «Жұқа қалыңдаса, (оны тек) алып бүктейді. Жіңішке жуандаса, (оны тек) алып үзеді» деп, өсиет айтушы қарт ұрпақты бірлікке, ерлікке шақырады.

Жырдағы «Тағдырды тәңірі жасар, Адам баласының бәрі өлгелі туған» деген даналық тұжырымдар тірі жанның өлмейтіндей құлықтары, өмір заңдылықтарын бұзып, асылық жасауы – кісілік емес деп, келешек ұрпақты ақыл тоқтатып, сөз қадірлеп, өмірді байыптап, адамша өмір сүруге үндейді. Тасқа қашалып жазылған «Күлтегін», «Білге қаған» жырының негізгі мақсаты – болашақ ұрпаққа бедерлі белгі қалдыру арқылы, олардың тәлім-тәрбиесіне әрқашан да әсер ету, тарихқа тағзым етуді үйрету болып табылады.

Орхон жазба ескерткіштерінің бірі «Тоныкөк жыры» да Күлтегін жырына ұқсас. Жырдың бас кейіпкері Тоныкөк өзі туралы: «Ақыл иесі, сөз иесі - мен болдым» деп, жүйелі, қисынды, нағыз ақылды сөз ақылдан шығатынын, «Сөз иесі» болу үшін ақылды ойлы болу керек екенін уағыздайды: ақыл-ой тәрбиесіне ерекше мән береді. Адам алып жауларын ақылмен жеңетініне жыр көз жеткізе мысалдар келтіріп, ақылды адам арлы, абыройлы, жеңімпаз болатынын жыр етеді. «Тоныкөк» жырындағы: «Жұқаны бүктеу – оңай, Жіңішкені үзу – оңай, - деген даналық тұжырымдар жастарды сергектікке, ерлікке, бірлікке үндейді. «Қол қосылса, күш өсер» деп, достыққа шақырады. Яғни «күш – бірлікте» деген мақалды түп негізін осы бір жыр тұжырымнан көреміз:

Ертеріс қаған үшін, Түркі Бөрі қаған үшін, Түркі Білге қаған үшін, Қапаған қаған үшін, Қызыл қанымды төктім, - деп, өз басының ерліктерін жырға қосу арқылы Тоныкөк жастарды ата тектің аруағын сыйлап, мұрасын қорғауға шақырады, ел үшін ерлік жасап, халық үшін қан төгуді, тарихты қадірлеуді уағыздайды.

Тасқа қашалып жазылған жырлар ежелден еркіндік аңсаған түркі халқының (қазақтың түпкі тегінің) бақытты өмір жайлы арман-қиялын, тәуелсіздік үшін ғасырлар бойы күресіп келе жатқан ерлердің қаһармандықтарын келер ұрпаққа үлгі-өнеге етіп, тәлім-тәрбиелік әсер қалдырды.

Тас жазу ескерткіштері тарихты танытып, тіл өнерін үйреніп, тарих тағылымдарынан тәлім-тәрбие алуға үйретеді.

Күлтегін жазуының авторы – Иоллығ-тегін Түрік қағанатының бұрынғы дәстүрін өз замандастарына тәлімдік мұрат етіп көрсетіп, Күлтегін қағанның елді ел еткен ерлігі мен даналығын болашақ ұрпаққа үлгі етеді. «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырларында тәрбиелік мәні зор қанатты сөздер, мақал-мәтелдер жиі қолданылады. (Мысалы: «Жұқаны бүктеу – оңай», «Жіңішкені үзу – оңай», «Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар», «Есіл көзден нұр тайса, бір көруге зар болар», «Өлімнен ұят күшті», т.б.). Жырдағы уағыз, өсиет, нақыл сөздер халықтық педагогиканың қастерлі, тәрбиелік құралы ретінде ауыз әдебиетіне сіңісіп кеткен.

Қорқыт ата – халық ұстазы. Қорқыт ата – халық қамқоршысы, ақын, күйші (қазақ музыкасының бастауы), дарынды данышпан. Ол қазақ жерінде (Қызылорда облысында) VII-VIII ғасырда өмір сүріп, көптеген жырлар мен күйлер шығарып, тәлім-тәрбиелік мәні зор өсиет қалдырған. Ұлы данышпанның қалдырған мұрасы «Қорқыт ата кітабы» аталып, дүние жүзіне тараған. «Қорқыт ата кітабының» бір қолжазбасы Германиядағы Дрезден қаласында, екінші қолжазбасы Ватикандағы (Италия) Аростолика кітапханасында сақталып келеді. Бұл қолжазба 6 жырдан құралған (жалпы толық қолжазба 12 жырдан тұрады).

1. «Қорқыт ата кітабындағы» **батырлық жырлар** арқылы ақын жастарды ерлікке тәрбиелейді, елін қорғауға, әділетті адал, мейірман азамат болуға баулиды («Бәмсі-Байрақ» жыры, т.б.).

2. Кітаптағы «Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді», «Есекке қанша жүген сал-

ғанмен ат болмас», «Анасыз қыз ақылға жарымас, әкесіз ұл сыйға жарымас», «Тәкаппарды тәңір сүймес», «өтірік сөз өрге баспайды», т.б. мақалдары арқылы оқушыны **адамгершілікке, әдептілікке, имандылыққа** тәрбиелейді.

3. Қорқыт ата: «ниеті құрыған әйел, нысапсыз әйел, кесір әйел» сияқты әйелдің түрлерін салыстыра сипаттап, **әйел-ананың қоғам дамуына** негіз болатындай ұлағатты болуын уағыздайды.

4. «Үйсін – Қожаұлы Секрек туралы жыр» деген шығармасында **әдептілік пен ерлік** әрбір жігіттің қасиеті болу керек деп уағыздайды.

«Қорқыт ата» кітабындағы жырлар (аудармада тек мазмұндары берілген) құрылымы жағынан қазақ эпостарының тектес сюжеттерімен бажайлас: әсіресе перзентке зар болған қарт ата-ананың қасіретті өмірі жиі қайталанатын («Дерсеханұлы Бұқаш туралы жыр», т.б.). Қорқыт жырларында әйел-ананың ақыл-ойы, ерге беріліп, ел үшін ерлік жасауы, ана абыройы қастерлене баяндалады. «Салар Қазанның үйін жау шапқаны жайындағы жыр» оқиғасындағы Қазанбектің әйелі – Бөрте қатынның жауға шабуылы, т.б.

Ана – ердің серігі, батырдың бағдаршысы, ұрпақтың ұлы анасы. Сондықтан, ананы құрметтеу, ананы аялау, ананың абыройын ардақтау – кісіліктің белгісі, ердің инабаты, ұлттың ұлағатты қасиеті деп біледі Қорқыт атамyz. Осы ойын жырларына өзек етіп, ұрпағын ананы ардақтауға баурайды.

5. «Дерсеханұлы Бұқаш туралы жырда» Қорқыт ата Дерсеханұлының әйелін құрметтейтінін, сол ананың ақылымен арманына жетіп, ұлды болғанын, ұлының бұқаны жеңіп, Бұқаш атанғанын, ханды көре алмаған нөкерлерінің қастандығын әке мен баланың бір-біріне деген мейірімді іс-әрекеттері жеңгендігін баяндайды. **Отбасында ең әуелі ананы** сыйлау, әкені құрметтеу, баланы сүю, яғни отбасы татулығы бақытқа жеткізетінін баяндау арқылы Қорқыт ата жыры мейірімділікке, қайырымдылыққа, сыйласуға тәрбиелейді.

6. «Қазанбектің баласы Оразбектің тұтқынға түскені туралы жыр» дастанында Қорқыт ата ежелгі ел басыларының ел қорғау үшін балаларын **батырлыққа тәрбиелейтінін өнеге етіп, Оразбектің ерлігін кейінгі жастарға үлгі етеді.** «Қорқыт дастаны жастарды соғыс өнерін білуге, ар-намысты жоғары ұстауға, ел басына күн туғанда тайсалмай жауға қарсы шығуға, ал жауды жеңе алмаған жағдайда намысты қолдан бермей, ел-жұрт үшін ерлікпен ажалға бас тігуге үндейді» (Н.Келімбетов).

7. **Атақты жырау ұлы күйші** оғыз - қыпшақ елінің данышпан ақылгөйі Қорқыт ата өзінің жырлары арқылы ұрпақтарын алауыздықтан аулақ болуға, еңбекті құрметтеуге, ерліктің қадірін біліп, батырлыққа бейімдейді.

Қорқыт ата жырында ерлік, әділеттілік дәріптеледі, асқан адамгершілік, ата-ананы құрмет тұту, уәдеде тұру, ел намысын қорғау, еңбек еткен адамды ардақтау уағыздалады, туған елін, өскен елін сыртқы жаудан жан аямай қорғаған ерлердің ерліктері үлгі етіп жырланады. Жырда қаһармандар қорқақтыққа, опасыздыққа, әділетсіздік пен зұлымдыққа қарсы күреседі.

Дүниетанымдық, тәлім-тәрбиелік мәні зор ұлттық (этностық) педагогикамыздың бастауы болып табылатын Қорқыт атаның жырлары мен өсиет сөздері, күйлері мен аңыз әңгімелері жалпы адамзаттық тәрбие ұлағаттарына үлкен үлес болып қосылады. Қорқыт ата – халық ұстазы болды. Әулие атамyzдың асыл мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қасиетті еңбегінің қадірін арттырып, қастерлей береміз. Өйткені, ол – этностық (ұлттық) тәлім-тәрбиенің алтын бастауы деп білеміз.

Қорқыт атаның нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні. Ажал уақыты жетпейінше, ешкім де өлмес. өлген адам тірілмес, шыққан жан кері келмес. Ер жігітке қара таудай мал бітсе, жияр, көбейтер, талап етер, бірақ несібесінен артығын жемес. Гүрілдей-шұбыра сулар тасыса, теңіз толмас. Тәкаппарлықты тәңір сүймес. Көңілі пасық ерде дәулет бол-

мас. Жат баланы қанша сақтасаң да ұл болмас. Ол ішіп-жер, киер де кетер, бірақ көрдім демес. Қар қаншама қалың жауғанмен – жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек – күзге бармас. Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел (дос) болмас. Ат қиналмай жол шалмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада болар. Жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары. ұлың өсіп жетілсе, ол от басының мерейі, бас-көзі. Атадан қалған малы болмаса, баланың күні қараң. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ.

Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Қап тауының арғымағын мінгізуден пайда жоқ. Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа берме, күшіңді сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы дос қылыштай кесіп түседі. Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық. Ат жемейтін ащы шөптің гүлденіп өспегені жақсы. Адам ішпес ащы судың жылға қуып ақпағаны жақсы. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. өтірік сөз өрге баспайды. өтірікші болғаннан, жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп, өмір сүргені де аз.

Сайдың шөбін жеген білер, түздің шөбін бөкен білер. Күн мен түннің келгенін бозторғай білер. ұлдың кімнен туғанын ана білер. Иесінің иісін ат білер. Жүктің ауыр-жеңілін есек білер. Беліне қай жерден арқан түскенін тең білер. Қолына қобыз ұстаған ұзан елден елге, бектен бекке барады. Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер. Қобызын сарнатқан жырауға думан керек...

Әл Фарабидің халықтық – педагогикалық еңбектері. Әбу Насыр әл Фараби (870-950) ірі сауда орны, мәдениет орталығы болған

Отырар (Фараб - Қарашоқы) қаласында туып, сонда білім алған, кейін Бағдат (Сирия) қаласында ұстаз болып, сонда жерленген. Түркі, парсы, араб тілдерінде сөйлей де, жаза да білген. Грекше, латынша, санскритше, т.б. тілдерді біліп, ертедегі грек тілінен араб тіліне көп еңбек аударған. Ғақлиялық (ғылымилық) бағыттың бастаушысы. Ғалымның ғылыми еңбектерінің саны жүзден астам (зерттеушілердің кейбіреуі екі жүзге тарта дейді). Оларды топтасқанда: астрономия, астрология, математика, логика, музыка, дәрігерлік ғылым, табиғат ғылымдары, социология – әлеуметтік ғылым, лингвистика – тіл ғылымы, поэзия – риторика, философия, педагогика. Ұлы ғалымның «Қайырлы қала адамдарының көзқарастары» атты еңбегі – ағылшынның атақты утопист-социалисі Томас Мордың еңбегіне негіз болған.

Ол Дамаск (Шам) қаласындағы медреседе сабақ беріп, ұлағатты ұстаздық еңбектер жазып, әлемдегі екінші ұстаз (Аристотельден соң) аталған. Оның ұлы шәкірттерінің бірі – Әбу Әли ибн (Сина Абирценна) болған. Әл Фарабидің педагогикалық пікірлерінен төмендегіше тұжырымдарды аламыз:

1. Ғылым туралы. Ғылымда әл Фарабидің «Бақытқа жету», «Ғылымдар тізбегі», «Ғылымдарды топтау» еңбектері ерекше үлкен орын алады. Ол ғалымдардың бәрінің еңбектерінің мәнін анықтап, мәнісін жіктейді. Мысалы, ол математиканы жеті тарауға бөледі: арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, статика, механика – әдіс-айла жөніндегі ғылым.

«Музыканың ұлы кітабы» деген еңбегінде ол музыка, акустика мәселелерін жан-жақты талдап, дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы жайында соны пікірлер жазды, музыка теориясын жаңадан қалыптастырды.

Ол «Теориялық арифметикаға қысқаша кіріспе», «Риторика», «Софистика», «Поэтика», «Логика», «Этика», «Метафизика», т.б. көптеген оқулықтар, ғылыми трактаттар жазды. Оның оқулықтары мен ғылыми еңбектерін Әбуәли Ибн Сина, Әбурайхан Бируни, Омар Хайям сияқты шығыс ғұламалары,

Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи тәрізді еуропа ғалымдары да көп пайдаланған.

2. Оқу, білім туралы. Ол оқу, білім алу, ғылым адамы болу адамгершілік және тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты деп көрсетеді. «Ғылымды үйрену үшін адамның арының тазалығы қажет» дейді ұлы ұстаз.

Ол тәрбие әрекетінде қатты әдіс (қатаңдық) пен жұмсақ әдісті (жұмсақтықты) ұштастыра білуді ұсынады.

Ол оқыту дегеніміз – үйрету, дағдыландыру, әрекеттендіру дейді. Ал білім беру – ғылым теорияларын іске асыру әрекеті дейді.

Тәрбиелеу – жеке адамның кісілігін қалыптастыру деп көрсетеді.

3. Оқыту әдістері туралы. Әл Фараби оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік деп көрсетеді. Сөйтіп көрнекілік әдісінің мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Ол оқытудың әдіс-тәсілдерін айқындап, оны пайдалануға ұсынған методист-педагог (ғылымды үйрену, үйрету реттерін тізгілеп, үйренуші қабілетіне әсер ету тәсілдері, т.б.). Үйретуде түсініктілік, лайықтылық тәсілдерін қолдануды уағыздайды («Музыканың ұлы кітабы», «Алмагеске түсініктеме», т.б.).

Ол «басқалардың айтқанын иемдену – нағандықтың ісі, опасыз адамның қылығы» дейді.

4. Тәлім-тәрбие туралы. Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық игіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз.

Адамның өз ожданы алдында адал, шыншыл болуы – адал, өзіне-өзі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізетті болуынан ғана туады.

Адамның әуелден тоқымашы... болып тумайтыны сияқты қайырымдылық пен жаман қылық та әуел бастан жаратылысынан дарымайды. ...Сөз жүзінде емес, мінез-құлықты іс жүзінде шыңдау арқылы іске асыруға болады.

5. Денсаулық туралы: ...Егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса, онда денді сауықтыру керек.

Егер тән ауырса, көңілдің күрт түсуі – табиғи құбылыс. Сондықтан, алдымен сазды әуеннің әсерімен көңілді сергітеді. Осының арқасында дене біртіндеп сауыға бастайды.

6. Еңбек туралы. Тиісінше еңбек ету денеге күш береді, ал шектен тыс артық немесе жеткіліксіз еңбек күшті қайтарады немесе әлсізді әлсіз халінде қалдырады.

...Адам кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді... Жұмысты неғұрлым жетік және жақсы аңғарса, білгір және шебер болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, содан рахат табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады.

7. Поэзия және музыка туралы. Әл Фараби поэзияны «сезімді сиқырлайтын болмыс» деп, оның тәрбиелік мәнін жоғары бағалайды. Поэзияның үйлесімділігі, қисындылығы, еліктіргіштігі тыңдаушының пайымдауымен сәйкес келсе, оның құдіретті қуаты адам санасының арайлы сәулелерін молайта түседі.

Поэзиялық туындының әсерлі де, көркем болып шығуы үшін, акын фабула (оқиға желісі) мен өлшем арасын және поэзияның түрлерін, жанрлық қасиеттерін жақсы білуі керек, - дей келе, поэзияның: трагедия, дифирамбы (мадақтама), комедия, ямб (нақыл), драма, эпос, диаграмма (сактандыру), сатира, поэма, риторика (шешендік сөз), амфигоноссос (жаратылыс бейнесі), акустика сияқты түрлері бар екенін айтады.

Ұлы ғұлама «ақындарды үш топқа бөлген абзал» дейді: а) табиғи дарынды акын поэзияның барлық жанрын игеріп, тамаша теңеулер мен керемет бейнелеулер арқылы «жүрекке жылы» отты жырлар шығарады; ә) екінші топтағы ақындар – өлең өнерімен толық таныс. Олар үйреніп, пайымдап, қорытындылап, түзетіп, түрлендіру арқылы поэзияны жетілдіре түседі; б) үшінші топтағы ақындарға «еліктеушілер» жатады. Еліктеушілер, көбінесе, ерекше себептер мен жағдайларға байланысты өзі толық білмейтін тақырыптарға ұрынады. Ал, «ғажап поэзия еркіндікте тумак», - дейді.

Ол поэзияның ең қуатты құралы - теңеу дей келе: «Теңеу де өз көркемдік дәрежесімен

ерекшеленеді, оны қосымша кейіптеу арқылы суреткерге тән тәсілмен ұқсастыру - әрбір ақынның шеберлігіне байланысты» деп тұжырымдайды.

Музыка ғылымының негізін қалаушы әл Фарабидің әрі күйші де екенін дәлелдейтін аңыздар бар. Ғұламаның күйшілік өнері туралы Мағжан Жұмабаевтің «Түркістан» деген өлеңінде:

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын?
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?! -
деп жырлайды.

Тарих мәліметтерінде қобызды алғаш жасаушы – Қорқыт ата, домбыраны алғаш жасаушы әл Фараби екендігі айтылады.

Ғалым музыканы математикамен байланыстырды. Өйткені музыка әлемі - қасиетті жеті сатыға, сегіз өлшемге тән. Ол: «Музыканың негізгі мақсаты адамның эстетикалық қажетін қанағаттандыру. Бұл поэзияға да ортақ қасиет, өйткені тіл мен музыка тілі бір-біріне етене қатысқан кезде музыканың әсерлігі арта түседі... Музыка өзінің байсалдылығынан айрылған адамды түзетуге, қызба адамды қалпына келтіруге, байсалды адамды ылғи да бір қалыпта ұстауға құдіреті жетеді», - дейді.

Әл Фараби адамның бақытқа жетуіне қажетті үш нәрсе: денсаулық, еңбек, білім жеке адамның адамдық бейнесінің негіздері деп көрсетеді. Оның философиялық тұжырымдары - бүкіл әлемдік философия ғылымының негіздері болды.

Ұлы ғұлама әрі ақын да болған. Оның туған жерге, туған елге арналған сағыныш сазды өлеңдері қазақ поэзиясының арғы тегіндегі ұлттық колориттерімен ерекшеленеді.

Әл Фарабидің әлемге әйгілі ғылыми еңбектерімен қатар оның шығармашылық-поэтикалық еңбектері, тәлім-тәрбие, ұстаз бен шәкірт, оқу және оқыту туралы пікірлері қазақ халқының ұлттық (этностық) педагогикасының (тәлімдік ғылымның) мөлдір бастауы екенін жоғары бағалап, оның тәрбиелік, білімдік қуатын мәңгі пайдаға асыру

- ұлағатты ұстаздар мен ізденімпаз шәкірттердің міндеті.

Әл Фарабидің әлеуметтік – этикалық тұжырымдары.

I. Бақыт жолын сілтеу:

Бақыт - әрбір адам ұмтылатын мақсат. Игіліктердің ішінде бақыт – ең үлкен игілік. Әрекеттер адамның өзінің ықтиярлығына, таңдауына негізделген болса, ол бақытқа жетеді. Ол мінез-құлық сапасына да байланысты. Жақсы мінез-құлыққа жеткізетін әрекеттер – жақсы әрекеттер.

Бақытқа жеткізетін әрекеттер: ержүректік, үнемшілдік, нәпсіге ұстамдылық, сөзге тапқырлық, адалдық, қайырымдылық.

Жаман мінез – рухани кесел. Әрбір Рахат белгілі бір әрекеттерден туады.

II. Азаматтың дүниетанымы жөнінде:

Денелер алты текке бөлінеді: 1 - аспан, 2 - ақыл-парасатты жануарлар, 3 - ақыл-парасатсыз жануарлар, 4 - өсімдіктер, 5 - минералдар, 6 – төрт негіз (күн, жер, су, ауа). Әрбір азамат осы негіздердің қасиеттерін білу керек. Яғни дүниетанымын, білімін арттыру керек.

III. Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері:

1. Жанның да өзіне тән денсаулығы, науқасы болады.

2. Адамның игі қылықтары – ізгілікті қасиеттер.

3. Денені емдеуші – дәрігер, ал жанды емдеуші – мемлекет қайраткері.

4. Мемлекет қайраткері – бүкіл өмірді емдейді.

5. Материя – шындықтағы төсек.

6. Жанның басты бөлшектері мен күштері: а) нәрлендіру, ә) түйсіндіру, б) елестету, в) ұмтылу, г) ақыл-парасат.

7. Қайырымдылық, әдептілік, мемлекет қайраткерінің басты қасиеті болу керек.

8. Ұстамдылық – әрбір қайраткердің негізгі қасиеті болу керек.

9. Игілікті әрекеттер арқылы, қайырымдылық, қамқорлық жасаушы басшы ғана ұлы құрметке ие болады. Жақсы әкім басқару өнерін әрдайым қолдануға қабілетті болады.

10. Басшы да практикалық (іс-әрекеттік) ақыл-парасат, пайымдағыштық, әдепті қайырымдылық, айқын пікір, тапқырлық, ойшылдық, іскерлік, зеректік, шешендік, қиялшылдық, т.б. игі қасиеттер болу керек.

11. Нағыз әкімде: даналық, асқан пайымдағыштық, қалтқысыз сендіру қабілеті, өте жақсы қиялдау қабілеті, басшылық қабілеті, әділеттілік, батылдық қабілеті болу керек.

12. Басшының ақиқат – көкейтесті мақсаты болу керек.

13. Бейқамдылық – сәтсіздікке бастайды, сондықтан, басшы бейқамдылыққа қарсы күресе білу керек.

14. Бақытқа жету жайында: бақытқа жеткізетін, негізінен, денсаулық, еңбек және білім.

Білімнің алғы шарттары: тексеру, зерттеу, үйрену.

Бақытқа жеткізетін ізгіліктер: 1 - теориялық ізгілік, 2 - ойшылдық, 3 - этикалық ізгілік, 4 - практика (әрекеттік), өнерді қалыптастыру.

Болмыстың 4 бастамасы болады: 1 - зат, 2 - не, 3 - неліктен, 4 - заттың қалай дамығандығы туралы (қалайша?).

Үйрету – халықтардың бойына теориялық ізгіліктерді дарыту, тәрбиелеу - білімге негізделген этикалық әдептілік, ізгіліктермен өнерлерді дарыту. Ерікті түрде тәрбиелеу өнері өте-мөте көп күш керек етеді. «Әкім» деген есім билік пен қуаттылықты көрсетеді. Сондықтан ол батыл, жігерлі болу керек.

Әл Фарабидің философиялық тұжырымдарынан:

I. Философияны үйренуден бұрын нені білу керектігі туралы:

бірінші - философ ғалымдар мектептерінің атын білу;

екінші - Аристотельдің әрбір кітабының мақсатын білу;

үшінші - философияны зерттеуге негіз етіп алынған ғылымды білу;

төртінші - философияны зерттеу мақсатының маңызын білу;

бесінші - философияны ұғынғысы келген кісінің дұрыс жолды таңдап ала білуі;

алтыншы - Аристотельдің әрбір кітабының тіл ерекшеліктерін білу;

жетінші - өзінің кітаптарын Аристотель не себептен тұспалдап жазғанын білу;

сегізінші - философиядан білігі бар адамның қандай күйде болуға тиіс екенін білу;

тоғызыншы - Аристотельдің кітаптарын зерттегісі келетін адамға қажетті нәрселері.

II. Философиялық ағымдардың атаулары туралы: 1 - философияның белгілі бір саласы уағыздаушының атымен аталады, 2 - оның қаласының атымен аталады, 3 - ол дәріс берген жердің атымен аталады, 4 - оның тіршілік салтымен аталады, 5 - философияның ізбасарларының көзқарастары бойынша аталады, 6 - философияны зерттеуді көздейтін мақсатымен аталады, 7 - философиямен қатар жүргізетін іс-әрекеттерімен аталады.

III. Аристотельдің мына кітаптарын философ жақсы білу керек: «Аспан денелері туралы», «Хайуанаттар туралы», «өсімдіктер туралы», «Жан туралы», «Түйсікпен түсінілетін заттар туралы», «Силлоизмнің терминдері туралы», «Дәлелдеме туралы», «Шешендік өнері туралы», «Дидактика мәселелері туралы». Зерттеу негізінде маңызды нәрсені ажырату керек, зерттеуге қисын (логика), силлоизм (салыстыру), түр (категория), дәлелдеме қажет.

IV. Интеллект (пайымдаушы) сөзінің мағынасы жайында:

Интеллект - парасатты адам (ойшыл) парасатшыл, оны құптаушы. Ойшыл жанның қабілеттілігі оның дәлелдеуіне байланысты. Интеллект адамның қасиеттері: 1 - ойы мәнді, 2 - ойы нақты, 3 - біліктілік жүре келе дарыған, 4 - әрекетшіл, әмбебап адам.

V. Ғылымдардың классификациясы туралы.

Тіл және оның бөлімшелері:

Жай сөздер, сөз тіркестері, дыбыстар:

Логика және оның бөлімшелері:

Пікірлер мен дәлелдер, анықтаулар.

Математикалық шеберлік әдістері: арифметика, геометрия, оптика, музыка т.б.

пәндерді оқытудағы тиімді әрекеттер.

Азаматтық ғылым және оның бөлімшелері.

Табиғат ғылымдары және тәңірлік ғылым.

Азаматтық ғылым және дін:

Әмбебап заңдар, азаматтық істер діни сенімді қорғау әдістері т.б.

VI. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактаттар (тұжырымдар). Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Мухаммед ибн Тархан Ибн Уздағ әл Фараби ат Турки былай дейді: *Қайырымды қала тұрғындары мына сөздердің мәнін жақсы білуі керек: алла, періште, жұлдыз, жер-ана, сөз, тіл, адам, жан, қоғам, бақыт, надандық, әділдік, көнбістік және осы сөздерге байланысты игі іс-әрекетке қайырымдылар батыл болуы қажет.*

Махмұд Қашғаридың ұлттық тәрбие туралы ойлары. Махмұд Қашғари - II ғасырдағы түркі ғалымы. «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») атты кітабы арқылы өз заманының аса білімдар тіл маманы, тарихшысы, этнографы, географы ретінде танылды. Түркітану тарихында ол тұңғш тарихи-салыстырмалы әдісті қолданып, түркі тілдері тарихи диалектологиясының негізін салды. Оның мәліметтерінен түркі тайпаларының (соның ішінде қазақтардың) II ғасырда отырықшылыққа көшіп, қала мәдениетін қабылдағанын көреміз.

Ол сол заманғы түркі тайпаларын географиялық орналасу ретімен батыстан (Румнан) шығысқа (Чинге) қарап санап көрсетеді және олардың орналасу картасын береді. Жеке тайпа тіліне тән сөздерді түсіндіру үстінде этнографиялық, тарихи, географиялық мәліметтерді де келтіріп отырады. Оғыз тайпасының ұсақ руларына дейін атап көрсетеді, олардың әрқайсысының қолданатын таңбаларын айтады.

Қашғари кітабындағы мысал ретінде келтірілген батырлық, ерлік, күрес жырлары, дидактикалық сарындағы өлеңдер ұрпақты ерлікке, оқу-білімді үйренуге, өнерге, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Кітапта мысалға келтірілген табиғат туралы,

аңшылық туралы өлеңдермен тұрмыс-салт жырлары, жинақтағы мақал-мәтелдер («Кісі аласы - ішінде, жылқы аласы - сыртында», «Құс қанатымен, ер атымен», т.б.) ежелгі тәлім-тәрбиелік, ағартушылық нұсқаулардың құнды негіздері болып табылады.

«Танғұттарға қарсы күрес жырлары» атты шығармада халықтық тәлім-тәрбиенің негізі етіп ерлік тақырыбында ерлердің жеңіске жетуі ерлікте ғана емес, бірлікте екенін қастерлей баяндайды. Танғұт ханы Катунсинді жеңу үшін ерлердің ерлігі, елдің елдігі қажет болады, бірлескен елді «ұлы тәңірім жарылқады» дейді. Жаудың жеңілуіне себепші болған жағдай оның менмендігі, мақтаншақтығы болды деп, жырдағы идея, дандайсудың, даурықпаның елге зияны, ерге - зақым екенін дәлелдеу болып табылады.

«Алат ер Тұңғаны жоқтау» сияқты шығармалар - халық педагогикасының «өткеннен өнеге алу» мақсатын орындайтын поэтикалық шығарма ретінде ұлттық (этностық) тәлім-тәрбие ісіне мәңгі әсер ете берері сөзсіз. Ер Тұңға түріктің алып батыры, ақылшысы еді, ол тағдырға - ажалға қарсы тұра алмады, оның артында қалған ұрпағы атасының рухын ардақтап, жолын қууға міндетті, өйтпесе, «ынжық, жауыз тірілер, елдің тағдыры мәнсіз болар» дейді.

Түркі тіл ғылымының негізін қалаумен қатар, халық педагогикасының тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, оның мәйектерін кейінгі ұрпаққа кітап беттерінде қалдырған ғұламаның ағартушылық ойлары, еңбектері ұшан-теңіз болуы мүмкін, ал бізге жеткен бір кітабының өзі біздің халықтың ұлттық тәлім-тәрбиесінің арғы тегін көрсететін құнды дүние. Оның тәлім-тәрбиелік маңызы арта береді.

Жүсіп Баласағұнның тәлімдік еңбектері. Түркі тілдес халықтардың XI ғасырдағы аса көрнекті ақыны, есімі бүкіл шығыс елдеріне мәлім болған данышпан ойшыл, шежіреші ғалым, белгілі қоғам қайраткері Жүсіп Баласағұни XI ғасырдың басында (шамамен 1015-1020 жылдары) Баласағұн қаласында (Шу өңіріндегі Ақтөбе қазбасы) дүниеге кел-

ген. Ол табиғаттану, математика, астрономия, тарих, араб-парсы тіл білімі, т.б. толып жатқан ғылым салаларын жете меңгерген ғұлама-ғалым.

Жүсіп Баласағұнидің ғалымдық, ұстаздық, ақындық еңбектерінен бізге жеткені «Құтадғу біліг» («Құтты білік») дастаны. Дастан 6520 бәйіттен (екі жолды өлеңнен) тұрады. Бұл кітап бүкіл түркі тілдес халықтарға түсінікті ортақ тілде жазылған. «Бұл дастан - мемлекетті басқару әдістерін, адамгершілік нұсқаларын, қоғамдық-саяси мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптар нормасын қамтыған, энциклопедиялық дәрежеде жазылған көркем туынды» (Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті, 1-том, 159-бет). Кітап 1971 жылы өзбек ғалымы Каюм Каримовтың анықтамасымен Ташкентте, 1986 жылы қазақ ақыны Асқар Егеубаевтың қазіргі қазақ тіліне келтіруімен Алматы қаласында жарық көрді.

«Құтты білік» дастанында (ол 85 тараудан тұрады), негізінен, **төрт салада** тәлімдік мақсаттар орындалады. **Біріншіден**, әрбір елді, яғни мемлекетті басқару үшін сол мемлекеттің қара қылды қақ жаратындай **әділ заңы** болу керек. Әділ заңды іске асыратын, мемлекеттің **әділетті басшысы** болу керек. Ақын әділетті басқарушының бейнесінде **Күнтуды** патшаны дастанда мадақтай жырлайды. Елді әділ заңмен әділетті басқару үшін елдің басшысы білімді болу керек дейді ақын. **Екіншіден**, елге құт, ерге бақ-дәулет қону үшін әрбір адам **адал еңбек** ету керек, білімдіні құрметтеп, тірлік еткенмен бірлік құрып, іс істеген адам ретін тауып басшыға, үлкенге, елге қымсынбай қызмет ете білген адам - бақытқа жетеді дейді ақын. Бақ-дәулетке жетудің үлгі-өнегесі дастанда **Айтолды** бейнесі арқылы беріледі. **Үшіншіден**, адамның адамдығы оның **ақыл-парасатымен** бағаланады, ақылды адам әрқашан да ардақты, сыйлы, білімге құштар деп, ақын ақыл-парасаттың қоғамдық мәнін уәзірдің баласы **Уғдүлміш** бейнесінде көрсетеді. **Төртіншіден**, ел басшысынан бастап барлық адамда **қанағат-нысап** болу керек дей-

ді ақын. Дүниеге тоймайтын, қанағатсыз адам елді басқара алмайды, ал жай адамдар бақытты, байыпты өмір сүре алмайды. Қанағатшылдықтың өзі - ақылдылық деп түйеді ақын. Дастанда уәзірдің туысы **Одгүрміш** дәруіш арқылы ақын әрі ақылды, әрі іскер, әрі білімді адамның дүние қуып, мансап іздеуден аулақ қашып, өмірінің соңында дәруіш болып кеткенін суреттейді. Дастан қаһармандарының сөздері, әңгімелері, хат алысулары арқылы данышпан ұстаз өсиет-уағыздарын, моральдық, этикалық, философиялық ой қисындарын оқырмандар қабілетіне шебер жеткізеді. «Ақын ел басқарған патшадан бастап, аспазға дейінгі барлық хан сарайы қызметкерлерінің түр-сипаты, мінез-кұлқы, ақыл-парасаты, міндеттері, жауапкершілігі қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады»... «Автор әңгімені әмірші патшаның» өзінен бастайды. Ел-жұртты басқаратын адам - ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, өнер мен білімге жетік, қолы ашық, пейілі кең, кек сақтамайтын болуы шарт. Білім мен өнерден құралақан жандар әділ билік жүргізе алмайтынын айтады» (Бұл да сонда). Бұл ретте Жүсіп Баласағұн әлемнің Екінші ұстазы **әл Фараби бабамыздың «Қайырлы қала»** деген еңбегіндегі ел басқарушының, яғни әкімнің қандай болуы керек екендігі туралы қисынды тұжырымдарын жалғастырып, дамыта түседі.

Ақын **ұлттық әдепке**, әсіресе тіл әдептілігіне ерекше назар аударып: «Тіліңді бақ, басың аман болады, Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады», - деп, жақсы мінез-кұлық, әдептілік, кішіпейілділік ең алдымен адамның тәлім-тәрбиесіне байланысты болады да, оның көріністері әрбір адамның сөйлеу тілінен, дауыс ырғағынан байқалып қалады деген пікірді айтады. Әдепті адам мәнерлі, мәнді, сыпайы сөйлейді дейді.

Ақынның бәйіттері (егіз ұйқасты екі тармақтан құралған немесе 4-6 тармақпен түйінделген өлең шумақтары) көркемдігі жоғары, әуезді, шешендік шеберлікпен жазылған. Ақынның әрбір бәйігі жеке бір тәрбиелік мақсаттарды орындайды:

1. **өскен елді туған жерді ардақтау:** өскен ұрпақ туған жердің бойында, өледі тек туған елдің қойнында. (883-бәйіт)

2. **Әділеттілік туралы:** Есте сақта, сөзімді қабыл ет те, Пайда - мінез, ұят пен әділетте. (1630-бәйіт)

3. **Сарандық туралы:** Дүние мүлік жинадың кенелдің бе? Оны ешкімге қиманың, жемедің де. Тартып оның азабын өлістің де: Дүниеден ажалың білесің бе? (1645-1646-бәйіт).

4. **Еңбек туралы:** Көз берді алла зат көріп құндау үшін, Құлақ берді үн естіп, тыңдау үшін, Қос қол берді тірлікпен тынбау үшін, Аяқ берді бос қарап тұрмау үшін. (3599-3600-бәйіт)

5. **Ата-ананы құрметтеу туралы:** Ата-ананың қабылдап қасиетін, Ардақтай біл атқарып өсиетін. (1486-бәйіт)

6. **Ғылым мен білім туралы:** Жастай түссең пәк ғылымның жолына, өмір бойы бақыт сенің қолыңда. (1593-бәйіт).

7. **Ақылды дос туралы:** Ақылдыға қосылсаң, бақытты боп өтесің, Төрт құбылаң түгел боп, арманыңа жетесің. (4497-бәйіт).

8. **Меймандостыққа, кеңпейілділікке тәрбиелеу:** Туыс досқа пейіліңмен ерсең мәзір асыңды, Олар сені құрметтеп сыйлап өтер басыңды. (4649-бәйіт)

9. **Менмендік туралы:** Менменшілдік - есуас надандығың, Ит өліммен байқалмас адамдығың. (3480-бәйіт)

10. **Дүниеқорлық туралы:** Тарпейіл боп, дүние қуса кімде-кім, Тауқыметін тартар оның күнбе-күн. (3495-бәйіт)

Қазақ халқының әріден бастау алатын ұлттық (этностық) педагогикасынан өз орнын алатын Жүсіп Баласағұн бабамыздың тәлім-тәрбиелік ойлары, өсиет-өнегелері өз құндылығымен ұрпақтан-ұрпаққа тәлімдік қуатымен жетеді. Құтты білімді құрметтей қабылдап, оның асылдарын ала білетін ұрпағымыз Баласағұнның бар дүниесін қастерлей беруі ләзім.

Ахмед Иүгінекидің тәрбиелік өнегелері. Ахмет Иүгінеки (Ахмет Махмұтұлы Жүйнеки) XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасыр-

дың басында өмір сүрген өз заманында асқан білімпаз, ғұлама оқымысты болғандықтан «Әдиб Ахмет» (оқымысты, жазушы Ахмет) деп аталған, есімі өз кезінде бүкіл ұлан-ғайыр Қарахан мемлекеті түркілеріне белгілі болған данышпан кісі, яғни **ақындардың ақыны, даналардың көш басы**.

Ғұлама ақын Сыр бойындағы белгілі қалалардың бірі Жүйнекте (қазіргі Шымкент облысы, Түркістан ауданы) туып, өскен. Жасынан зағиптық меңбатын тартқан кісі.

«Ғауһардан сөз теретін, одан ешкім озбады» деген халық аузында қалған сөз, ақынның асқан дарынды екенін дәріптеуден шыққан. Ақынның біздің заманымызға жеткен «Хибатул - хақайық» («Ақиқат сыйы») атты кітабы - тәлім-тәрбие, адамгершілік, білім, кісілік туралы өнегелерді өлең өрнектерімен айтып, ұрпақты ұлағаттыққа тәрбиелейтін аса құнды, данышпандық ойларға толы даналық мұра. Кітаптың аты араб тілінде қойылғанмен, ондағы өлеңдер орта ғасырдағы түркі тектес халықтардың көбіне түсінікті болған Қараханид түркілерінің тілінде жазылған. Түрік ғалымы Рашит Арат Рахмат дастанның толық текстін әзірлеп, оны латын әрпімен кітап етіп шығарды. **«Ақиқат сыйының»** прозалық және поэтикалық аудармалары қазіргі қазақ тілінде де жарық көрді (Ахмет Иүгінеки. Ақиқат сыйы, Алматы, 1985 ж.).

Бұл даналық шығармада ақын тәлім-тәрбиенің негізі - адам болуға, кісілікке тәрбиелеу екенін баса көрсетіп, ол үшін әрбір адам оқып, білім алу керек деп бастайды.

Айтайын білім жайын, құнты бар бол, Ей, достым, білімдіге ынтызар бол, деп ақын білімсіз, надан адамның адамдық бейнесі болмайтынын басып айтады. Халқымыздың «оқу - инемен құдық қазғандай», «Оқу - білім қазығы, білім - өмір азығы» деген мақалы осы бір отты қайнар көзінен туындаған болу керек.

Ұстаз ақын халықтық **әдепті өмір құбылыстарынан жоғары қояды** да, әдептілік сөйлеуден, сөз қолданыстан көрінетінін ескертіп, әдепті сөйлеу үшін тіл мен ой-сананың жетіктігі керек екендігін уағыздайды:

Әрқашанда әдеппен Қысқа сөйлеп әдеттен. Байқап шығар үніңді, Тарта сөйле тіліңді, - дейді. Ақын «Оқ жарасы жазылар, тіл жарасы жазылмас» деп, әдепті сөйлемеген адам көңілге қаяу, жүрекке жара салатынын қатаң ескертеді. Халқымыздың «таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деген мақалының түп сәулесі осы бір маржан сөз нақысынан туындаған сияқты.

Тілді безеп тасыма, Тілің дұшпан басына, - деп ақын мылжыңдық, езбелік, мақтаншақтық, бөспелік, қияңқы сөз бен қыршаңқылық адамға зиян екенін ескертеді, оқушысын білімді, қисынды, инабатты, мейірімді - әдепті сөйлеуге үндейді. Сөйтеді де жақсы сөз өлмейтінін, есте қалатынын:

Ахмет Әдиб - атым, үлгі – сөзім, Қалады мұнда сөзім, кетем өзім, - деп дәлелдейді. «Ақынның өзі өлсе де сөзі өлмейді» деген халық мақалы, «өлді деуге бола ма айттыңдаршы, Артында өлмейтұғын сөз қалдырған» деген Абай сөзі Жүйнекидің отты ойларының жалғасы. Ақын тіл туралы айтқанда, сөз өнерін жоғары бағалайды. Сөз өнерінің биік шыңын біз Абайдан көреміз.

Жүйнеки әдептіліктің бір белгісі - жомарттық деп, жомарттықтың асыл қасиет екенін дәріптейді:

Жұмсармас иілместі жомарт иер, Мұрат та қол жетпейтін бұған тиер. Мақтайтын бақылдарды жан бола ма, Сақыны ағайын, ел бәрі сүйер, - дейді. Ақын жеке адамдардың мінез-құлқын жақсарту арқылы, оларды жомарт, мейірімді, білімді ету арқылы заманды да жақсартуға болады деп үміттенеді де, тәлім-тәрбиеге, білім беру ісіне ерекше көңіл аударады.

Тағы бір керекті сөз – айтам дастан, ұғын ал құлақ салын мендей дастан: Болып ал кішіпейіл өзгерместей Аластат тәкаппарлық ойды бастан, - деп ол тәкаппар, наң, өркөкірек мінезден аулақ болуды уағыздайды.

Дұшпандықты жоя біл, Жазықтыны кешіргін: Ақылға деп қоя біл, Ашу өртің өшіргін, - деп, ақын соңғы бір сөзінде жақсы мінезді қалыптастыру үшін әрбір адам өзін-өзі тәрбиелей білу қажет екенін өнеге етеді.

Жақсы мінездің қалыптасуы тәрбиеге, жеке адамды тәрбиелеуші оның тегіне (тектілікке) байланысты екенін:

Тегі асыл адамның Мінезі де сүйкімді, Тексіз бұзық наданның Жоқ болады сүйкімі, - деп тұжырымдайды. Мінез-құлықтың ең қасиеттісі – инабаттылық, қайырымдылық екенін қастерлеп ол:

Кемтарларды көңілдендірер ас бер де, Үлкендердің абыройын қастерле, -дейді. Халқымыздың меймандостық, үлкенді сыйлау дәстүрлері осындай тәлім-тәрбиеден сәуле қабылдап, қасиетімен қалыптасты.

Адамды бақытқа жеткізетін игі іс-әрекеттің нәтижесі - білім деп, сөз басын білімнен бастаған ғұлама, сөз аяғында адамның адамдығын көрсететін **асыл қасиет - өнер**, өнер оңайлықпен келмейді, ол дарынның көрінісі болумен қатар мехнаты көп еңбектің жемісі, шын өнерпаз адам өнер үйрену жолындағы қиындықтан қашпайды деп көрсетіп: өнерлі жан қиындықты көп көрер, өнер қуар, тірліксізді ол жек көрер, - дейді. ұлттық тәлім-тәрбиеміздің қайнаркөзі болып табылатын ұлағатты ұстаздық ойлардың арғы тегі данышпан Ахмет Жүйнекидің осы бір кітабынан да айқын көрінеді.

Ертедегі данышпан бабаларымыздың мұхиттай мол еңбектерінің шашырандысы іспеттес болса да, **«Ақиқат сыйы»** кітабы ұлы ойшылдардың ұлттық тәлім-тәрбиемізге бұдан былай да зор әсер ететін құнды еңбек екенін бағалай біліп, халықтық педагогикада да жалпы этностық (ұлттық) тәлім-тәрбиеде де оның алатын орны ерекше екенін көреміз. Тек бағалы дүниені байыптап, пайдалана білу әрбір ойлы, білімді адамның ісі. ұлағатты ұстаздар бұл баға жетпес асыл дүниені оқыту, тәрбиелеу ісіне шеберлікпен пайдалана білетініне күмән жоқ. Тек халқымыздың ұлттық дәстүріне лайықты деп, бұл еңбекті бөліп қарауға болмайды. **Бұл - бүкіл адамзаттық тәлімге қажетті** дүние. Шығыстың жарқын жұлдыздарының данышпандық ойларын бүкіл адамзат ардақтай білетіні кәміл.

Ахмед Яссауидің тәлімдік өнегелері. Түркі тілдес халықтардың Орта ғасырдағы

данышпан ақыны, сопылық әдепті үйретуші ғұлама, есімі ислам әлеміне белгілі болған әулие Құлқожа Ахмет Иассауи бабамыз Испиджаб (Сайрам) қаласында 1093 жылы туып (болжам бойынша), Яссы (Түркістан) қаласында 1166 жылы қайтыс болған.

Әулие ғұлама Сайрам қаласында туғанмен ержете келе Түркістан қаласында Бұхарада оқып, сол кездегі атақты шайықтар: Арыстан Баб және Жүсіп Хамаданилерден тәлім-тәрбие алған. Түркістанда сопылық - тақуалық бағытты берік ұстанып ұстаздық еткен. Ғұлама ақын кезінде (жахрия) (берілгендік), немесе «Яссауия» деп аталып кеткен сопылық-мистикалық ағымның негізін қалады.

Түркі тілдес халықтардың, соның ішінде, әсіресе қазақ халқының ұлттық (этностық) педагогикасында үлкен орын алған «Диуани хикмат» («Даналық кітабы») деп аталатын қасиетті кітап - ұстаз ақынның болжам бойынша есептелінген 4400 өсиетінің негізгі бөлімі. Мұнда берілген 149 өсиеті аса қымбат тәлім-тәрбиелік тұжырымдар дейміз.

Оғыз - қыпшақ (көне қазақ) тілінде жазылған «Даналық кітабы» Қазан қаласында (1887 және 1901 ж.), Стамбул қаласында (1901 және 1928 ж.), Ташкент қаласында (1902 және 1911 ж.) басылып шықты. 1990 жылдан қазіргі қазақ тілінде жариялана бастады. Ертеден еліміз ерекше мән беріп жаттап жадында сақтап, тәлім-тәрбиеге пайдаланып, пайғамбар сөзіндей пайымдап қадірлеген даналық сөздер жаңаша жаңғырып, өз қасиетін танытуда.

«Даналық кітабында» негізінен **төрт ғақлия** мадақталады.

1. **«Шарифат»** - ислам заңдары мен әдет-ғұрыптарының негіздері, яғни мұсылмандық жолын қастерлеп, соны тәлім-тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың жалпы адам баласының тәлімі екендігін жырға қосып, ақын адамгершілік тәрбиесінің асқан өнегесін көрсетеді.

2. **«Тарикат»** - сопылық ой-мақсаттарды насихат-өсиет ету. Яғни жыр өрнектері арқылы ұрпақты имандылыққа, шыншылдыққа, әділеттілікке, тазалыққа, адалдыққа тәрбиелеп, тақуалыққа үйрету:

Ғаріп, пақыр жетімдерді қылғын шадман, Күлдық қылып, ғазиз жанды еткін құрбан. Тағам тапсаң, шын пейілмен күткін мейман, Халықтан естіп бұл сөзді айттым, міне, - дейді ақын. Сөйтіп оқушыны мейірімділікке, қайырымдылыққа, қонақжайлылыққа тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін қалтқысыз айтады.

3. «**Мағрифат**» - дін жолын танып, оқып-білу, яғни алланың ақ жолын ардақтап, соған тағзым етіп, тағлым алу - адамгершілік парыз екенін әсерлі сөзбен, айшықты жырмен жеткізіп, ұрпақты ұлағаттылыққа, ыждағаттылыққа тәрбиелеу:

Ғаріп, пақыр жетімдерді әркім сүйер, Риза болар сол пендеге пәруәрдігер, - деп, ақын ғаріп, пақыр, жетім-жесірлерді сүйсең, оларға жақсылық жасасаң, алла-тағала (пәруәрдігер) саған риза болып, ісінді ондайды, мақсатына жеткізеді дейді. Сөйтіп ұстаз ақын оқырманға адамгершілік тәрбиесінің ең түйінді тұжырымдарын жыр арқылы әсерлендіре жеткізеді, алланың ақ жолы - адамгершіліктің шырағы екенін оқушы мен тыңдаушыға сезіндіре жырлайды.

4. «**Хақиқат**» – құдайға құлшылық ете білу, яғни бүкіл әлемді жаратушы құдіретті (алланы) танып-біліп, оған табыну, құдайдың құдіретіне сену - әрбір мұсылманның парызы екенін сөз құдіретімен түсіндіріп, ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу. «Иман нұры», «Хақиқат дариясы», «Ақиреттің азығы» арқылы адамның күнәдан таза болуына жол ашып беру мақсаттарын өлең қуатымен іске асыру:

Хақиқат дариясынан ішкен кісі өзі мұңлық, көңілі сынық, көзі жасты, - дейді ақын. Шыншыл, қамқоршы, мейірман ақын ел өміріндегі хақиқатты (шындық пен әділеттілікті) іздеп, көп жерде шыншылдыққа қиянаттың қырсығын көріп, мұзданады, көңілі сынады (көңіліне қаяу түседі), көзіне жас алады, сөйтеді де ұрпағын «хақиқат дариясынан сусындауға», әділетсіздермен күресе білуге шақырады, әділдікке, кісілікке, шыншылдыққа тәрбиелейді.

Даналық өсиеттері арқылы ақын жалған ғалымдар мен жағымпаздарды, екіжүзділерді қатты сынайды:

Білгірі заман ақыр залым болды, Жағымпаз жан алғыштар ғалым болды. Сойқанды елге ашық айта алмаудан Ішіме менің дертті жалын толды, - деп, ақын білгіштер білімін адамгершілік жолына жұмсамайтын залым болса, халықтың қаһарына ұшырайтынын, ал «жағымпаз, жан алғыш» болса, оның ғалымдылығының пайдасыз екенін әшкерелейді.

Әділетсіз залым патша болғаны-ай, Орда-сына өңшең қудың толғаны-ай. Бірін-бірі жиналысып, қолпаштап, Су төгілмес жүрғой бәрі жорғадай, - деп, отты сықақпен әділетсіздікті, залымдықты, қулық пен екіжүзділікті өткір сынайды, елдің ел болуы ел басшысына байланысты екенін ерекше ескертеді. Алла жолындағы адамгершілікке жат әділетсіздік, залымдық ел басшысында болса, онда бүкіл ел қасірет шегеді. Сол киелі, қасиетті елге жақсылық жасаған басшы ғана алланың сүйген құлы болады дейді ақын. Сондықтан да әулие ақын елге бас иіп, тәжім етеді:

Қожа Ахмет басыңды елге ие біл, Ақиқатты ары таза сүйе біл. Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен Халық қана дүниеге ие бұл, - деп, халықты қастерлеуге, ашкөзділіктен, қанағатсыздықтан, дүниеқорлықтан аулақ болуға тәрбиелейді, адам бойындағы ізгі қасиеттерді қастерлей мадақтап, оқырманды кішіпейіл, жомарт, мейіріманды, сабырлы, салауатты болуға шақырады.

Халықты сүйген ғашықтар мұратына жетті.

Жалған ғашық болып жүрме, ұят ойла, - деп, адал махаббат алла жолын, яғни адамгершіліктің, ақиқаттың жолын сақтайды, ондай ғашықтар арманына жетеді деп, неке тазалығы - адам өмірінің бақыты екендігін уағыздайды.

Ақын «иманын соқыр тиынға сатып кететін» табансыз талақтардың бұл дүниедегі орны - бақытсыздық, ол дүниедегі орны – тамұқ деп, қараниеттерді қатты сынайды, қаскүнемдер мен қастекілердің адамдық бейнесі болмайтынын өртеніп өкініп жырлайды да, кісілердің ондай опасыздардан сақ болуын ескертеді.

Ақылшы ғұлама ұстаз ақын, әмбеге аян әулие бабамыздың өсиеттері өскелең өмірі-

мізге өнеге, өсер өрендерімізге - тәлім, тәлім - тәрбие ісімізге – нұсқа болып қалды.

Сүлеймен Бақырғанидың тәлімдік өнегелері. Ақындығымен ардақталып, білімділігімен құрметке ие болып Хакім (білімпаз) ата атанған Сүлеймен Бақырғани Түркістан қаласында туып (туған жылы белгісіз), 1186 жылы қайтыс болған. Ол Құлқожа Ахметтің жолын қуған, оның аса берілген сопы мүриті. Ақын ұстазының үлгі-өнегесін жалғастырып, Бақырғани да дінді, алланың ақ жолын уағыздайтын өлеңдер жазған. Ақынның өлеңдер кітабы «Бақырғани кітабы» немесе «Ақыр заман кітабы» деп аталады. Ақын өлеңдерінде сопылық дәстүр дәріптеледі. Сонымен қатар ол насихат өлеңдері арқылы оқырмандар мен тыңдаушыларды адамгершілікке - имандылыққа тәрбиелейді, шын ғашықтықтың қадір-қасиетін жырлап, бакытқа жетудің бір жолы білім алу екенін уағыздайды. Ақынның діни (метикалық) аңыздарға сәйкес жазылған оқиғалы өлеңдері өсиетті өнегесімен оқырмандарды имандылыққа, қайырымдылыққа баурайды.

Сүлеймен Бақырғанидың сюжетке құрылған өлең үлгілері одан кейінгі қазақтың қисашыл ақындарының бұрыннан белгілі, аңыз болған оқиғаларды жаңғыртып айту (нәзирашылдық) сарындарына әсер еткен үлгі-нұсқа болды.

«Бақырғани кітабы» 1897 жылы Қазан баспасында жарық көрген болатын. Қазақтың қазіргі тіліне қайта жаңартып аудару ісі енді қолға алынып, ақынның өлең өрнектері ұлттық тәлім-тәрбиеміздің кәдесіне аса бастады.

Ақын ең әуелі еңбек тәрбиесін өлең өрнектерінің өнегелі өзегі етіп, еңбек ету үшін әрбір адам ерте тұру керек дейді:

Сәріде тұрғандар Қиындықпен күресе алар, Алладан үлес алар. Еріншектер жатып алар: Ел ризығынан қапы қалар, - деп, «Таңсәріден тұрмай ісің бітпейді», «Таңсәріден тұруды әдет қыл» дейді. Халқымыздың «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Ерте тұрған жігіттің ырысы бар, ерте тұрған әйелдің бір ісі бар» деген кейіннен қалыптасқан мақалдарының алғашқы,

көне заманғы ой бастауларын Баласағұни жырынан байқаймыз.

Иманыңның шамын жандыр, Рухыңды суға қандыр. Мұң-зарыңды есте қалдыр, Сәрі уақыты болғанда, - деп, ақын жан су-сындайтын жақсылыққа бел байлап, бет алуды, имандылықтың - яғни кісілік пен адамгершіліктің өтесіне шығудың әдепті әрекетін жасауды өсиет етеді. Мұң-зарсыз пенде болмайды, сол қасіреттен арылу үшін ерте тұрып әрекет жаса дейді. Ақын:

Әлемге нұр шашылады, Адам бағын асырады, Дәулет кені ашылады, Сәрі уақыты болғанда, - деп, адамның бакытты, бақ-дәулетті болуы, оның өмір тірлігіне құлшына кірісуіне байланысты екенін ескертіп, жалпы адам баласын жарық дүниедегі жақсылықты игеруге шақырады.

Сопылық сол міндетің: Парыз, уәжіп, сүндеттің Орындап ісін күнбе-күн Шарифаттың шырағын Көтеріп, ұста қолыңмен Жүр діндарлық жолымен, - деп, ақын діннің тәрбиелік мәнін жоғары бағалайды. Сопы болу – аллаға адал берілу. Алла жолын адамгершілік пен имандылыққа бастайтын жол деп, ақын сопылық парыз бен уәжіпті орындауға қатаң талап қояды.

Хакім ата сопылық - тақуалық зор адамгершілік қасиетті көрсетеді, әрбір адам өзінің адамгершілік қасиетін сақтау үшін, нәпсіге берілмей, қанағатсыздыққа қарсы күресе білу керек деп біледі:

Сопымын деп тасыдың, Пендесі болдың нәпсінің Боласың ғой сен пенде Ахиретте шерменде, - деп, нәпсісін жеңе алмаған адамның, ахиретте шерменде болатынын қатаң ескертеді. Шын мәнінде, өз нәпсісін жеңе алмаған адам адамгершілік қасиетін жойып алатынын өмір көрсетеді. «Күштімін деп мақтанба ақыл білсең, Күшті болсаң, өзіңнің нәпсінді жең!» деп, Баласағұниден сегіз ғасыр кейін айтқан Абай өсиетінен сол ерте заманғы данышпан бабаларымыздың өнеге-өсиеттерін дамыта түсіп, даналық шыңын көрсеткенін байқаймыз.

Ақын өз заманындағы жалған сопыларды: Нақыл айтып, күнә деп, өзін сопы деп

білдіреді. Дем салып, арқасын ұрып Бір нәрсені (қолына) ілдіреді. Иманын алмақ үшін, Шайтан күнә жасатады, Сөйтіп «сопы» шатасады, - деп, қатты сынайды. Алланың құлы болмай, құлқынның құлы болған күнәкарлар елді бүлдіретінін, тәлім-тәрбиені тәркі ететінін ақын ашына жырлайды.

Халқымыздың «дүние жолдас болмайды», «дүние қоңыз» деген сөз қисындары осы бір данышпандық ой түйіндерінен туған болу керек. «Дүние - жалған» екенін ақын:

Жан-тәнімді қинадым Мал-мүлікті жинадым, Ойран болды, өлгенде Кең дүниеге сыймадым, - деген өлең жолдарымен дәлелдейді. Ол әрбір адамның іс-әрекеті адамдық қасиетті сақтау үшін жасалуы қажет екенін, адамдық бейнені сақтау үшін әрбір іс-әрекет пен мінез-құлық құбылыстарының шегі болатынын:

Тәтті тағам жеп көрдім, Сауық-сайран өткердім: Қалпын ұқпай олардың Білместікті көп көрдім, - деп тұжырымдайды. Ақын өмірдегі «қанағат», «қалып», «шек» деген қасиетті ұғымдарды әркім естен шығармай адамгершілік «шектен» шығып кетпеуін ескертеді.

Жолына түсіп пасықтың, Мешіттен бекер қашыппын Надандармен дос болсам, Данышпаннан қашықпын, - деп, өкінген ақын, жас ұрпақты сондай содырлы қателіктерден аулақ болуға шақырады.

Бақырғани бабамыз дінді уағыздаушы ғана емес, ұрпақтарын адамгершілікке тәрбиелеуші тәлімгер ақын. Оның отты жырлары мен философиялық ойлары, өмір заңдылықтары туралы қисынды тұжырымдары қазақ халқының ұлттық (этностық) тәлім-тәрбиесінің бір өрнегі болып табылады.

Ұлы тәлімгер Мұхаммед Хайдар Дулатидың тәрбиелік тұжырымдары. Мұхаммед Хайдар Дулати (Хайдар Мырза) 1499 жылы Ташкент қаласында дүниеге келіп, 1551 жылы Үндістанда Кашмир уәлаятында қайтыс болған. Ол аса құнды «Тарих-и-Рашиди» тарихнамасы мен «Жаһаннама» дастанының авторы, асқан тәлімгер, ойшыл оқымысты, көрнекті әскер басшысы. Қазақтың Дулат тайпасынан шыққан қайраткер.

«Тарих- и Рашиди» (1541 жылы Кашмир қаласында жазылған) кітабынан көркем тілмен жазылған тарихи нақтылықтармен қатар, автордың асқан сыпайылығын, әдептілігі мен имандылығын, инабаттылығын, халық қамын ойлайтын кемеңгер ойшылдығын көреміз. Ол аталған шығармаларында қазақ халқының қонақжайлылық, меймандостық, жомарттық пен мырзалық қасиеттерін жоғары бағалап, болашақ ұрпаққа оны үлгі-өнеге етті.

Мұхаммед Хайдар Дулати бүкіл Әлемнің Екінші ұстазы аталған Әл Фарабиден кейін, оның данышпандық пікірлерін толықтырып, ел басқарушының қандай болуы керек деген сауалға **он түйінді** тұжырымды нұсқа етіп ұсынады:

1. Басшы әрқашанда өзі басқарып отырған елдің қатардағы азаматы санатында **қарапайым іскер болсын.**

2. Басшы қарауындағы адамдардың күнделікті **мұң-мұқтажын**, талап-тілегін ылғи да қанағаттандыру ісін жүзеге асырып отыруға тиіс.

3. Басшының киім киісі, тамақ ішуі, жүріс-тұрысы барынша қарапайым болып, басқалардан **ерекшеленбегені** дұрыс.

4. Басшы аз сөйлеп, көп тыңдасын, оның **жүзі – жылы, тілі – жұмсақ, ойы – байсалды** болсын.

5. Басшы кем-кетік, жарлы-жақыбай адамдармен жиі жүздесіп, пікірлесуге ерінбейтін, **барынша кішіпейіл**, қарапайым жан болуы қажет.

6. Басшыға елдің ішкі-сыртқы жауларының қауіп төндіретін тәсілдерін алдын ала болжай алатын **көрегендік, көсемдік қасиет** жарасады.

7. Ел басшысының **дін қайраткерлерімен** ауық-ауық ақылдасып, олардың батасын алып жүргені тиімді. Ал айналасында жүрген кейбір жылпос, жағымпаз, ниеті бұзық, кесепат адамдардан іргені аулақ салып, олармен әңгімедүкен құрудан бойын аулақ ұстағаны жөн.

8. Басшы – қол астындағы қара халыққа **барынша адал, әділ**, өтірік уәде беріп, көлгірсімейтін, кем-кетік мұқтаж адамдарға

шынымен жаны ашып, көмектесетін **қам-қоршы** тұлға.

9. Басшы айналасындағы уәзірлері мен көмекшілері қылмыс жасаса, халыққа қиянат көрсетіп, қатігез болатын болса, оларды барынша **қатал жазалауы** керек.

10. Басшы қандай нәрсенің жұртқа қолайсыз, тиімсіз екенін сезе қалса, тіпті мұның сәл-пәл белгісін байқаған заматта, оны тез аңғара алатындай алғыр да, **аңғарымпаз ақыл иесі** болуы – шарт.

Данышпан ғұлама әрбір адамның басында болатын жеті түрлі күнәдан сақ болуды уағыздайды. Олар: 1. Алланың мейір-шапағатынан күдер үзіп, оның қаһарынан қорықпау; теріс қылық жасауды әдетке айналдыру. 2. Әр түрлі құдайға, пұтқа табыну. 3. Біреуге жалған куәлік беру, ант ету; адал адамды қаралау, кісіні сиқырлықпен дуалау. 4. ұрлық жасау, біреудің жазықсыз қанын төгу. 5. Асты былапыт ішу, арақ-шарапқа әуестік, нәпсіқұмарлық. 6. ұрыс кезінде бас сауғалау. 7. Ата-ананы сыйламау, олардың тілін алмау.

Ұлы тарихшы тарихи тұлғалар туралы мәлімет бергенде олардың тәлім-тәрбиелік ерекшеліктерін көркем сипаттап, болашақ ұрпаққа оларды үлгі-өнеге қылып көрсете білген.

«Парасаттылық қылыш пен жебеден әлдеқайда асып түседі. Ақылдың алдында ашу мен түрлі қырсық атаулы бас иеді. Парасат жүрген жерде бейбітшілік орнайды, жақсылыққа қол жетеді... Арамза, оңбаған адамдар екіжүзді келеді, олардан іргені аулақ салып отырған абзал» деп, данышпан тәлімгер ұрпақты адамгершіліктің шыңына бастайды.

Өтей бойдақ Тілеуқабылұлының этнопсихологиялық және этнопедагогикалық ойлары. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы (1397-1487) «Шипагерлік баян» атты ғылымнамалық ұлы еңбек жазып, XV ғасырдың өзінде қазақтың жазу мәдениеті мен әдеби тілінің, әр түрлі ғылымдарының болғандығын кейінгі ұрпаққа айқын көрсетіп, қалдырды. «Біздің ғылымымыздың «Шипагерлік баяны» әрі ұлы медициналық еңбек, әрі ғылымнама, тек шипагерлік жағынан емес, ол халқымыздың тіл, мәдениет, тарих, философия, психоло-

гия, астрономия, этнография, география, этика, мораль, тағы басқа жақтарынан да қыруар білім, мәліметтерді береді... Басқа ғылыми мәліметтер осы шипагерлік баян негізінде, кейбірі мысал, кейбірі факт, кейбірі жаратылыстық орта, тарих, аңыз, салт-сана ретінде медициналық ғылыми сипаттамалармен тығыз байланысып келеді» (Әзімхан Тышанұлы, ғалым).

Қолжазбаның 1757-бетінде ғалым әз Жәнібек ханға: «Аллажар хан тақсыр, Сіздің қасиетті ғұзырыңызда жазылып жатқан «Шипагерлік баянын» мархабатты көзіңізбен көріп, құлағыңызбен естіп болғасын, арнаулы орданызда ұғындырғы (мектеп) ашып, орданыздағы гүлтекше үстіне өсіп тұрған гүлдегіндегі гүлдей жеткіншектерді өнерге баулытып жеткізсеңіз, қарашаңыз менің ең зор арманым орындалған болар еді» - деп мәдениет пен білімнің бастауы мектепте екенін айтады.

Шипагер ғалым, ұлтының ұлағатты перзенті өтейбойдақ: «Не тәтті? Жан тәтті. Не мерей? Бала мерей. Не ләззат? Құдай қосқан қосақ ләззат» - деп, тәлім-тәрбие негіздерін айқын көрсетеді. Оның үстіне ұлы еңбегінде «тоқығаны» көп ғалым этнопедагогиканың негізгі бір саласы ауыз әдебиетін кеңінен пайдаланады.

Әрі ақын, әрі өмірден «тоқығаны» мол тәжірибелі ғалым ұлы еңбегінде әрбір адамға қырық сегіз тыйым айтып, он екі өсиет береді: «Ел бастаушы көсеміңнен айрылма, дау туылар: шешеніңнен айрылма, жау тимек ақылыңнан айрылма, көппен бірге көрерсің еліңнен айрылма, жаныңды алса да сырыңнан айрылма, жаман деп қатыныңнан, көшем деп алып қойған отыныңнан айрылма, даяр асың малыңнан айрылма, болмашыға өкпелеп, досыңнан айрылма, қарақудай баспанаң қосыңнан айрылма, пенде қадыр санаты бес қаруды тастама: шыбын жаның шыққанша намысыңнан айрылма, өте шығар сұм жалған, бөкшылыққа қайрылма. Адам күні адаммен ысылмақ, өнер қай қырда? Өнерпаз деген ат алсаң, өлсеңдағы қайғырма», - дейді.

Дарынды психолог психологиялық темпераментті қазақ тілінде «бейімдеулік» деп көрсетіп, жеке тұлғалардың темпераменттік ерекшеліктерін алты түрге бөліп көрсетеді.

1. Ыстықтық бейімдеулік – алып бітімді, етжеңді, өң-әлпеті толық, шырайы шиқандай қызыл, сабырлы, кем сөзді, ұрт мінез, шорт қайырылғыш, сыр бермес сызданыңқы, маң-ғаздау, біртоға.

2. Суықтық бейімдеуліктер – өң-әлпеті қараторы, қара, өң бермейтін, шырайы толықша, сөзшең, өзінікін жөн санайтын, білгірсіген, сөз таластырғыш, даукес, өркөкірек, алкеуде.

3. Аңғактық суықтық бейімдегілер – өң-әлпеті әр түрлі, әрқилы, көзі шатынаған, қарадай терісіне сыймай, қарадай шытынап сынып, ашуланшақ, басынан пенде сөзін асырғысы келмейтін, асыра білмейтін, болмашыға кек сақтаушы, өш алуға зейін мен бар зердесін аударушы, басқаларды тәлкек етуге бейім, өлтіруден тайынбайтын, өзі құныкер, ел құндыкер болатынын ойламайтын, құныкер болса да - әдетін қойғысы келмейтін құбылмалы, тиянақсыз, қызба мінезді.

4. Аңғактық қоюлықтық бейімдегілер – босағадан аттап шыққысы келмейтін, үйкүшік, шілденің ыстығында қаңтардың қақылдаған аязын басына киіп, үстіне қоқырды жиып алғыш, титтей суық тисе, жалп ете түсуге бейім, жіпсісе жадырап қалғыш, қаны жүрмегендей кимыл-әрекеті аз, сергітпейтін, сергімейтін, мойындамайтын, суыққа шыдамсыз.

5. Буылмалы бейімдер – әлпеті әр түрлі болса да, өзінің соңғы түр-келбеті сұрланған, көзінің оты қайтқан, әдетте мінсіз бітісті пендеден айырмашылығы жоқ, ашуы келсе, селкілдеп барып, серейіп түседі де, талып қалуы шарт.

6. Уылмалы бейімдер – әлпеті ақ, шырайы шырсыз, аппақ кудай жүзі ақ бөздей ағарған, көз ажары (жанары) бозарған, кейбіреуінің өңі тотығыңқы, үп еткен желге ұшып кеткендей арық, беті жып-жылтыр, жүріп тұруға еріншек, есіктен сөйлегені төрге естілмейтін, титтей шөгір сызған орны қанаса, шыдамайтын, жеңілтек, мұрны қанағыш, басы ауырғыш.

Әрине, бұл бейімдеуліктерді шипагер жеке тұлғалардың денсаулығына байланысты топтап көрсетті. Ал адамның мінез-құлқы мен сезім-қабілеттері осы топтамалар арқылы айқындалады, сөйтіп тәрбие ісінде де осы бейімдеулер (темпераменттік ерекшеліктер) ескеріледі. Психология мен педагогиканың біртұтастық қасиеттерінің бірі – осында. ұлы шипагердің пікірлерінде ұлттық ұят айқын көрініп тұр.

Әлемнің екінші ұстазы атанған әл Фарабидың, Қас қажып (ғұлама ғалым) атанған Жүсіп Баласағұнидың еңбектерін зерттеп, жақсы білген өтейбойдақтың «Шипагерлік баян» атты еңбегі біздің этностық ғылымымызда үлкен орын алумен қатар, этнопедагогикалық және этнопсихологиялық ғылымымыздың қайнар бұлағын зерттеу арқылы этностық, ғылымдық сырлары ашыла беретін ғылымнамалық мұра болып табылады.

ӘОЖ 37.371.3.9

Совет-Хан Ғаббасов

Жазушы дәрігер, фантаст,

Медицина және Педагогика ғылымдарының докторы,

Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері

КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі,

Зайсан ауданының құрметті азаматы,

Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты,

ПРОФЕССОР.

ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА КӨЗҚАРАСЫ

Бұл мақалада ғылыми негізге сүйенген жаңашылдықтың ең негізгі көрсеткіштері, мектептер мен жоғарғы оқу орындарындағы, бұрынғы қалыптасып қалған дәстүрдегі іс-тәжірибелермен салыстырғанда, мүлдем жаңа технологиядағы прогрессивтік бастамалар болып табылады. Сондықтан да, инновация бүкіл білім жүйесіндегі тәрбие мен оқытып үйретуге үлкен өзгерістер әкеледі. Сол себепті де, мақалада тәрбие мен білімнің инновациялық жүйесі жайлы, жоғарғы оқу орындарының жаңашылдығы, өзгерістері жайында айтылған. Сонымен қатар, мектеп құрылымы мен мазмұнындағы инновация жайында жазылған. Мектеп пен өмірдің байланысы туралы және үзіліссіз ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық оқу-ағарту жүйесінің үлгісі кеңінен ашылып жазылған.

Түйін сөздер: педагогика, психология, инновация, білім, тәрбие.

В данной статье основные показатели новаторства, опирающиеся на научную основу, являются прогрессивными начинаниями в совершенно новой технологии по сравнению с практикой, ранее сформировавшейся в традиции в школах и в высших учебных заведениях. Поэтому, инновация приносит масштабные изменения в воспитание и обучение во всю систему обучения. По этой причине, в статье говорится о инновационной системе воспитания и обучения, новаторстве и изменениях в высших учебных заведениях. Широко написано о связи школы и жизни, воспитании потомков и образцовой системе национального обучения.

Ключевые слова: педагогика, психология, инновация, знание, воспитание.

In this article, the main indicators of innovation, based on a scientific basis, progressive undertakings are in a completely new technology in comparison with the practice in the tradition of earlier formed in schools and universities. Therefore, innovation brings major changes in the upbringing and education of the whole system of education. For this reason, the article refers to an innovative system of upbringing and education, innovation and change in higher education. Written extensively on the relationship of school and life, upbringing of children and the exemplary system of national education.

Keywords: pedagogy, psychology, innovation, knowledge, upbringing.

Адам тәрбиесінде осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан с ә й к е с с і з д і к т і ң ең тұрпайысы, бүгінге дейін ПЕДАГОГИКА мен ПСИХОЛОГИЯНЫ біртұтас бірлікте қарамай, керісінше екі бөлек байланыссыз ғылымдар тәрізді қолданылуы болып табылады. Екеуінің

де шыққан тегі – АДАМ баласынан пайда болатындықтан, ендігі жерде Педагогика мен Психологияның МЕТОДОЛОГИЯСЫ – ЖҮЙЕЛЕРІ – НЕГІЗДЕРІ – біреу-ақ екенін мойындамай болмайды. Міне, бұл да осы уақытқа дейінгі АДАМ ТӘРБИЕСІНДЕГІ

аса ауыр қателіктердің бірі болып табылады. Сайып келгенде, мұны да Педагогика мен Психологияның теориясындағы кетік немесе ахау десек, артық айтқанымыз емес. Ендеше, жоғарыдағы терең талдаулардан өткен Халық педагогикасының екі деңгейлі Методологиясы /биологиялық индивид және сананы жетілдіру /Жүйелері/ жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесі/ жеті түрлі Негіздері бұдан былай Психология іліміне де теориялық негіз болып табылmaq. Себебі, Адамның болмысындағы ЖАН мен ТӘН қандай бірлікте болса, ПЕДАГОГИКА мен ПСИХОЛОГИЯ да соншалықты ажыратуға келмейтін бірлікте екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Бұларды бұрынғыша бөлек-бөлек қарастыру, бүгінгі ғылыми жетістіктермен де сәйкес келе бермейтінін түсінуіміз қажет.

Тәрбие мен білімнің инновациялық жүйесі. *Инновация* (лат., in – ша, novus – жаңа) жаңаша түсінік, жаңалық?! Ғылыми негізге сүйенген **жаңашылдықтың** ең негізгі көрсеткіштері, мектептер мен жоғарғы оқу орындарындағы, бұрынғы қалыптасып қалған дәстүрдегі іс-тәжірибелермен салыстырғанда, мүлдем жаңа технологиядағы прогрессивтік бастамалар болып табылады. Сондықтан да, инновация бүкіл білім жүйесіндегі тәрбие мен оқытып үйретуге үлкен өзгерістер әкеледі. Ол өзгерістердің бағыттары:

- Мақсаты, мазмұны, әдісі және технологиясы, ұйымдастыру түрлері мен басқару жүйелері;
- педагогикалық қызмет пен оқыту танымдылығын ұйымдастырудың стилі;
- бақылау жүйесі мен білім деңгейінің бағасы;
- қаржыландыру жүйесі;
- оқу-әдістемелігін қамтамасыз ету;
- тәрбие жұмыстарының жүйесі;
- оқу жоспары мен оқу бағдарламалары;
- оқытушы мен оқушының қызметтері;

Тарихи көлемде жаңалық атаулының деңгейі салыстырмалы түсінікпен бағаланады. Жаңалық қашанда нақтылы тарихи кезең-

дермен астасып, кейде «уақытынан ерте» , немесе «кеш» келіп жатады. Мектептер мен жоғарғы оқу орындарындағы **жаңалықтың жетілуі** және білім беру жүйесінде былайша ескеріледі:

- абсолюттік жаңалық (аналогсіз және прототипсіз);

- салыстырмалы жаңалық;
- жаңалықсымақ (ұсақ ізденулер);

Мектептер мен жоғарғы оқу орындарына енгізілетін жаңалықтар әртүрлі негізде топтастырылады. Енгізілген жаңалықтың **бірінші классификациясы**, педагогикалық процесске байланысты. Оған төмендегідей жаңалықтардың типтері жатады;

- білім мақсаты мен мазмұны;
- педагогиканың әдістемелік, құжаттық, технологиялық процессі;
- тәрбие мен оқытудың түрлері мен ұйымдастыруы;
- оқытушы мен оқушының әкімшілік қызыметіне қатысы;

Жаңалықтың **екінші классификациясы** білім беру жүйесінің көлеміне байланысты. Бұл былайша жіктеледі:

- өзара байланыссыз шағын және бірліжарым түрі;
- бірімен-бірі байланысты комплексті түрі;
- мектеп пен жоғарғы оқу орнын жүйелі қамтитын түрі;

Үшінші классификация инновациялық потенциялардың белгілеріне байланысты жүргізіледі. Олардың белгілері:

- Белгілі модификацияның жетілдірілуі мен өзгертілуі (оқу жоспары, бағдарламасы, құрылымы);
- Жаңалықтың ескімен кіріктірілуі;
- Радикалды өзгерісі;

Жаңалықтың **төртінші классификациясы** өзінің алдындағысымен топтастырылған белгілерімен үндесуі. Мұндай жағдайдағы жаңалықтар орнын алмастыру, мүлдем ауыстыру сипатта болады. Мектеп пен жоғарғы оқу орындарын жаңарту идеяларымен көрініс береді;

- мұндай қажеттілік бүкіл елде, аймақта,

қалада, ауданда, әлеуметтік сипат алады;

- мұның өмірге енуі – заңда, қаулыда т.б. іс-қағаздарымен бекітіледі;
- адам жайлы комплексті ғылымдар жетістіктері;
- педагогикалық тәжірибе жетістіктері;
- адам тәрбиесін түйсіктік және саналық педагогикамен үндестіру;
- эксперименттік іс-тәжірибелердің жетістіктерін пайдалану;
- шетелдік тәжірибелерді ескеру.

Жоғарғы оқу орындарының инновациясы. Бүгінгі әлемдегі жүріп жатқан жаһанданудың ең негізгі мақсаты, бүкіл - **жер жүзінің азаматын тәрбиелеу** – атты идеямен құлшынуда?! Оны жер бетіндегі халықтар қолдап отыр ма, онда шаруалары жоқ. Бұл ежелден келе жатқан - **европацентризм методологиясының жаңа көрінісі** – екені айдан анық. Міне, бүгінгі білім беру жүйесінің негіздері, халықаралық деңгейге көтерілуін талап етіп отыр. Сондықтан да, университеттердің оқу бағдарламалары «көп мәдениеттілікті» бағыт алуға тырысып жатыр. Мұның бәрі де, сол ғаламдану саясатына байланысты жүруде?!..

Қазір әлемдегі көптеген жоғарғы оқу орындары бір-бірімен интеграцияға түсіп жатыр. Біраз елдерде университеттер өндірістік бірлестіктермен бірігуде. Ғылыми ізденістердің базаларын осылайша құрып, бүгінгі кәсіп орындары мен фирмаларға қажет аса зәру мамандарды өздері дайындамақ. Қазақстандағы дәстүрлі университеттер отандық ғалымдар мен мамандарын құрметтеумен қоса, шетелден де мамандар шақыруды жиі пайдалана бастады. Бүгінгі Отандық университеттердің басты принциптері:

- ғылым мен өндірістің өзара бірлестігімен мамандарды дайындау;
- білім беру жүйесінің әр деңгейінің өзара үндестіктерін қамтамасыз етіп, университет бітірушілерді мәдени-творчество мен жоғарғы корпоративтік деңгейге жеткізуді мақсат етеді;
- Азаматтық сананы тәрбиелеу;
- Университеттегі өмірді, зиялылық пен

жоғарғы рухани деңгейге жеткізуді, саяси құрылым мен экономикалық жағдайға тәуелді етпеу;

Инновацияның критерілік бағасы:

1. Жоғарғы оқу орындарындағы өзгерістердің масштабы. Жаңашылдықты, тек бір факультетке ғана енгізіп, оқу жоспары мен бағдарламаны ғана өзгертуі мүмкін. Ал бұдан да көлемді өзгерістерді басқару құрылымдарына енгізіп, студенттердің кәсіптік оқуы мен ғылыми-зерттеудің түрлерін де, технологиясы мен халықаралық қатынасына дейін өзгеруі мүмкін. Егер жоғарғы оқу орны өзінің келешектегі жетілуін жеделдеткісі келсе, онда әртүрлі инновацияларды кең көлемде енгізіп, барлық бөлімдерін жұмылдырмақ.

2. *Жаңа өзгерістерді енгізудің тереңдіктері.* Бұл критерияның деңгейінде, бұрынғы аналогтар мен прототиптердің жаңаруынан, жоғарғы оқу орнының бүкіл бөлімдерінің өзгерінен – оқыту сабақтары, оқытушы мен студенттердің қызыметтері, тіпті абитуриенттерді қабылдаудың таңдауы да жоғарламақ. Оқу орны комплексті – «педагогикалық гимназия» - «педагогикалық колледж» - «педагогикалық университет» - болып та өзгермек.

3. *Жаңалықтың деңгейі уақытқа орайласпақшы.* Жаңашылдықтың бұл критериясы мынадай классификацияға – «ауыспалы» - «өзгермелі» - «ашылмалы» - жағдайларға келуі мүмкін. Мәселен, «АШЫЛМАЛЫ» - бұл жаңа мамандық, жаңа технология мен жаңа бөлімшелерді ашады.

Мектеп құрылымы мен мазмұнындағы инновация. Мектеп пен өмір байланысы.

Отар халықты арбау мен алдауға құрылған империя саясатының залалы, оқу-ағарту жүйесінің өмірмен еш байланыссыздығында болатын. Мектеп оқушылары өмірді кітап беттерінен ғана үйреніп, жасандылықпен алған білімдері күнделікті тіршіліктен тым алшақ тұратын. Мектеп шәкірттеріне өмірмен байланыстыра білім беруді ең негізгі мақсатына айналдырмай, ол білімнің өміршендігі мен тіршіліктегі қолданбалығын қамтамасыз ете алмақ емес. Ендеше, мек-

теп оқушысы білім алу жүйесінде, айнала-сындағы тіршілік тынысымен тығыз байланысты болуы керек. Ол үшін жергілікті ауыл шаруашылығымен немесе, жаңаша айтқанда фермерлер мен бизнестегі кәсіпкерлердің жұмыстарымен, нарықтық қоғамдағы мамандардың өмірлерімен жіті танысып, жан-жақты байланыста болу арқылы ертеңгі тіршілігіне қажет білімге саналы түрде дайындалуы қажет.

Мектеп реформасы Кешегі Кеңес кезінде де, мектеп реформасына кіріспек болды. Бірақ дұрыс жүйесін табалмай қиналды. Әйтседе, оның алдына қойған мақсаттары жаман емес еді. Ең алдымен биік тағылымды, рухани терең білімді азаматтарды тәрбиелеуді негізгі бағдарына алған болатын. Бірақ, осыған қалай қол жеткізуге болады? Неден бастап, қалай істеу керек? Құнарлы да, мазмұнды тәрбие көзі қайда? Міне, осыншама күрделі қиын сауалдарға жауап та іздеп көрді. Бірақ, бұл бастама жол айырықта қалған бойы үзілді. Жиырма бір жылға созылған егемендігімізде де, білім уәзірлігі әлі де дұрыс жауабын табалмай отыр. Себебі, олар ғылыми негізделген жүйеге емес, солқылдаған солық пен еліктеушіліктен арыла алмай, әр министр өз ойына келген реформасын эксперименттеуден жалығар емес. Ұрпақ тәрбиесін ойынға айналдыруға болмайды. Әйтседе, бүгінге дейін жалғасып отырған білім беру жүйесіндегі кемшіліктерді ашып айтсақ, бүгінгі талапқа сай мектеп мазмұны, тікелей оның құрылымына байланысты екенін түсіне алмай, бүгежектеумен уақыт оздырып келеді. Он екі жылдықтың бүкіл мәні мен мазмұнын – бір жылды қоса салып қана шешпекші болған тұжырымдардың күлдібадам сипаттары осында жатыр. Қашанда кез-келген құбылыс пен заттардың құрылым формасы, оның ішкі мазмұны мен атқарар қызыметін анықтайды. Құрылымын баяғыша қалдырылған мектеп, ешуақытта да бүгінгі уақыт талабына сай болуы мүмкін емес...

Енді міне, империя құлап, соның самалымен сергіген кешегі отарланған халықтыр, өздерінің келешек ұрпақ тәрбиесінің кон-

цепциясын жасаумен шұғылдана бастады. Себебі, осы уақытқа дейін көптеген ұлттар, өздерінің ұрпақ тәрбиесінің үлгісін де, оқу-ағарту жүйесінің мазмұнын да жасап көрмеген болатын. Олар империялық саясаттың ықпалымен, көшірме нұсқадағы үкімді үлгі мен аударма оқулықтардан бөтен ештемеге де мойын бұруға құқы жоқ болатын. Осындай тәрбие мен білім берудің ақыры, көптеген халықтарды дәстүр-салттарынан ажыратып, бейруханилық пен мәңгүрттікке бет бұрғызған еді. Бұл орайда, қазақ халқының жағдайы, тіпті өрескел күндер мен жылдарды басынан кешті. Оның салқыны бүгінге дейін еңсемізді езіп, етегімізден тартып отыр. Ал егер де кез-келген халықтың келешек ұрпақ тәрбиесі, өзінің ұлттық психологиясы мен халық педагогикасынан нәр алмаса, оның алған білімі жаңылтпаш тәрізді, түсінуі қиын түйіршіктерге айнала беретіні белгілі ғой. Мұндай тәрбие мен білімнің барар жері мен құлар құзы біреу-ақ... Жер бетіндегі әртүрлі халықтардың өздеріне тән психологиясы мен салт-дәстүрлерінде, өзгеге ұқсамайтын өздеріне ғана лайықты ерекшеліктері бар екені белгілі. Міне, осы ерекшеліктерді қандай халық болмасын, өзінің ұрпақ тәрбиесінің үлгісіне ерекше ұқыптылықпен пайдалану ауадай қажеттілік екен. Мәселен, салыстыру үшін, Азиядан – Жапонияның оқу-ағарту жүйесін, Европада – Германияның білім беру үлгілерімен таныстық. Олардың екеуінде де, ұрпақ тәрбиесінің негізгі бағдары ретінде, ұлттық психология мен халық педагогикасына ерекше маңыз беретіні аңғарылады. Әрине, қазақ халқы да азиялық жұрт болғандықтан, Жапонияның оқу-ағарту жүйесінен өзімізге ұқсас көптеген психологиялық жақындықтар тапқанымыз да рас!.. Бірақ, солай дей тұрсақта, қазақтар мен жапондардың ұлттық мінез-құлықтарында өздеріне тән, ерекшеліктері де жетіп жатыр. Ең әуелі халық педагогикасы мен ұлттық психологияларындағы айырмашылықтары да аз емес. Бұдан түйген қортындымыз, адамзаттағы мәдениет үлгілерін ескере отырып, біздер өзіміздің

Халық педагогикасының ғылыми жүйеленген негіздерін айқындамай, оны жаңа методологиялық көзқараспен жетілдірмей, ұлттық оқу-ағарту үлгісін жасаудың мүмкіншіліктері аз екенін түсіндік. Сондықтан, осындай жағдайларды ескере отырып, төменде өзіміз ұсынған «Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық оқу-ағарту жүйесі үлгісінің» кестесін беріп отырмыз.

Сонымен, осы ұсынылып отырған – «Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық оқу-ағарту жүйесінің үлгісі» - барыншы ықшамдалып схема түрінде көрсетілгендей; - Бастауыш мектеп - алты класс – Орта мектеп – тоғыз класс – Кәсіптік мектеп – үш класс – соңғылардан үздік шыққандар – Жоғарғы оқу орындарында білімдерін жалғастырмақ. Сонда, бастауыш мектеп – 6-7 жас пен 12-13 жас аралығын қамтыйды. Бұл адам тіршілігінің физиологиялық және психологиялық заңдылығын ескеру болып табылады. Баланың осынау балиғат кезеңінде қалыптасатын, гормональдық жүйенің толысып жетілуінің орташа мерзімдік мөлшері болып табылады. Осы кезеңнің соңынан бастап үш жүйе – жұлын жүйке – жүрек пен қантамырлары – гормональдің - өзара үндестіктері үйлеседі. Бұл үндестіктер адам ағзасындағы - Тән – Жан – Рух – жүйелерінің жетілуіне орсан үлкен ықпал ететіні белгілі.

Мүшелдік жасқа жеткен баланы, балиғат жасына толды деп есептелінеді. Мұны физиологиядан азды-көпті хабары бар кезкелген адам толық түсіне алады.

Біздер ұсынып отырған бастауыш мектеп үлгісінің бастапқы үш класында, таза ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделсе (6-7 ден 8-9 жасқа дейін), екінші жартысындағы үш класта - әлемдік мәдениетпен салыстыра, білім беру жүйелері қолданылады. Тағы үш класс қосылып, жалпы орта мектеп 9-кла-

спен аяқталады да, орта білімді үздік бітіргендерге университет пен институтқа түсуге мүмкіншілік жасау міндеттеледі. Ал орташа оқығандар әркім өз таңдауына лайықты, кәсіптік гимназияларда білімдерін жалғастырады. Сонда ғана жастарымызды сан түрлі кәсіптік мамандықтармен қамтамасыз етеміз.

Жалпы балабақшалардан бастау алатын, халық педагогикасының тәрбие жүйелері, осы бастауыш кластың көлемінде негізінен игеріліп болғаны жөн. Осыған орай, балаларға шет тілдерін үйрету мерзімі де, 3-4-ші кластардан бастау алмақ. Бұл кезеңді неге таңдап алдық десек, дәл осы мезгілде баланың логикалық ойлау қабылеттері де, салыстырмалы таным қасиеттері де, толыса жетілетіндігін ескереміз. Сондықтан, тек шет тілдерін үйреткенде, бұрынғы салбауыр әлсіз әдістерден арылып, бірден пәрменді тәсілдерді қолданған жөн. Өйткені, олар 9-10 мен 12-13 жас аралықтарында, зерделері аса бір алғырлыққа толы кезеңде болады. Бұл тәрізді физиологиялық ерекшеліктерді ескермей болмайды. Қандай білім мен нені болса да үйрену, баланың ішкі сұраныстарымен үндесіп жатуы шарт. Ал, оқу-тәрбие жұмыстары ғылыми негіздерге сүйенсе, ұрпақ тәрбиесіндегі ірі-ірі жетістіктерге қол жеткізуге болады.

Түйініне келсек: Орта мектептерді бүгінгі өмір мен қоғам ерекшеліктеріне байланыстыру жолдары мен тәсілдерін анықтау керек.

Он екі жылдық білім реформасын жасау үшін, ең әуелі орта мектептің құрылымын анықтап, ғылыми негізде жетілген мазмұны мен мәні түсінікті болу қажет. Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық оқу-ағарту жүйесінің үлгісі, тек халық педагогикасының негіздерінде жасалғанда ғана, рухани жетілу мен азаматтық санаға иек артпақ.

ӘОЖ 92193:37.01

К.Н. Нәрібаев

*ҚР ҰҒА Қоғамдық және әлеуметтік ғылымдар бөлімшесінің төраға орынбасары,
э.ғ.д., профессор, академик
Абай атындағы ҚазҰПУ*

ӘДІЛДІКТІҢ ЖАРШЫСЫ, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰСТАЗЫ

Бұл мақалада көрнекті тарихи тұлға Әлібекұлы Төле бидің билік айтудағы әділдігі және ұстаздық өнері мен қасиеттері суреттелген. Төле би бабамыз қазір халыққа өте жақсы таныс және етене жақын. Біраз әдебиетші, тарихшы және заңгер ғалымдарымыз Төленің өнегелі өмірін, аса мағыналы қызметін, билік пен басшылық саласындағы ерен еңбегін жан-жақты талдап-зерттеп, көптеген шығармаларды дүниеге әкелді. Төле би туралы алғаш зерттеп, еңбектер жазған әдебиетіміздің ірі өкілдері жайлы жазылған.

Түйін сөздер: *Төлебиге, билік шешімі, жеті жарғы, өсиет сөздер, ұстаз – тәлімдік өнер.*

В этой статье описывается о справедливости судебных решений и наставническом искусстве и качествах крупной исторической личности Төле би Алибекулы. Наш предок толе би очень хорошо знаком сейчас народу и очень близок. Множество литературоведов, историков и юристов ученых произвели много сочинений, подробно обсуждая-исследуя образцовую жизнь, очень значимую деятельность, труд в области власти и руководства. Написано о крупных представителях нашей литературы, первыми исследовавших и написавших труды о Төле би.

Ключевые слова: *Төлебиге, бийские решения, семь уложений, слова назидания, искусство наставника.*

This article describes the fairness of judicial decisions and mentoring and quality of prominent historical figure Tole bi Alibekuly. Our ancestor Tole now very familiar and very close to the people. Set of literary critics, historians and lawyers scientists produced many works, discussing in detail, by exploring of his exemplary life, a very meaningful activity, work in the field of power and leadership. Written about the major representatives of our literature, first explored and write about Tole bi.

Keywords: *Statement of Tole bi, bi decisions, Code of laws, edifying words, mentoring.*

Еліміз егемендік алғанан бері бұрын аты аталмай келген арыстарымыз – билер мен батырлар, хандар мен сұлтандар, ақын-жыраулар көпшілікке кеңінен таныла бастады. Ұлтымыздың тарихына, ұлы тұлғаларына құлағымызды тас керең ғып тығындып, көзімізді көр соқыр ғып байлап қойған Кеңес заманының өзінде аттары еміс-еміс естілетін есімдер болды. Солардың бірі Төле би бабамыз.

Төле би қазақ елінің іргелі қоғам болып қалыптасуына үлкен үлес қосқан, саяси қайраткер, тарихи ірі тұлға. Кемеңгер Төле өзі-

нің барлық саналы өмірін бар қазақтың басын қосып, елдің бірлігін, ішкі ынтымағын сақтауға және өзі бас болып, хан-сұлтандар мен батырлардың басын біріктіріп, жерімізді сыртқы жаудан қорғауға арнады.

Төле би бабамыз қазір халыққа өте жақсы таныс және етене жақын. Біраз әдебиетші, тарихшы және заңгер ғалымдарымыз Төленің өнегелі өмірін, аса мағыналы қызметін, билік пен басшылық саласындағы ерен еңбегін жан-жақты талдап-зерттеп, көптеген шығармаларды дүниеге әкелді. Соның

арқасында ТӨЛЕБИТАНУ атты ілім ғибрат-ты ғылымның бір саласы ретінде қалыпта-сып келеді.

Төле би туралы алғашқы көлемді шығар-ма жазған қазақтың көрнекті ақыны, ауыз әдебиетіміздің ірі өкілдерінің бірі Қазанғап Байболұлы еді. Оның «Төле бидің тарихы» атты дастаны 1940-шы жылдардың басында жазылғанмен көп жылдар қолжазба күйінде қалып қойып, кейініректе ғана (1991ж.) жа-рық көрді. Бұл шығармада автор бүкіл қазақ қоғамының саяси, шаруашылық, рухани-әлеуметтік жағдайын баяндай отырып, Әлібекұлы Төле бидей ірі тарихи тұлғаның өмір жолын, қоғамдық-саяси қызметін, ел би-леген ерен еңбегін жан-жақты көрсете білген.

Жамбыл облысының тумасы, Жамбыл қа-ласында №38 қазақ орта мектебінде кезінде дәріс берген ұстаз Балтабай Адамбаев 1950-ші жылдардың ортасында шешендік өнер жөнінде ғылыми зерттеу жұмыстарын бас-тады. Ғұлама ғалым – академик М.Әуезов оны Алматыға ғылым Академиясына жұ-мысқа шақырды. Сөйтіп М.Әуезов атында-ғы әдебиет және өнер институтының ғылы-ми қызметкері бола жүріп, Балтабай ағамыз билердің шешендік өнерін зерттеді, оның ішінде Төле би де бар. Осы салада канди-даттық жұмысын қорғады. Шешендік өнер жөнінде жүздеген ғылыми мақалалар, 20 ға жуық кітаптар жазды. Сонымен Төле би бабамыздың атын алғаш рет атап ғылыми айналымға енгізіп, билік еткен қызметін, шешендік өнерін зерттеп, ғылыми еңбек жазған Б.Адамбаев ағамыз еді.

Кейінірек Төле бабамызды би ретінде зерттеп жазған азаматтар аз емес. Олардың қатарында ғұлама ғалым – заңгер С.Зиманов, әдебиетшілер Н.Төреқұлов, С.Негимов, Ж.Дәдебаев, А.Нысаналы, Б.Әбілдаұлы, М.Қалдыбай, біраз тарихшы ғалымдар және т.б. азаматтар бар. Ал Төле би туралы арнайы үлкен жинақ шығарған әдебиетші ғалым Сәрсенбі Дәуітұлының еңбегі ерекше.

Сонымен қатар, өз ырықтарымен Төле би жөнінде орасан мол материал жинап жеке-жеке жинақ шығарған Хамза Амандықовтың

(«Төле би», Шымкент, 1991) және Әсет Кембаевтың («Тарих өткелдеріндегі Төле би» Алматы, «Өнер», 2010) еңбектерін атап өткен жөн.

Тағы да бір маңызды нәрсені арнайы айта кету керек. Қазақы көкірегіміздің құлпы әлі алынбаған қылшылдаған кеңес зама-нында, дәлірек айтсақ 1980-жылдардың басында Төле би бабамыздың сегізінші ұр-пағы, белгілі қоғам қайраткері Мүсілім Дайырбекұлы Төле би туралы мол (20 бетке жуық) мәліметті жазба түрінде көп азаматқа, әрине өзі сенген адамдарға, өз аяғымен жү-ріп таратқаны бар. Солардың ішінде мен де бармын. Сол мәліметтерді маған өзі әкеліп беріп, Төле би бабамыз жөнінде көп әңгіме айтып кетті. Сол кез үшін бұл үлкен ерлік бо-латын. Үш әріптің сол жылдары Мүсілімнің соңына шам алып түскені бекер емес еді. Бі-рақ, Төле би бабамыздың аруағына сиынған Мүсілімнің ар-намысы бәрін жеңіп шықты.

Қазір Төле би бабамыз көпшілікке қазақ қоғамының ең қиын-қыстау кезінде, хал-қымызға қауіп-қатер төнген қилы заманда ел басқарған кемеңгер басшы, қара қылды қақ жарған әділ би ретінде таныс. «Бүтін билікке Төле би, бүкіл хандыққа Есім хан жеткен» деген сөз бекер емес. Бабамыз билік пен басшылық қызметінің, шешендік өнер мен әділ төрелік айтудың ең биік шыңына шық-қан ірі тұлға.

Төле билікке ерте араласқан, тіпті бала жасынан билік айта бастаған, сондықтан ел арасында бала би атанған. Әкесі Әлібек би-дің қасына еріп жүріп, талай-талай жиын-дарға қатысып, аталы сөздер естіген, белгілі билердің билік айтып, дау-дамайды шеш-кенінің куәсі болған. Көріп білген оқиға-ларды, естіген нақыл сөздерді көкірек кө-ңіліне түйіп, саналы азамат болып өскен. Сонымен қатар, сол кездегі аузы дуалы би-лердің батасын алған. Әлібек би де баласын жастайынан сынап, билік айтудың жолын жиі-жиі Төлеге беріп отырған. Төле болса әкесінің ойынан шығып, сенімін ақтап, әр кез дауды әділдікпен шешіп отырған. Осыған азын-аулақ мысал келтірейік.

Төленің жас кезінде әкесі Әлібек биге екі даугер түлкі дауымен келіп жүгініпті. Біріншісі: Қырдан қуып, індетіп қазып алған түлкіме мынау таласып бермейді – дейді. Сонда екіншісі: Сыртынан жүні жетілсін деп бағып жүрген түлкім еді, оның үстіне жер де, ін де менікі, демек түлкі де менікі – дейді. Даугерлердің сөзін естіген соң Әлібек он үш жасар баласына сілтеп, мұның билігін Төле берсін дейді. Даугерлердің әңгімесін тыңдап болған Төле: – Түлкі арлан болса сенікі, - дейді қырдан қуып келіп індеттім дегенге. – Ұрғашы болса сенікі, -дейді жер менікі дегенге. Баланың бұл билігіне түсінбеген олар әкесі Әлібекке қайтып келеді. Сонда Әлібек би былай депті: – Төлежан Төрелігін дұрыс берген екен. Түлкінің ұланы – түз сақтайды, ұрғашысы – ін сақтайды. Түлкі еркек болса қырдан қуып келіп індеткенің рас, түлкі саған тиеді, ал ұрғаш болса жердің иесі саған тиеді.

Төленің жас кезінде ақ әділ билік айтып, үлкен дауларды дұрыс шешкен кездері аз емес. Соның тағы бірі мынау. Ертеде Шу өзенінің Балқашқа жақын жайылым алқабына үйсін мен арғын тайпалары таласып, екі жақтың билері бас қосып, бәтуаға келе алмайды. Көпшілікке еріп барған он бес жасар Төле билік айтушыларға көңілі толмай, шыдай алмай былай деп сөз бастайды:

Ақты ақ деп бағалар,

О, игі жақсы ағалар.

Өзегі толса ел біткен,

Өзен бойын жағалар.

- «Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» -деуші еді. мына бала кім өзі – депті төрде отырған би. Сонда Төле:

– О, би аға, он үште отау иесі демес пе, Кінәлімін бе, келіп қалсам он беске?

Сөз сөйледім, бұйыра көрме айыпқа,

Ала көз болу ағайындарға лайық па?-деп барып, сөзін ары жалғастырады:

– О, игі асқар тауымыз,

Әділ ме осы дауымыз?

Жар астында тұрғанда,

Жасырынып жауымыз?

Сонда, әлгі төрдегі би Төленің ақыл-ойын байқап, - балам, бердім билікті саған – депті. Бала Төле жұлып алғандай:

– Сары табактан сарқыт қайтады деген. Билікті маған берсеңіз, Шу өзенінің оң жағын үйсін, сол жағын арғын жайласын – дейді. Билікке бәрі риза болып, Төлеге оң батасын беріпті. Осыдан бастап Төленің аты шығып, ел арасындағы дау-дамайға жиі араласып, бүкіл ел мойындаған әділетті биге айналыпты.

Ел арасында кең тараған Төле бидің әділ шешімдері көп ақ. Солардың ішіндегі екі ана таласқан бала дауы, саудагерлер таласқан бота дауы, құлын дауы, тағы басқа сол сияқты толып жатқан қиын дау-дамай мен таластарды әділетті шешкені Төле бидің даналығын, өмірді терең білетіндігін, адамдардың ішкі сезімі мен адами қасиеттерін сараптай алатындығын, былайша айтқанда адамтану ілімінің білгірі екенін дәлелдейді.

Өсе келе Төле би ірі тұлғаға, көрнекті қайраткерге айналады, бүкіл ел мойындаған төбе биге айналады. Оған ел ішінде кең тараған мына сөз дәлел:

Әділдігі болмаса, би деп айтып немене?

Бұл мезгілдің билерін Төле биге теңеме.

Күлтөбенің үстінде, күнде билік еткенде,

Әділдікті ұстанып, бұрмап еді ешкімге

Әділеттің жаршысы боп, тарады аты үш жүзге.

Төле би жеке адамдардың арасындағы дау-дамайды әділетті шешумен қатар, бүкіл қоғамда әділеттік қағидаларын қалыптастырған тарихи тұлға. Бұған оның Тәуке ханның тұсында қабылданған «Жеті жарғыны» қорыту және қабылдау ісіне қосқан үлесі куә.

Қазақта «Жарғы» әділдік деген ұғымды білдіреді. Негізгі түсінігі жарудан, нәрсенің салмағын бір жағына аудармай, дәл, әділ айырудан шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық ардақтап «қара қылды қақ жарған» деп мақтаған. «Жеті жарғының» негізіне қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптық ережелер алынған. Олар сала-сала бойынша

жүйеленіп, дала заңы ретінде хан қасындағы билер кеңесінде қабылданған.

«Жеті жарғыны» жасауға үш жүздің ой-шыл дана саңлақ билері – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би қатысқан. Бұл заң жүйесі бүкіл қазақ қоғамында әділеттік орнатуда үлкен рөл атқарған. Ал Төле би болса, осы жарғыны жасап қана қоймай, билер кеңесінің төрағасы немесе төбе би ретінде оның әділетті түрде іс жүзіне асуын қадағалап отырған. Халықтың Төле биді әділеттің ұлы жаршысы деп құрметтеп, дәріптейтіні де осыдан.

Сонымен қатар Төле би соғыстарда жауға қарсы қол бастаған батыр, көш бастаған көсем, сөз бастаған шешен. Ал данагөй бабамыздың берекелі іс-әрекеттерін, абыроймен атқарған қызметтерін, аңызға айналған өмірінің барлық қыр-сырларын жинақтасак, онда жоғарыда айтылған қасиеттеріне қоса Төле биді ұлтымыздың ұлы ұстазы деп тануымыз керек. Оның барлық өмірі мен қызметі, тындырып кеткен таңқаларлық тірліктері мен игілікті істері, ұстанған қағидалары, айтып кеткен өсиеттері мен насихаттары, қанатты нақыл сөздері – осының бәрі-бәрі ұлы тұлғаның тәлім-тәрбиелік, ұстаздық күдіретін бейнелейді.

Төле би ұлтымыздың ұстазы, халқымыздың ұстазы, өзі өмір сүрген замандағы және одан да кейінгі кезеңдердегі ел билеген хан-сұлтандардың, батыр-билердің, жалпы барлық қараша халықтың ұстазы.

Ұстаз ретінде Төле би Майқы би бабамызды үлгі тұтты, әрбір сөзін, әрбір ісін, халқы үшін сіңірген еңбегін дәріптеп өтті. Майқы би кезінде қазақ халқының бірлігін сақтап, біртұтас ел болу жолында алғашқы ұлыс бірлігін құруда көп еңбек сіңірген ірі тұлға, үлкен қайраткер. Қырық сан Қырым, отыз сан Рұм, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, он сан Ноғайлы тоз-тоз болып бөлініп кеткенде қазақты халық ретінде сақтап қалған, тоғыз ханды өз қолымен таққа отырғызған бас би осы Майқы би еді. «Түгел сөздің түбі бір – түп атасы Майқы би» деген мақалды Төле би өзінің өмірлік қағидасы ретінде ұстап өтті.

Майқы би айтқан өсиет пен нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді Төле би үнемі қайталап айтып, насихаттаумен болды. Әсіресе:

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
Би екеу болса, дау төртеу болар.
Ақ білектің күшімен,
Ақ найзаның ұшымен,
Ел мен жерді қорғандар.
Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ.
Хан – халықтың қазығы,

Қараша ханның азығы – деген сияқты көптеген мәтелдерді Төле би жиірек айтып, насихаттап отырды.

Төле би бабамыз өзінің ұстаздық қасиетін, даналық болмысын шығыс ғұламаларының шығармаларымен шыңдап отырған. Оның ішінде Асанқайғы бабамыздың «Өсиетнамасы», Балқы бидің кемеңгерлік сөздері бар. Ал өзінің айтып қалдырған өсиеттері, мақал-мәтел, нақыл сөздері даналықтың, кемеңгерліктің, нағыз ұстаздықтың белгісі.

Төле бидің ұстаздығын хан – сұлтандар да, билер де, батырлар да жалпы барлық қарапайым халық та түгел мойындаған. Төле биді аға тұтқан, ұстаз тұтқан, Төбе би деңгейіне көтерген өзінің қасында жүрген Қазыбек би мен Әйтеке би болатын.

Төле биді пір тұтқан Қазыбек би былай дейді:

Шыққан күндей бұлттан,
Баршамызды жылытқан,
Қадірлі кім бар Төкендей
Сөзіне жұртты ұйытқан.
Жүгімізді алды иықтан,
Қадірлі кім бар Төкендей,
Жол тапқан тұман-тұйықтан.
Жау келсе асып саспаған,
Қадірлі кім бар Төкендей,
Үш жүздің қолын бастаған.
Ал Әйтеке бидің ойы мынау:
Төледей әділ жанды көргенім жоқ,
Соңынан жайдан жайға ергенім жоқ.
Өзіне ұқсап қасарып ерегісте,
Намысты елім қолымнан бергенім жоқ.
Қазыбек би де, Әйтеке би де Төле би бабамыздың талантты шәкірттері.

Төлебидің ұстаздығы бұлармен шектеліп қалмайды. Сол кездегі барлық билер, орта буыны бар, кіші буыны бар бәрі Төлені ұстаз тұтқан. Сол тұста жер-жерде билік айтып, шешім шығарып жүрген үлкен-кіші билердің бәрі дерлік Төлебидің батасын алып, мектебінен өткен. Сондықтан да болар сол заманда хан билігінен гөрі билердің билігі үстем болып тұрған.

Дегенмен, шәкірттің ішіндегі ең таланттысы, атақты абыройлысы, Төлебидің де, қазақтың да ардақты атын шығарған – Абылай хан – Сабалақ шәкірті. Абылайды Абылай етіп баптаған, тәрбиелеген Төле би ұстазы. Оған түйесін бақтырып қана қойған жоқ, оны өз баласындай тәрбиелеп өсірді. Ақыл өсиетін аямай айтып отырды. Абылай да қалт жібермей өкіл әкесі Төленің іс-әрекеттерін байқап, айтқан ақылдарын, шығарған билік шешімдерін тыңдап өсті. Жаугершілік заман болған соң Төле би шәкіртін әскери ойындарға қатысып, сол кездегі бар қару жаракты меңгеруге баулыды. Абылай да қарап жүрмей ұсталарды жағалап жүріп, біріне ырғай сапты, ұшы шым болат найза жасатып алды. Енді біріне қылышын суартты. Дулығасын ұстартты, қалқанын қатайтты, қанжарын шыңдатты.

Төле би де Сабалақ баласының әскери дайындықтағы жетістіктеріне риза болып батасын беріп отырды. Сондағы шәкіртіне айтқан ақылының бірі мынандай:

Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа,

Мен төренің тұқымы едім деп, қалың қолды шулатпа.

Сарала Туды көтерер күнің туар ей балам,

Жауды жапырар әдісті үйрене бер,

Елдің бәріне бірдей сене берме бірақта.

Сабыр, сабыр, шырағым,

Қосақ арасында бос кетіп,

Мына Төле би деген аты бар,

Билік айтар салты бар,

Өкіл әкенді жылатпа.

Сөйтіп өкіл әкесінің батасын алған Абылай садақ атып, жақ тарту, қылыш шауып, найза түйреу, шылбырдан тұзақ тастау,

қанжармен жарып, қалқанмен қорғану, т.с.с. сол замандағы соғыс өнерін үйренумен болды. Астындағы тобылғы түсті торы атында жаратып, небір «әдіс-айлаға» үйретті. Үстіндегі егесінің тілін алатын, іс-әрекетін айтпай түсінетін ақылды жануарға айналды. Сабалақ шәкірттің «Абылайлап» шауып, жекпе-жекте жоңғардың Шарыш батырын жеңіп, бүкіл елдің көзіне түсуі кездейсоқ емес, осындай тиянақты дайындықтың, баптаудың, тәрбиенің жемісі еді. Төлебидің қамқорлығымен осылай өсіп жетілген бала Абылай кейін дана Абылай, хан Абылай болып қалыптасты.

Төле Абыздың даналық мектебінде Абылай алған тәрбие кейін Бұхар жырау әулиенің мектебіне ұласты. Соның арқасында кеше ғана түйе бағып, малшы боп жүрген Абылай алып тұлға болып өсіп жетілді, халық сүйген хан болып қалыптасты, бүкіл қазақтың ардақтысы, айбары, қорғаны болды.

Абылай хан Төле бидей бабамыздың парасатты мектебінің бір парағы ғана. Қаншама адам сусындады сол мектептен, қаншама ірі тұлғалар өсіп қалыптасты Төле бидің қамқорлығымен. Данагөй бабамыздың ақыл-ойлары, нақыл сөздері өсиеттері, артында қалған бай рухани мұрасы бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуде де өз рөлін атқаруда және атқара бермек. Аузы дуалы бабамыздың әрбір сөзі – тәрбиенің көзі, елін бірлікке, ынтымаққа шақырған, адалдыққа, әділдікке баулыған іс-әрекеттері барлығымызға ғибрат.

«Хан көзі жетпес қайғыны

Қашықта жатып көремін,

Ыдыратпай жұртымды

Ел басын қосар төремін» - дейді өзі туралы данагөй ұстаз Төле би бабамыз.

Төле бидің тоғыз жасар Жетес балаға берген батасы мынау:

Бір үйдің баласы болма,

Көп үйдің санасы бол.

Бір елдің атасы болма,

Бар елдің данасы бол.

Бір тонның жағасы болма,

Көп қолдың ағасы бол.

Өзіңе өзің кәміл бол,

Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адал бол.

Міне дана бабамыздың өсиеті. Ал ұлы ұстаздың осы тектес өсиеттері қаншама. Осы өсиеттерге лайықты етіп тәрбиелеуге тырысайық болашақ ұрпақты. Ұлы бабамыздың

кемеңгер дана бейнесін, теңіздей терең ақыл-ойларын, тағылымы мол нақыл сөздері мен өсиеттерін, артында қалған бай рухани мұрасын бүгінгі біздер үшін де, ертеңгі болашақ ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мәні бар даналықтың, парасаттылықтың мектебі деп тануымыз керек.

ӘОЖ 37.378.6

Қ.С.Қалыбаева

*Магистратура және PhD докторантура институтының
профессоры м.а., ф.ғ.д.*

ГЕРМАНИЯ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Германияның қазіргі жоғарғы білім жүйесі айтарлықтай өзгеше. Германияда «академиялық еркіндік» принципі жарияланған, соған сәйкес еркіндік жоғары оқу орындарының басқарма мәселелеріне ғана емес, әрбір студентке де берілген. Германияда жалпыға ортақ міндетті білім берудің қатаң жүйесі жоқ. Ол студенттің дербестігіне, жауапкершілігіне және өз тәртібіне байланысты. Неміс жоғары оқу орнының студенті өзінің курстастарымен сабаққа бармайды, таңдаған мамандық бойынша жалпыға ортақ талаптарға жауап беру үшін мамандығына және оның оқу бағдарламасына сәйкес өзінің оқу жоспарын құрып, өз уақытын ұйымдастырады. Мақалада неміс жоғарғы білім жүйесінің дамуының жалпы көрінісі қысқаша суреттелген, және осындай жауапкершілік пен субъектінің сыртқы есеп беруіне негізделген білім беру жүйесі құрылымының ерекшеліктері талқыланады,

Түйін сөздер: *Германия, білім беру, инновация, орта мектеп, кәсіби мектеп, студент, профессор.*

Современная система высшего образования Германии заметно отличается. В Германии провозглашен принцип «академической свободы», согласно которому свобода предоставлена не только вузам в вопросах управления, но и каждому студенту. В Германии не существует жесткой системы обучения в общем обязательном порядке. То есть многое зависит от самостоятельности, ответственности и самодисциплины студента. Студент немецкого вуза не посещает занятия со своими сокурсниками, но в соответствии с выбранной специальностью и ее учебной программой составляет свой учебный план и организует свое время, чтобы отвечать общим требованиям по данной специальности. В статье кратко описан общий ход развития немецкой системы высшего образования, и обсуждаются особенности построения такой системы образования, которая основана на ответственности и внешней отчетности субъектов образовательной деятельности.

Ключевые слова: *Германия, образование, инновация, средняя школа, профессиональная школа, студент, профессор.*

The article briefly describes the overall development of the German higher education system, and discusses the characteristics of building an education system that is based on accountability and external reporting of educational activities.

The modern system of higher education in Germany is markedly different. In Germany, enshrines the principle of «academic freedom», according to which the freedom provided not only in the management of higher education institutions, but also to each student. In Germany, there is no rigid system of education in general fail. That is, much depends on the independence, responsibility and self-discipline of the student. German high school student does not attend classes with their fellow students, but according to the chosen profession and its training program is its curriculum and organize their time to meet the general requirements of this specialty.

Keywords: *Germany, education, innovation, high school, vocational school, student, professor.*

Біз ЖОО оқытушыларының білімін жетілдіру курсы Германияның Дюссельдорф қаласындағы Интерноционалдық Менеджмент және технологиялар Академиясында (INTAMT) өтіп келдік. Атаулы академия 2005 жылы құрылған екен. Біздің өткен курсымыз аталған Академия ұйымдастырып отырған 219-шы білім жетілдіру семинары екендігі бізге ескертілді. Басшыларының айтуынша Академия өткізіп отырған осы 219 курстың 100-ден астамы білім саласына қатысты ұйымдастырылған тәжірибе алмасу курстары болып табылады. Ұйымдастырылған тәжірибе алмасу бағдарламасы «Германия университеттеріндегі оқытудың инновациялық әдістері мен технологиялары» тақырыбына құрылды. Келген күннен бастап он күн бойы біз осы академия ұйымдастырған бағдарлама бойынша жұмыс жасадық. Бізді алғашқы қарсы алған сәттен бастап-ақ неміс халқының табиғатына біткен темірдей тәртіпті сезінгендейміз.

Алғашқы күнгі семинарды профессор Э.И.Патрик жүргізді. Бұл күнгі семинардан біз жалпы Германия жайлы, ондағы білім беру саласы жайлы, оның өзіндік ерекшеліктері жайлы аса көп мәлімет алдық.

Шын мәнінде Германиядағы білім беру ісі сол елдің экономикасына сай құрылғандығы таң қалдырады. Яғни, мұнда білім саласындағы инновация жай айтылған сөз емес, мұнда инновация бұл елдің экономикасындағы инновацияға тығыз ұштастырылып отырған, елдің қажеттілігіне айналған,

сол арқылы білім жүйесіне белгілі бір серпін беріп отырған жүйелі құбылыс. Сондықтан да, Германия елінде білім беру жүйесі елдің экономикалық дамуының тірегі деп саналады.

Сол себепті де, Германияда білім беру жүйесі тегін, бұл саланы қаражаттандыру тікелей мемлекеттің есебінен жүргізіледі. Себебі, немістер тегін білім беру арқылы өз экономикаларын бірнеше есе еселеп көтеруге болатындығын жете түсінген бірден бір халық.

Жалпы неміс халқы не нәрсені болса да өте алыстан ерекше көрегендікпен тереңнен ойластыратыны байқалып-ақ тұр. Мысалы Германияда білім беру тек неміс азаматтары үшін ғана емес, жалпы осы елде мекендейтін барлық азаматтар үшін де, шетелдіктер үшін де тегін. Неге десеңіз бұл халық жалпы Еуропа елдері сияқты келешек демографиялық дағдарыс қаупіне ұшырап отыр. Елде бала туу көрсеткіші өте төмен. Сондықтан, келешекте елдің жоғары білікті маманға деген тапшылығы туындауы сөзсіз. Міне, соның алдын алған федералды билік әлден-ақ елдегі барлық тұрғындардан білікті маман дайындау арқылы елдің экономикалық потенциалын сақтап қалу мүмкіндігін жібермеуге кіріскен. Бұл әрине біз үшін үйренерлік іс.

Жалпы неміс халқынан үйренерлік нәрсе жетерлік. Мысалы, білім беру тегін деген сөз дипломалу деген сөз емес. Мұнда біліктілікке өте ерекше көп көңіл бөлінетіндіктері ерекше байқалады. Сондықтан да, оқуға түсу деген сөз, сен диплом алып шығасың деген

сөз емес. Білімге талап өте күшті. Оқуға түсу мен диплом алу екеуі мүлде екі нәрсе. Оқуға тілек білдіргендердің бәрі бірдей қамтылғанымен, диплом алып шығуға бәрінің бірдей қолы жете бермейді екен. Осының өзінен ақ білімге деген талаптың ерекше жоғары екендігін аңғаруға болады. Мысалы, профессор Андресс Иаяр Германияның бүгінгі таңда білікті инженер мамандарына зәру болып отырғандығын айта отырып, соған қарамастан осы салада білім алушылардың 50 пайызынан астамы оқудан шығып қалатындығын қынжыла айтты. Бұл мемлекет үшін сегіз миллионнан астам қаражат шығынын құрайтындығын да айта кетті. Алайда, елге біліксіз маман мүлде керек емес. Сондықтан да, бұл елде жоғары оқу орнын бітіру емес, білікті маман болып шығу о бастан ақ әрбір студенттің басты мақсаты болып табылады. Неміс студенттері бұны әбден түсінген халық. Мұнда оқуға қабылдануда емес, оқып білім алуда нағыз бәсекелестік орнатылған. Бұл бәсекелестік елде мектептің өзінен бастап жолға қойылған. Мектептің алғашқы төрт сыныбын бітіргеннен кейін-ақ оқушылар білім деңгейлеріне қарай іріктеле бастайды. Осы төрт сыныпты ең жақсы аяқтағандары ғана гимназия мектептеріне іліге алады. Орташа деңгейі жоғары деңгейлі орта мектепте оқи алады да, қалғандары тек кәсіби мектепте оқуға іріктеледі. Осыған сай жоғары оқу орнының да үш түрі қалыптасқан. Гимназия мектебін бітірушілер классикалық университеттерде оқи алады. Ал жалпы білім беретін мектепті бітірушілер қолданбалы университеттерде оқи алады. Кәсіби мектепті бітірушілер жұмысшы мамандығын беретін оқу орындарында білімін жалғастырады да оқу мен тәжірибені ұштастыра отырып білім алады.

Курстың барысында ұйымдастырушылар о бастан-ақ бізді осы теория мен практиканы қатар қолдануды көздейтін дуальды оқу жүйесінің Германияда қалай іске асырылып жатқандығына баса назар аудартты. Осы мақсатта бірнеше өндіріс орталықтарында құрылған оқу өндірістік орталықтарының

жұмысымен танысуға бардық. Siemens компаниясына тиесілі орталықта «Өндірісте үздіксіз кәсіби білім беруді іс-жүзіне асыру» тақырыбында семинар өтілсе, Дортмунд университетінде «Технопарк арқылы студенттің инновациялық іс-әрекетін қолдау» тақырыбында семинар өтілді. Семинар барысында осы атаулы технопарктың студенттер өміріндегі алар орнымен жете таныстырылды. Әрі қарай Siemens өндірістік кәсіпорнының орталығында болып, осындағы білім алушылардың жағдайымен таныстық. Оқу орталығының оқу процесімен танысып көрдік. Керемет, тек бас шайқап, тандай қағумен болдық.

Осы оқу орнында білім алу Германияда басқа жоғары оқу орнында оқудан ешбір кемшілігі жоқ, керісінше жоғары сұранысқа ие. Аталған оқу орнына түсуші талапкер алдымен белгілі бір кәсіпорнымен келісім шарт жасауы қажет екен. Сол кәсіпорны талапкерге стипендия төлеп, оның барлық қаражатын қамтамасыз етеді. Есесіне сол талапкер атаулы кәсіпорында жұмыс істеуі шарт. Бұл қазіргі біздің елімізде енді қолға алынып келе жатқан дуальды білім алудың нағыз үлгісі. Бұл мәселе Германия елінде өте жақсы жолға қойылыпты. Атаулы кәсіпорындар жанынан оқу орталықтары ашылған.. Айтары жоқ, мұнда да сол білім алушылардың тек біліктілігін арттыруға деген құмарлығы көзге түседі. Барша Германия мемлекеті бойынша 41 кәсіби оқу орталығы 8 қалаға бөлініпті. Елде жұмысшы мамандығын алуға деген сұраныс өте жоғары. Биылғы оқу жылында бір орынға 23 талапкер келіпті. Конкурс жоғары оқу орнындағы орынға мүлде байланысты емес, керісінше конкурс кәсіпорындағы жұмыс орнымен тығыз байланысты шешіледі екен. Себебі, талапкер, ең алдымен, өзін жұмысқа қабылдайтын кәсіпорынмен шартқа тұруы қажет. Сол себепті де, биылғы оқу жылында өтініш берген 45000 талапкерден тек 6000 талапкер ғана осы кәсіби оқу орнына қабылданып отыр екен.

Бұл оқу орыны да жоғары білім береді. Алайда, біліктілік дипломын алып шығушылар тағы да аз көрсеткіште. Себебі, талап

өте жоғары. Студенттер үш күн сабақ оқып, үш күн кәсіпорында жұмыс істейді. Және сабақтан бос уақыттың бәрін студенттер кәсіпорында өткізеді екен. Және де осының бәрі ешкімнің қадағалауымен емес, тек студенттің жеке қалауымен ғана іске асырылады. Өйткені студент тағы да сол диплом алуды емес, білікті маман болып шығуды ғана көздейді. Бұл елде жұмысқа түрудың басқа ешбір де жолы жоқ екенін, мұнда әрбір студент терең түсінген. Қазіргі кезде неміс жастарының жоғары білім беретін классикалық университеттерден гөрі кәсіби біліктілік беретін осындай оқу орындарына ерекше қызығушылық танытушылықтарын да осы білікті маман болуға деген сұраныстың жоғарылағандығынан тануға болады.

ЖОО-да оқытудың ең жоғарғы тәсілі ретінде мұнда жобалау арқылы оқыту пайдаланылады. Жалпы Германия білім жүйесінде өз бетінше білім алуға ерекше көңіл бөлінеді. Мамандық бойынша міндетті пәндер алғашқы екі семестрде оқытылады да, кейінгі семестрлерде студенттер өзіне қажетті пәндерді таңдап оқиды. Бұның өзі студенттердің жеке қалауына берілген. Оқытушылардың жүктемесін студенттердің таңдау деңгейі анықтайды. Бұның өзі оқытушылардың бәсекелестігін туғызады, яғни әрбір оқытушы өз пәнін барынша қызықты өткізу жолында үздіксіз ізденісте болады деген сөз. Мұнда ежелден қалыптасқан білім саласындағы Гумбольд жүйесі қазіргі Болония жүйесімен осы тәсілде табиғи жарасымдылық тапқандай. Гумбольд жүйесі бойынша кім ғылыми зерттеумен айналысады, сол оқыта алады. Шәкірттерден де сол талап етіледі. Яғни, дәстүрлі дәріс оқу мүлдем жоқ десе де болады. Есесіне студенттер белгілі бір ғылыми проблеманың айналасында топтаса отырып, не жеке түрде ғылыми зерттеумен айналысады. Жетекші профессордан үздіксіз кеңес алу арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді. Зерттеу студенттердің еркін тақырып таңдауына кұрылған. Зерттеудің қалай ұйымдастырылуы толық студенттердің еркіне берілген.

Бұл арада студенттердің қателіктер жіберу мүмкіндігі де сақталады, қателесе отырып кейде ерекше жаңалыққа қол жеткізу мүмкін деп есептеледі. Ал, диплом жұмысының тақырыбы тек өндірістің қажеттілігінен туындайды. Яғни, студент өндірістің белгілі бір қажетті мәселесінің айналасында зерттеу жүргізіп, нәтижесін өндіріске енгізуі керек.

Германия елі англо саксон сипатындағы Болония жүйесін де аса сақтықпен қабылдап отыр. 2009 жылғы студенттер мен оқытушылардың Болония жүйесінің кемшіліктеріне қарсы бас көтергендерінен кейін бұл жүйенің артықтығы мен кемшіліктері қайта қарастырылыпты. Осы жылғы Германия жоғарғы оқу орындары ректорларының конференциясында студенттер делегациясының да, оқытушы профессорлардың да пікірлері ескеріле отырып, бұл жүйеге бірқатар өзгертулер енгізілген екен. Міне, осының бәрі біздің білім жүйесі үшін үйренетін жайлар. Яғни, мұнда профессор Дилан Уйлямның «Оқу үрдісін оқытушылар емес оқушылар айқындайды» деген сөзі толық басшылыққа алынады, білім алушыға ештеңе сырттан таңылмайды.

Германия елі білім саласындағы қашықтықтан оқыту мәселесін де нәтижелі жүзеге асырған ел болып саналады. Біз бұл тәсілмен танысу үшін Хаген қаласына орналасқан арнайы қашықтан оқытатын Мемлекеттік университетіне барып, олардың тәжірибесімен таныстық. Бұл оқыту тек интернет жүйесі арқылы іске асырылады. Оқуға тілек білдірушілер онлайн жүйесінде тіркеледі екен. Бакалавр деңгейінде алты семестр, магистратурада төрт семестр оқытылады. Білім алушылар өздеріне қолайлы уақытта, қолайлы жерде виртуалды түрде білім ала алады. Оқу материалдары толық интернет жүйесінен оқытылады, конспектіленеді. Берілген жаттығулар, тапсырмалар жүйесі де интернет арқылы оқытушыға жіберіледі. Алайда әрбір аяқталған модуль тек жазбаша қабылданады, бұл оқытушы мен студенттің кездесуі арқылы іске асады. Талап күшті, сондықтан мұнда да тек білімді студенттер ғана оқуын жалғастыра алады.

Қысқасы, Германия білім жүйесі біздің педагогикалық тәжірибемізге ерекше із қалдырады деп ойлаймыз. Бұл елдегі білім беру саласына деген жанды көзқарас кімді болса да тебіrentпей қалмайды.

Мемлекет басшысы «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек

Қоғамына қарай жиырма қадам» атты бағдарламалық мақаласында әлеуметтік жаңғырту мәселесін көтергені белгілі. Еліміздің әлеуметтік жаңғыруы ең алдымен білім саласына байланысты екенін ескерсек, ЖОО оқытушы профессорларының Германия секілді дамыған елдерден үйренері әлі де көп деп ойлаймыз.

ӘОЖ 373.2.016:51

Б.М.Қосанов

п.ғ.к., доцент

Магистратура және PhD докторантура Институты

Абай атындағы ҚазҰПУ

Б.Қайсар

II курс магистранты

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫНА ТАРИХИ ШОЛУ

Қазіргі заманғы педагогика ғылымы мектеп тәжірибесінде орын алып отырған кемшіліктерге ерекше назар аударып, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың, оны әлемдік талаптар тұрғысынан жаңа сапалық деңгейге көтеру мен ұлттық болмысқа сай жаңартудың жолдарын іздестіруде. Бұл аса күрделі міндеттерді шешуде ұлттық ойындардың алатын орны ерекше.

Мақалада қазақ халқының ұлттық ойындарының ғылыми-педагогикалық әдебиеттегі зерттелу тарихына қысқаша шолу жасалған және қазақтың ұлттық ойындарын зерттеудің тарихы мынадай төрт кезеңге бөліп қарастырылған: 1) Ресейдің отарлау саясатына дейінгі кезеңдегі зерттеу жұмыстары; 2) Ресейдің отарлау саясаты кезеңіндегі зерттеу жұмыстары; 3) Кеңес заманы кезеңінде жазылған ғылыми еңбектер; 4) Тәуелсіз Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстары. Мұнда қазақ халқының ұлттық ойындарын зерттеген аса көрнекті тұлғалар келтірілген, олардың қызметіне сипаттама және баға берілген.

Түйін сөздер: *ұлттық мәдениет, ойын, ұлттық ойын, ұлттық ойындардың зерттелу тарихы, қимыл-қозғалыс ойындары, спорттық ойындар, этнопедагогика.*

Современная педагогическая наука обращает особое внимание на некоторые недочеты, которые встречаются в школьной практике и ищет новые пути организации учебно-воспитательного процесса, поднятия его на международный уровень и обновления на основе национальных традиций. При решении таких грандиозных задач особое место занимают национальные игры.

В статье дается краткий обзор истории исследования казахских национальных игр в научно-педагогической литературе, причем эта история разбита на четыре этапа: 1) Исследования, проведенные до колониальной политики России; 2) Исследования, проведенные в

период колониальной политики России; 3) Научные труды, написанные в советский период; 4) Научно-исследовательские работы, проведенные в суверенном Казахстане. Здесь представлены все наиболее крупные исследователи казахских национальных игр, дана краткая характеристика и оценка их деятельности.

Ключевые слова: национальная культура, игра, национальная игра, история исследования национальных игр, подвижные игры, спортивные игры, этнопедагогика.

The modern pedagogical science pays special attention to some defects which meet in school practice and looks for new ways of the organization of teaching and educational process, it's raising on the international level and updating on the basis national traditions.

At the solution of such grandiose tasks the special place is taken by national games, national traditions. In article the short review of history of research the Kazakh national games in the scientific and pedagogical literature is given, and this history is broken into a four stages: 1) The researchers conducted to a colonial policy of Russia; 2) The researchers conducted in the period of a colonial policy of Russia; 3) The researchers conducted in the period of a colonial scientific works, written to the soviet period; 4) The research works which have been carried out sovereign Kazakhstan.

Here all most outstanding researchers of the Kazakh national games are presented, the short characteristic and assessment of their activity is given.

Keywords: national culture, game, national game, history of research of national games, outdoor games, sports, ethnopedagogics.

Қай халықтың болмасын ежелгі замандардан бастап қалыптасқан өзіндік мәдениеті, сондай-ақ оның ажырамас бір бөлшегі болып табылатын ұлттық ойындары болады. Қазіргі күні ұлттық ойындардың адам баласы жасаған жеті кереметтен кейінгі сегізінші болып аталып жүруі оларға деген қызығушылықты арттыра түсетіні сөзсіз. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ халқының ұлттық ойындарының ғылыми тұрғыдан зерттелу жағдайы арнайы талдаулар жасауды қажет етеді. Қазақтың ұлттық ойындарын зерттеу мәселесімен педагогтар мен психологтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар, өнер қайраткерлері және т.б. түрлі саладағы ғалымдар шұғылданған. Біздің ойымызша, осы мәселеге байланысты зерттелген ғылыми еңбектерді төмендегідей бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Ресейдің отарлау саясатына дейінгі кезеңдегі зерттеу жұмыстары;

2. Ресейдің отарлау саясаты кезеңіндегі зерттеу жұмыстары;

3. Кеңес заманы кезеңінде жазылған ғылыми еңбектер;

4. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары.

Қазақтың ұлттық ойындарының тарихы туралы алғашқы деректерді Рашид - ад дин, Низами, әл - Мулк, Мосуди, Махмұд Қашқари сынды ғұламалардың, сондай-ақ Плато Карпинидің, Марко Полоның, А.Вамберидің, А. Гумбольдтың және т.б. саяхатшылардың жазбаларынан кездестіруге болады. Мәселен, Европа саяхатшысы Марко Поло Жетісу жеріндегі үлкен бір жиында «Қыз куу» және «Қыз бөрі» ойындарын көргенін өз естеліктерінде тамаша суреттейді. Міне, осыдан-ақ ұлттық ойындардың зерттелу тарихының тым тереңде жатқандығын аңғаруға болады.

Қазақ халқының ұлттық ойындары Ресейдің отарлау саясаты кезеңінде біршама тереңірек зерттеле бастады. Бұл кезеңде қазақ халқының бай этнографиялық мұраларын жинаған және оның ішінде ұлттық ойындардың оқу-тәрбиелік маңызы туралы пікір айтқандар К.А.Покровский, Н.И. Гродеков, Ә.Диваев, Н. Пантусов, Е. Букин, О.Әлжанов және т.б. болды. Осы кезеңдегі іргелі зерттеулердің бірі Ә.Диваевтың «Игры киргизских детей» атты еңбегі болып табылады. Бұл еңбегінде ол алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарасты-

рады. Ә.Диваев алғашқы топтағы ойын түріне рулық - қауымдық құрылыс кезеңінде пайда болған ойындарды, екінші топқа қозғалыс ойындарын, үшінші топқа спорттық ойын түрлерін жатқызады. Ізденуші-этнографтың дәлелдеуінше, халық ойындары балалардың іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын дамытумен қатар денсаулығын шыңдауда тездетуші үрдіс әрекетін атқарады. Ә.Диваев «Как киргизы развлекают детей» деген тағы бір мақаласында «Бес саусақ» ойыны мен саусақ атауларын келтіреді және саусақпен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелеп, шынықтырудың үлкен философиялық мағынасы жатқандығын айтады.

XX ғасырдың басында Түркістан генерал-губернаторының арнайы тапсырмасымен Орта Азия халықтары туралы этнографиялық деректер жинақталып, олардың ұлттық мәдениетінің бір саласы – халық ойындары зерттеу нысанына айнала бастады. Осыған орай орыс ғалымы А.Васильев «Игры сартовских детей» атты мақаласында өзбек халқының ұлттық ойындарының бірнеше түрлерін ажыратып, оларды топқа бөліп, нақты зерттеген. Ізденіс барысында автор Ферғана балаларының күнделікті ойнайтын ертеден келе жатқан дәстүрлі «Гимчук тушты бошимга» ойыны Ташкенттегі сарт балаларына таныс емес екендігін айтады. Ал М.Гавриловтың «Перепелиный спорт у Ташкентских сартов» атты мақаласында өзбек халқының ойын түрлері, олардың арасындағы айрықша маңыздысы жыл мезгілдерінің белгілі уақытындағы «Құстар ойынын» (тауық, қаз, т.б.) ойнаудың ережесі мен тәртібі жан-жақты зерттелді.

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тереңірек тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алехторов. Бұл орайда оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» атты еңбегін атап айтуға болады. Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы ұлттық ойындардың алатын орнын және олардың балалардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы қажетті жақтарын ашып көрсетеді.

Қазақ ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин ұлттық ойындардың балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін, адам баласының ойлау қызметін танып түсінудегі, жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіндегі мән-маңызын жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ұлттық ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, баланың ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, дене тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды.

XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді:

1. Жалпы ойындар;
2. Қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар;
3. Ашық алаңқайдағы ойындар;
4. Қыс мезгіліндегі ойындар;
5. Демалыс ойындары;
6. Ат үстіндегі ойындар;
7. Аттракциондық-көрініс ойындары.

Қазақтың қимыл-қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қараған ол ұлттық ойындарға осылайша топтамалық жіктеу жасай отырып, оларды оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен пайдалану туралы ұсыныс жасайды. Бұл жерде айта кететін бір жайт, Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің 1943 жылғы шешіміне сәйкес, М.Гуннердің «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» атты еңбегі толықтырып және өңделіп, 1949 жылы қайта басылып шықты.

Біздің тарапымыздан ғылыми-педагогикалық әдебиетке жасалған талдаулар ұлттық ойындардың оқу-тәрбиелік маңызы туралы мәселенің Кеңес дәуірі жылдарында біршама тереңірек зерттелгенін байқатты. Атап айтқанда, қойылып отырған мәселенің теориялық - әдіснамалық негіздері және ұлттық ойындардың педагогикалық мүмкіндіктері Е.Сағындықовтың, Б.Төтенаевтың, М.Тәнекеевтің, М.Балғымбаевтың, Ә.Бүркітбаевтың, Н.Ахметовтың, А.Құралбекұлының, А.Айтбаеваның және тағы да басқа ғалымдардың еңбектерінде сипатталып жазылған.

М.Тәнекеевтің «Казахские национальные виды спорта и игры» атты еңбегі қазақтың ұлттық ойындары жүйелі түрде зерттелген алғашқы туынды ретінде бағаланады. Бұл зерттеуінде ол қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызын ашып көрсетті, сонымен қатар, ұлттық ойын ұғымына анықтама беріп қана қоймай, мұрағат деректеріне сүйене отырып, қазақтың ұлттық ойындары туралы алғаш рет ғылыми сараланған пікірлер айтты. М.Тәнекеевтің еңбектерінде қазақ халқының ұлттық ойындары сол заман талаптарына сай идеологиялық көзқарас тұрғысынан зерттелгеніне қарамастан, бүгінгі күні де өз құнын жоймаған, ғылыми тұрғыдағы аса жоғары еңбек болып табылады. М.Тәнекеевтің басшылығымен бұдан басқа да бірнеше ғылыми монографиялық еңбектер жазылды.

Кеңестік кезеңде ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін тереңірек зерттеген тағы бір ғалым Б.Төтенаев болып табылады. Ол «Қазақтың ұлттық ойындары» атты еңбегінде ұлттық ойындарды бірнеше топқа бөліп қарастыра отырып, олардың өскелең ұрпақ үшін тәрбиелік мәнін дәлелдеп, зерделеген. Аталған автордың қаламынан ұлттық ойындардың ертеңгі болашаққа керекті қасиеттері зерттелген басқа да қомақты еңбектер дүниеге келді.

Е.Сағындықовтың «Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану» деп аталатын ғылыми монографиясында қазақ мектептерінің I-ҮІ сыныптарында пайдалануға боларлықтай қазақтың ұлттық ойындарына педагогикалық талдаулар жасалды, оларды оқу-тәрбие жұмыстарында пайдаланудың мүмкіндіктері мен қажеттілігі негізделді.

Ө.Бүркітбаевтың «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» атты жинағында ұлттық спорт ойындарының жастар өміріндегі алатын орны, тәрбиелік маңызы және ат спорты мен ұлттық

ойындардың ережелері қарастырылса, М.Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойынының түрлері» деп аталатын еңбегінде ат спортына қатысты бәйгеден бастап «Жорға жарыс», «Аударыспақ», «Жамбы ату», «Аламан бәйге» және т.б. жарыс түрлеріне салыстырмалы талдаулар жасалған.

Еліміздің тәуелсіздік алуы қазақтың ұлттық ойындарын зерттеу мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етті. Осы орайда соңғы жылдары бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді (Е.Мұхиддинов, Н.Ахметов, А.Құралбекұлы, А.Айтбаева, т.б.). Е.Мұхиддинов қазақтың ұлттық ойындарын қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құрылыммен байланыста қарастырады. Ол дене шынықтыру пәнінің теориялық дәлелдемесін қазақтың ұлттық ойындарының тәжірибелік жағымен біртұтас алып қарайды. А.Құралбекұлы қазақтың ұлттық ойындарына этнопедагогика материалдарының ғылыми-теориялық негіздеріне сүйене отырып талдау жасаса, А.Айтбаева қазақ халқының ұлттық ойындарын орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу құралы ретінде пайдаланудың теориялық-әдістемелік негіздерін зерттеді. Бұл авторлардың түйіндеп айтатындары, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы – оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде.

Сонымен қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық ойындары туралы алғашқы пікір айтушылар мен оның жекеленген нұсқаларын жинаушылардың, сондай-ақ оларды ғылыми тұрғыда зерттеушілердің қай-қайсысы болмасын, ұлттық ойындарды жоғары бағалап, олардың білімдік және тәрбиелік мүмкіндіктерін ерекше атап көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Диваев Ә. Қазақ балаларының ойындары // Тарту. – А., 1992.
2. Васильев А. Игры сартовских детей // Вопросы воспитания и образования. – Ташкент, 1967.

3. Гаврилов М. Перепелиный спорт у Ташкентских сартов // Туркестанские ведомости. № 42, 1902.
4. Алекторов А. О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей. – Орынбор, 1891.
5. Гуннер М. Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта. – А., 1949.
6. Танекеев М. Казахские национальные виды спорта и игры. – А., 1957.
7. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – А., 1994.
8. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану. – А., 1993.
9. Бүркітбаев Ә. Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні. – А., 1985.
10. Балғымбаев М. Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері. – А., 1985.

ӘОЖ 8.82-1.82-14

Т.С. Тебегенов,

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр Академиясының академигі,
ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі
Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі*

ҮЙЛЕНУ САЛТЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМЫ

Тұрмыс-салт жырларының үлкен салаларының бірі – үйлену салты өлеңдері екені белгілі. Халық әдебиетінің күнделікті тұрмыстық жағдайларда ең белсенді қолданыста болуын көрсететін той бастар, той тарқар, жар-жар, сынсу, жұбату, беташар, құттықтау атты түрлерін ақындар шығарады, олар шығарған дайын өлеңдерді әуелде өздері орындағанмен келе-келе сол аймақтағы үйлену тойларында сол бастапқы өлеңдік нұсқасы ауыздан-ауызға жатталып қолданылады. Мақалада осы жайлы кеңінен ашылып жазылған.

Түйін сөздер: салт, тәрбие, жыр, әдебиет, фольклор, тағылым.

Известно, что одна из больших отраслей бытовых песен – свадебные песни. Как показывает народная литература, в ежедневных бытовых случаях активно употребляются той бастар, той таркар, жар-жар, сынсу, жубату, беташар, поздравления, которые сочиняют поэты, сначала авторы исполняют их сами, после чего современем песенная форма заучивается наизусть и исполняется на свадьбах округа. В статье обширно написано об этом.

Ключевые слова: *обычай, воспитание, песнь, литература, фольклор, урок.*

It is known that one of the great industries of household songs – wedding songs. Folk literature shows, that popular in daily household cases actively used to bastar, to itarkar, fever-heatsynsu, zhubatu, betashar, congratulations, poets who write, perform their first authors themselves, then shape modern

songs memorized and performed at weddings of district. The article written about this extensively.

Keywords: *custom, education, song, literature, folklore, lesson.*

Тұрмыс-салт жырларының үлкен салаларының бірі – үйлену салты өлеңдері. Тарихи – этнографиялық деректер бойынша әлемдегі барлық халықтардың тұрмысында осы салтқа қатысты жырлардың тұрақты қолданылып қалыптасқандығы белгілі. Құдалыққа жаушы жіберуден бастап келін түсіру тойын аяқтағанға дейінгі аралықтағы толып жатқан ырымдардың, жоралғылардың жағдайларына қатысты шағын шумақтардан бастап көлемді жырлар айтылады. Той бастар, той тарқар, жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар, құттықтау деп аталатын өлеңдерді шығарушылар да, айтушылар да ақындар, жыраулар. Әрине, ғұрып, салт рәсімдері орындалғанда кейбірін ғана қалыңдық (сыңсу), күйеу мен қыздың жолдастары (жар-жар, неке қияр) жаттап алып айтады. Зерттеуші Б.Уахатов түркілік-монғолдық, (қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, татар, бурят) және славяндық орыс, украин, беларус), африкалық халықтардың үйлену салтында айтылатан өлең-жырлардың ұқсастықтарының, тектестіктерінің типологиялық сипаттарын салыстыра келіп былай дейді: «Әрине, үйлену тойы және сол той кезінде айтылатын өлең-жыр, орындалатын – жол-жора, әдет-ғұрыптар дүние жүзіндегі елдердің үлкенді-кішілі халықтардың бәрінде де бар. Бірақ, әр халық, әр ұлт мұны өзінше өткізеді. Өзінің талай мыңдаған жылдарды көктеп өткен ата-дәстүрін, ой-сана салтын сақтайды [1,66].

Халық әдебиетінің күнделікті тұрмыстық жағдайларда ең белсенді қолданыста болуын көрсететін той бастар, той тарқар, жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар, құттықтау атты түрлерін ақындар шығарады, олар шығарған дайын өлеңдерді әуелде өздері орындағанмен келе-келе сол аймақтағы үйлену тойларында сол бастапқы өлеңдік нұсқасы ауыздан-ауызға жатталып қолданылады. Ежелгі замандардағы мұндай өлеңдердің авторлары белгісізденіп кетсе де кейінгі ғасырлардағы осындай өлеңдердің белгілі ақын-жыраулардың

шығармашылығына тән екендігі, авторлығы сақталып келгендігі айқын.

Үйлену салтына байланысты өлеңдердің ежелгі замандардағы авторлары мүлдем ұмытылып кеткендерінің сол нұсқалары да жаңаланады. Мысалы, жыраулар, ақындар жар-жар өлеңдерін топтық айтыс түрінде дайындап бергендіктен әдетте шығарып беруші автордың есімі бәрібір аталмайды.

Ал, үйлену салтына байланысты өзгертүрлер XIX-XX ғасырлардағы халық ақындары шығармашылығында тұрақты жырланады.

Той бастар – үйлену тойының басталу кезінде жиналған халықтың қуанышты көңілдеріне лайықты игі тілектер мазмұндалатын жыр. Той бастар өлеңінің мазмұнында қалыңдық пен күйеу жігіттің туып-өскен елінің, ата-аналарының, ағайын-туыстарының жақсы қасиеттері туралы жырланып, сол жақсы қасиеттерді бас қосқалы отырған қалыңдықтың, күйеудің жалғастыруы керектігі туралы игі тілектер айтылады. Той бастар – құда болып отырған екі жақтың ғасырларға созылған туыстығын, ұрпақтар жалғастығын бейнелі, салтанатты өлең тілімен түсіндіретін тілектестік жыры. Мысалы, Шернияз Жарылғасұлы ақынның Байғамбет сұлтанның қызы Ақыл Қаныкейдің тойын бастаған «Той бастар» – қыздың ұзартылу тойындағы жыр. Қыз ұзару тойы – қазақ тұрмысындағы ғұрыптық оқиғалардың ең маңыздыларының бірі. Сөз арқауы – қыздың әкесіне, қыздың өзіне, жұртшылыққа ата-бабалық дәстүр жолының мәңгілік жалғастығын ұғындыру. «Ассалаумағалейкум, алдияр хан!» деп бастаған ақын жырының негізгі нысаны – перзентін мәпелеп өсірген әке көңілінің қызы кетердегі құлазыған әлемін суреттеу және Адам-Ата мен Хауа-Анадан бері келе жатқан жыныстық жұптасуды мойындау заңдылығын айту. Қызына арналған әкелік махаббаттың шексіздігін ұзатылғалы жатқан қалыңдыққа қарата

айту арқылы ақын адамдардың бір-бірімен кезеңдік қонақтардай ғана бірге жүретін тіршілік тынысын елестетеді:

Атаңыз қиналады «Кетеді», - деп,
«Қайсы қыз шырағыма жетеді», - деп.
«Көшкенде көштің көркі көгершінім,
Қадірі кетсе мұның өтеді», - деп
Атаңыз қиналады сіз кеткенге,
Көзінің қарашығы қыз кеткенге.
Табылмас байекеме сіздей бала,
Алты жүз арғымақпен іздеткенде [2, 426].

Шернияздың осы «Той бастарының» тұтас жемісін құратын нәрсе – лирикалық кейіпкердің көтеріңкі көңілді әуенді желпіністі сөздері. Жаратушы жалғыз хаққа сиына жырлаған ақынның имандылық-адамгершілік тәлімін ту еткен көңілінің мөлдір аспаны жарқырап көрінеді:

Сиынып бір Құдайға сөз сөйлейін,
Тіліме жәрдем болғай бір Алладан.
Той қылса қара қазақ әркім де айтыра,
Бұл тойда топтан озған мен айтамын
Сөйлемес бөтен қазақ мен тұрғанда,
Аузымда тәнірі берген жел тұрғанда... [2, 426].

Сонымен қатар, ақын «Той етіп, қыз ұзатқан хақ бұйрығы» екенін айта отырып, ұзату тойы барысындағы қыз жылауының да әдептілік шеңберінде ғана болуы керектігін ескертеді:

Той етсе, әдепсіз қыз көп жылайды,
«Айтсын» – деп – «бауырмал қыз», - деп жылайды [2, 426].

Бұл той бастар өлеңінің қорытынды бөлімі – ұзатылғалы отырған қызға ақынның бата-тілек жыры. Жұбайлық-жұптық тұрмыстың байлыққа, молшылыққа, сән-салтанатқа берекеге толы болуын тілей жырлаған ақын жыры – халық көңіліндегі ойларды қорыта жеткізген тілектер:

Алғаның Хан Жәңгірдей бақты болсын,
Алтыннан күміспенен тақты болсын.
Ақ үйің ойда тұрған қырға қонсын,
Ақ тісің аузыңды ашсаң нұрға толсын.
Үйіңе үлде менен бүлде толсын,
Болмаса күндіз пұрсат, түнде толсын.
Жасаған, айтқан сөзім түс келтіріп
Үйіңе Қызыр, Ілияс келіп қонсын [2, 427].

Той иелері құдалардың қуанышына, ағайынның, жалпы халықтың көңіл-күйіндегі ыстық ықыласты ұштастыра жырлай отырып, той бастарды айтушы өзінің қатысушылардан тойды қызықты өткізуге белсене атсалысуын сұрайтын талап-тілектерін ескертеді. Демек, той бастар өлеңінің композициялық құрылымы көбінесе, мынандай болып келеді: бірінші – той иелеріне құттықтау тілек арнау; екіншісі - қалыңдық пен күйеу жігітке бақытты ғұмыр, отбасылық татулық тілеу. Үшіншісі - қатысушы халық пен той иелерінің тілектерін ұштастыра жырлау; төртіншісі – тойға қатысушы қауымның белсенді жанашырлық қызметін талап ету; бесіншісі – ақынның өзінің тілеулестік көңілінің тазалығын даралай, айқындау жырлауы. Мысалы, Қашаған Күріманұлының (1841-1929) «Той бастар» атты өлеңі осындай композициялық құрылысымен ерекшеленеді. Той салтанатының мазмұнындағы әуелі халыққа хабар тарату, ат жүйрігі тұлпарды бәйгеге қосуға жарату, әшекейлеп жасанту, жыршыларды, ақындарды той үшін ел жақсыларының алдында жырлату, отау тігіп, от жағып, түн қатып - түс қашып жүрген күтушілердің құдаларға мінсіз қызмет атқаруын ескерту, салт-жоралар сүт ақы, ілу т.б.) – халықтың тұрмысына тән дәстүрлі этнографиялық мәселелер суреттеледі.

Ақынның бейнелеуіндегі қыздың ұзатылу тойының суреттелуі қайталанбас салтанат. Ақынның тілімен айтқанда «Той – адамның қазынасы». Той бастар өлеңнің арқауы – екі жыныс өкілінің жұптасып өмір сүру заңдылығын айту. Ақын Адам-Ата мен Хауа-Ананың жұптасуында олардың некелерін Исраил мен Мекайл атты екі періштелер қиғанын, Расулы пайғамбарымыздың Хадишаны алғанда олардың некесін қиюға Алла Жебірейілді жібергені, ал той өткізу дәстүрі Атымтай Жомарттан қалған жол екендігі жырланады. Қашаған ақын осы той бастар өлеңінде ұзатылғалы тұрған қыздың түр-тұлғасын, ұзатылар алдындағы алабұртқан көңіл-күйін лирикалық тол-

ғаныс тұрпатымен бейнелей жырлайды.

Арғымақ аттай әнденген,
Сөйлесе сөзін пәмденген.
Тоты құстай таранып,
Бойыңды түзеп сәнденген.
Өтейін деп отырсың,
Балдырды Балқаш көлдерден...
...Жылай көрме, жарқыны,
Кетемін деп жыраққа.
Бақыт берсе басыңа,
Ел-жұртың болса қасыңда.
Айналарсың айтулы
Шалқыған шалқар бұлаққа [3, 50].

Ұзатылғалы тұрған қызға қарата айтылған тілегінің тағы бір тармағы – қалыңдықтың анасы туралы толғанысы. Тоғыз ай он күн көтеріп дүниеге әкеліп, бұл күндерге дейін тәрбиелеген ана еңбегі, оның адамгершілік қасиеттер тұнған асыл келбеті шынайы реалистік, әрі арманды романтикалық тілмен бейнеленеді. Той бастар өлеңіндегі негізгі желі – ақынның лирикалық сезімге толы өз тұлғасының жырлануы тойдың қалың ортасында халыққа, қалыңдыққа қарата тәрбиелілік-тәлімдік ізгі ойларын түйдек-түйдек төгіп тұрған ақын өзінің азаматтық-ақындық тұлғасын шабытта-на бейнелі тіл өрнектерімен өре жырлайды:

Шын шабытым келгенде,
Ағыным тасты аударған.
Мен бір қайнарлы өзен, бұлағың...
...Бұл жерлерде сөйлейтін
Біз секілді кемел бар...
Арқасы құрғыр қозғанда,
Жауар бұлттай қаптаған.
Ойқтап барып тоқтайын,
Қатты кетсем қайырылмас,
Мен – басы қатты ақтабан [3, 51].

Беташар – келінге қарата айтылатын тәлім-тәрбиелік мазмұндағы жыр. Мазмұнындағы өсиет-өнеге, үгіт-насихат, талап-тілек айту жақтарынан фольклордағы өзге жанрларға үндесетіндігі бар, ал үйлену салтына қатыстылығы жағынан бұл жанр тек қана қазақ пен қарақалпақ халқының фольклорында ғана кездеседі.

Келін боп түскен күннен бастап шымылдықтың ішіне кіргізілген келіншектің бетін

ешкімге көрсетпейді. Той өтіліп жатқан күннің ең маңызды сәті – атасының және енесінің, жиналған ағайын-туыстардың көрші-қолаңның алдына басына желек жауып әкелінген келіншектің бетін өлеңмен жырлап ашу. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» деген этнографиялық мақаласындағы суреттеудің байырғылық нұсқасы шынайы: «Кешке келіншекті атасының үйіне әкеліп кіргізеді. Келіншек келерден бұрын ол үйге қонақтар, күйеудің барлық туысқандары, жыршылар жиналады. Келіншектің ең алғаш атасының үйіне келуі мынадай түрде болады: екі әйел оны екі жағынан қолтықтап, бір топ әйел оған ере келіп үйге кіреді. Келіншек табалдырықтан аттаған бойдан ошаққа жеткенше тізесін бүгіп үш рет сәлем етеді, содан кейін үй ортасында жанып тұрған отқа бір бақыраш май құяды (бұл майды қатындардың бірі дайындап тұрып, сол жерде келіншекке бере қояды). Лапылдап жанған майдың жалынына кемпірлер қолдарын тосып: «от-әулие, май-әулие» деп беттерін сипайды. Осыдан кейін келіншекті үйдің сол жағына есікке таман апарып отырғызады. Сол кезде жыршы беташар өлеңін айтады. Онда: «Атаңды сыйла – ол сенің әкең, енеңді сыйла – ол сенің шешен, күйеуіңді сыйла – ол сенің қожан, өсек айтпа» деген сияқты өсиеттер айтылады. Жыршы оқтын-оқтын «Қайын атаңа бір сәлем» не басқаларын айтып, соған «бір сәлем» деген кезде, – келіншектің қасында отырған әйел келіншектің бетіндегі бүркенішін бір көтеріп, қайта жабады, келіншек тұрып, сәлем етеді. Әрбір осындай сәлемнен кейін, сәлем арналған адам, осы сәлем үшін беретін кәдесін жариялауы керек. Қайын атасы айғыр үйір жылқы, туысқандары шапан атаулары мүмкін т.с.с.»[4, 156-157].

Беташар – әуелі жыршылар, жыраулар, ақындар сол той үстінде суырып салмалық (импровизациялық) жағдай да шығарылып, сол сәтінен бастап бірден халықтық, ауызшалық-фольклорлық сипат ала-

тын жанр. Беташар жырларының әртүрлі көлемдегі нұсқаулары жаттап айтушы орындаушылардың өнері арқылы үйлену тойының ең маңызды бөлігі болып әлі күнге дейін сақталып жалғасып келеді. Орындаушының сөз бен саз тоғысқан әуезділік құдіретімен беташар жырының басты кейіпкері жас келіншекті де, тыңдаушы қауымның қартынна бастап ең жасына дейін бәрінің де жан-жүйесін, көңіл-күйлерін елжіретеді. Беташар жырының мазмұнында салиқалы, салмақты тәлім-тәрбиелік қуатты ойлар түйдектеле төгіліп тұрып, тыңдаушы қауымның көңілдерін сергітіп, жеңіл қалжын, күлкі шуағымен жылытып отыратын да құдіреті бар. Бұл – беташар жырын тыңдаушылық ықыласты әлсіретпеу үшін қолданылатын қазақы қалжын әдісі. Беташар жырын орындаушы – халық өнерінің бірнешеуі тұтаса жүретін синкретикалық сипатын меңгерген тұлға. Сондықтан, ол үнінің ашықтығын, жырдың тұтас желісінде қолданылатын әуен-сазбен қосыла өрілетін әуез аспабының (домбыра, сырнай), үйлесімділігін, сөздердің анық естілуін, сөз мазмұны мен бет құбылыстарының сәйкестілігін – бәрін де жоғары шеберлік деңгейінде меңгеруі тиіс.

Беташар – үйлену салты өлеңдерінің ең басты түрі. Беташар өлеңінің халық әдебиетінде қалыптасқан үлгілерінде мынадай мазмұндық - композициялық құрылым сақталады: бірінші бөлімде – келінге ауыл-аймақты, ағайын туысты, ата-енесін, қайнағалары мен абысында-рын, қайынсіңілілерін, жақын туыстары мен ауылдағы көрнекті кісілерді таныстырады, соларға жеке-жеке сәлем жасатады, есімдері аталғандардан көрімдік сұралады. Беташардың екінші бөлімінде келіннің осы жаңа ортадағы мінез-құлықтық дағдыларының қандай-қандай болуы керектігі хақындағы ақыл-кеңестер айтылады.

Беташар – авторлық ақындық поэзияның лирикалық өлеңдері қатарынан орын алатын шығармалар. XIX-XX ғасырлардағы ақындар поэзиясында беташар өлеңдер тұрақты жыр-

ланып келеді. Мысалы, Базар Оңдасұлының, Өсет Найманбайұлының және т.б. ақындардың өлеңдері беташар өлеңдерінің лирикалық арнау, толғау қалпындағы эстетикалық табиғатын айқындайды.

Беташар – ұлттық тәлім-тәрбие негіздерін бойына мол жинақтаған өлең. Өлеңнің мазмұнындағы тәлім-тәрбиелік насихатты бойына сіңірген жас келіннің сол өзі келген әулеттен, ауылдан өсіп-өнетін жас ұрпақтың үлгілі тәрбиешісі болатыны анық. Халық ақындары дәстүрлі фольклордағы осы жанр үлгісіндегі шығармаларында халықтық тәрбиенің осындай мақсатына орай жырлайды. Базар Оңдасынұлы «Беташар» атты өлеңі – халық әдебиеті дәстүріндегі осындай шығарма. Өлеңнің композициясындағы бірінші бөлімде әлеуметке қарата сөз арналды, ежелгі салт бойынша кемпірлердің шашуы, көпшіліктің көрімдік беруі сұралды. Көпшіліктен кешірім сұрай отырып, берілген батаның да сатулы болмауы ескертіледі. Сондықтан, ақын ауыл-аймаққа қарата сөз сөйлегенмен, назардағы негізгі тұлға келінге бағытталған сөздің желісі өлеңнің басынан аяғына дейін үзілмейді.

Беташар өлеңі – қазақы тұрмыстың ұлттық ерекшеліктерін этнографиялық табиғи қалпында сурттеуімен ерекшеленетін жанр. Келін – бір үйдің не әулеттің ғана емес, тұтас бір ауылдың адамдарының қатарына қосылатын жаңа кісі. Сондықтан, ақын өлеңінің басынан аяғына дейін келінге арналатын жаңа бір ойды «Тыңдасаң келін зейіліңмен айтылған сөзім өнеге» деп немесе сәлем жасатарда «кел, кел келін, керілмей бой күйез тартып ерінбей!» деген қаратпа мәнді арнау сөздермен жырлайды. Өлеңнің халықтық әдет-ғұрыптық мазмұнын құрайтын негізгі бөлімінде атасы мен енесіне, қайнағаларына сәлем жасату бөлімдерінде жас келіннің әулеттің ең үлкен иелерін құрметтеуіне солардың алдында кішіпейілділік, әдеттілік дағдыларынан жаңылмау айтылады:

Қынжылмай қызмет ете бер,
Көп жасаған көнеге.

Ерте тұрып, кеш жатып,
Әдептілікпен тіл қатып
Ауырлап сөзін елеме...
...Айтылса әзіл шын көріп
Ұрысынды байлама...
Ыржаңдатып аузыңды
Сөк құйып сағыз шайнама.
Үйде отырған кісінің
Жел жағынан шаңғытып,
Баспақ тана айдама,
Қонақ келсе үйіңе
Мініп келген көлігін
Босағаға байлама[5, 103].

Келіннің абысын – ажындарының әрқайсысын «шешей» деп атап, олармен тату-тәтті қатынаста болуы – ауылдағы барлық үйлердің ынтымағын арттыратын негізгі дәнекерлік құбылыс. Ал, күйеуінің туған інілерінен, қарындастарынан бастап, осы ауылдағы жасы кіші бозбалалардың бойжеткендердің барлығы – келіншектің қайнылары, қайынсіңлілері. Бұлар – келіншекке тілеулес ең жақын жүретін жас қауым. Келіншек олардың әрқайсысына сүйкімді есім қойып еркелетеді. (Мысалы, «Мырза жігіт», «Шырайлым», «Кенже бала», «Әдемі», «Жайсаң» т.б.) Ақын өзінің өлеңінде бұлармен қоса осы әулетке, ауылға қатысты барша қауымға жеке-жек иілтіп, арнайы сәлем жасату арқылы ауыл-аймақты мәңгілік құрметтеу тағылымын ұғындырады.

Беташардың сәлем жасату бөлімінде қазақ ауылының күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі күйкі қылықтар да юмор, әжуа тілімен сыналады:

Ерте жатып кеш тұрған,
Тұрса сөзді жостырған.
Бір отырған жерінде,
Ерте күнді кеш қылған.
Бетінен алып ерінің,
Еңбегін әбден еш қылған.
Осылардың ішінде
Бар болса сондай жеңгелер,
Мінезін түзеп жөнделер
Оларға да бір сәлем!
...Үй қалдырмай қыдырған,
Өзір асқа сұғынған

Аты аталмай қатардан,
Қыдырмалар да қалыпты,
Оларға да бір сәлем! [5, 103]

Беташар – қазақы қалжыңды, сонымен қатар, тәлімдік-тәрбиелік ойларды мағыналы, бейнелі тілдік өрнектер арқылы көрсететін жанр. Адамның рухани тұлғасын дәл суреттеу арқылы келінге қаратылған сөз астары жалпы қауымның мүшелеріне де тәрбиелік ықпал жасады. Мысалы: «Төбедей болып төрдегі, отырған анау атаңыз», «Шыдамсыз кілең қайнаға», «Жүгіртетін әр сакқа тілі сүйір шешендер, құлағы түрік көзі, ашық абысын-ажын шешендер», «Қариялардың кеңесі – ұшан-теңіз дария», «Ат тағылса қалмайды, ақ та болсаң қарасың», «Салмақты болсаң білімді», «Бой күйезденіп ұйқыны бойыңа үйір дос етпе», «Сұғанақ келін атанба» т.б. Бейнелі тіркестер келіннің түр-тұлғасын (портретін), оның туған елі мен осы келген ауылдың келбетін де әсемдік қалпында елестетеді:

Бір көлдің, келін, аққуы ең,
Қайырлы болсын бұл қонған.
Бұйрықты қоныс көліңіз.
Тал-шыбықтай бойлаған,
Тай-құнандай ойнаған
Қалды ол жақта бұрынғы
Туып-өскен еліңіз [5, 103].

Базардың беташар өлеңінің үшінші бөлімі келінге қарата айтылатын насихат. Бұл бөлімде беташар айтылып тұрған бүгінгі күннен бастап ауылдағы әжеге айналғанға дейінгі аралықтағы зайыптық-жұбайлық ғұмырды өнегелі өткізу өсиеті айтылады. Күнделікті тұрмыстағы сыпайылық, сынның мінезділік, аштық пен тоқтыққа бірдей сабырлылық, дастарқаны жаюлы мырзалық, еңбек сүйгіштік, ата-енесін, ерін айрықша құрметтеу уағыздалады:

Ықыласыңмен қызмет қыл,
Қосылған қалап еріңе.
Ерегісіп еріңнің,
Келме қарсы шебіне.
Көңілін тапсаң кейітпей,
Ол да сыйлар сені де [5, 103].

Беташар–халықтықмәдениетқағидаларын

түсіндіруші жанр. Базардың бұл өлеңінің осы үшінші бөлімінде халықтың мол жиналатын жерлерінде келін сынды жас адамдардың орындауына міндетті отыру, сөйлеу, киіну мәдениетінің тағылымды тәрбиесін ұғамыз. Көпшілікпен бірге дастарқан басында отырғанда жүресінен отыра кетпеу, дауыстап қатты сөйлемей, тамаққа елден бұрын қол созбау, үйге кірген кісінің бетіне бажырайып үңіле бермеу, екі үйдің ортасында жүгірмеу, орамалын, жаулығын кірлетпеу, шашына мұқият болу, әркіммен орынсыз әзілдесіп ыржандаспау, өсекшілдіктен аулақтық, орынсыз мырзалықтан да сақтану, сұғанақ болмау, тамақты шайнап асықпай жеу, үйдің ішін үнемі мұнтаздай етіп жинау, қыдырымпаздыққа салынбау, ойын-тойдан қалмайтын сауықшылдықтан тартыну, олпы-солпы киінбеу және т.б. халықтық тәлім-тәрбиеге негізделген күнделікті тұрмыстық мәселелер тәптіштей түсіндіріледі. Келіншектік кезең – есеюден, ержетуден егделікке апарар жолдың басталуы. Беташардың түйіні – халықтың жас буынды жанашырлықпен тәрбиелеу тағылымын таныту:

Келмейді қайтып қуғанмен,
Қыз күніндегі заманың.
Аңдитын сені тыңшы көп,
Сынайтын сырттан сыншы көп.
Жабылуы оңай жаланың [5, 103].

Беташар – жырлаушы ақынның да өзінді лирикалық бейнесін танытатын өлең. Халықтық тәлім-тәрбиелік терең тағылымды мәселелерін барлығын кеңінен толғап жырлаған ақын – тәрбиешілік тұлғасы биік жан. Базардың осы аталған беташар өлеңінде басынан аяғына дейін бірінші жақпен айтылатын ақынның өзінің ақылшылық-тәлімгерлік тұлғасы поэтикалық ажарлау, айшықтау көркемдік тілімен жырланады. Келіннің бетін ашу салтанатында сол сәтте қаумалап тұрған жұртшылық та жаттап айтатын жыршыдан тыңдайтын кейінгі замандық тыңдаушылар да, кітапқа жарияланса оқитын оқырманда да – бәрі де беташар өлеңінің негізгі сыншылары. Сондықтан, беташардың әр

жерінде ақын үнемі жұртшылықтың назарын өзіне қарата сөз арнайды:

Алқалаған, әлеумет,
Азғана шыдап сабыр ет.
...Сыртынан айтпай көзіме айт,
Айтылса кеңес ұнамай,
Сұлулаушы едім сөзімді
Сұғынтып қаққан сынадай...
...Тыңдасаң жадыға аласың,
Артық пенен кемістің
Мақұл менен терістің,
Сынаушы білер арасын [5, 102-107].

Базардың бұл беташар өлеңі – фольклордағы дәстүрлі құрылымды сақтай отырып, ақынның өз тұлғасын да даралай танытатын лирикалық шығарма. Ақын өзінің азаматтық мұратын, халықтың тәлім-тәрбиелік көңілмен біртұтас ала отырып насихат сөздерді түйіндей толғайды. Бұлайша түйіндей жырлаушылық – халық әдебиеті дәстүріндегі осы шығарманың ақындық лирикалық өлең түрінде жырлануының нақты көрінісі:

Білгенге сөзім бағалы,
Ықыласыменен тыңдаса,
Түсінбей босқа терлетіп,
Еңбегімді еш қылмаса
Делебем қозады менің де
Жұрт жиналып тұрласа,
Ұйқысы көптің ашылар
Айтуыш дұрыстап жырласа,
Айтатын менің алғысым,
Қосаағарып еріңмен,
Ұрпақтап, келін мың жаса! [5, 102 – 107]

Демек, ақындар шығармашылығында беташар өлеңдері – фольклордағы осы үйлену салтына қатысты халықтық тәлім-тәрбиелік мазмұнды толық жинақтаған шығармалар. Беташар – тойға жиналған халықты көңілді күлкіге көме жан жадыратар жылылыққа, рахатты сезімге бөлейтін жанр. Беташар жырының үш бөлімінде де сараңдық, салақтық, қыдырмалық, көгайыл ұрысқақтық, жалқаулық-масылдық, олақтық т.б. адамдық өмір салтына жат жағымсыз қылықтар сатиралық өткір әжуа тілімен көңілді мазмұнда жырланады. Ауыл адамдарын, ата-ананы, туған-туыстарды таны-

стырудан халықтың шынайы, рухани келбеті танылады. Ал, тұтас өлеңді лирикалық сезіммен көмкере жырлаған ақынның өз бейнесі – туған хылқымыздың сомдалған тұтас тұлғасы. Ақын жыры – халықтың ұлы жүрегінен ұрпаққа арналған ақ тілек.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» (1926) атты әйгілі еңбегінде үйлену салтына қатысты «Тойбастар», «Беташар», өлеңдерінің қатарында «Жар-

жарды», «Неке қиярды» да атайды. Бұл соңғы аталғандардың халық әдебиетіндегі жеке ақындар атымен сақталуы сирек, көбінесе авторлары белгісізденіп кеткен жанрлар.

Қорыта келгенде айтарымыз, ақындардың шығармашылық мұраларында үйлену салтына қатысты шығармалардың болуы – табиғи заңдылық. Себебі, ақындар – халық тұрмысының мәңгілік тіректері, негізгі рухани қозғаушы тұлғалары.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 б.
- 2 Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 3 Күржіманұлы Қашаған. Топан. – Алматы: Жазушы, 1991. – 176 б.
- 4 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 288 б.
- 5 Базар жырау. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.



ӘОЖ 1.17.171

Б.М.Аташ

*философия ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты саясат-
тану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы.*

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ ӨРІСТЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒДАРЛАРЫ: ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ

Мақалада ұлттық идеяны қоғамдық санада беккіте түсу үшін қандай бағыттар мен жаңа психологиялық тетіктерді қолдану қажеттігі ұсынылды. Автор зерттеу бойынша мынадай проблемалық мәселелерді туындатады: Ұлттық идея деген не? Бұл мәселені шешуден автор жаңа психологиялық технологияларды, оның ішінде, психоаналитикалық терапиялық әдістерді қолдану қажеттігі айтылады. Бірінші жаңашыл әдіс ақпараттық желідегі қазақ тілін күшейту туралы және қазақ тілді сайттардың ұлттық идеяны насихаттауын қамтамасыз ету. Екіншісі терапиялық. Ол психиканы құлдық санадан емдеумен байланысты болып келеді. Үшіншісі – рационалдандыру. Ол қазіргі жағдайда ұлттық идеяның басымдылығын алға шығаруды, дәстүр мен салттың қазіргі таңдағы маңызын ашып көрсетуді мақсат етеді.

Түйін сөздер: *ұлттық рух, интеллектуал, реэтнизация, тәсіл, рационалдандыру, қайта қасиеттендіру, сиқыр.*

В статье *широкому кругу читателей* представлены инновационные психологические технологии, направленные на укрепление национальной идеи. Автором *сформулированы вопросы*, которые очерчивают *проблемное поле* исследования: В чем состоит *национальная идея* народа? Решение данной проблемы автор видит в использовании *инновационных психологических технологий*, в частности, психоанализа как инновационной терапевтической техники. Первый инновационный технологический метод предполагает внедрение казахского языка в информационную сеть и открытие казахоязычных сайтов в целях идеологизации национальной идеи. Второй метод называют терапевтическим. Он опирается на достижения *психологии*, направлен на «исцеление психики» от рабского сознания. Третий метод – рационализация. Он предполагает теоретико-методологическое обоснование необходимости формирования национальной идеи, приоритета *национальных ценностей* над интернациональными, *ценности национальных* обычаев и традиций, их роли в современных условиях.

Ключевые слова: *национальный дух, интеллектуал, реэтнизация, метод, рационализация, ресакарализация, магия.*

In the article the innovative psychological technologies sent to strengthening of national idea are presented the wide circle of readers. Is an author set forth questions that outline the problem field of research: what does the national idea of people consist Of? The decision of this problem an author sees in the use of innovative psychological technologies, in particular, psycho-analysis as innovative therapeutic technique. The first innovative technological method supposes introduction of Kazakh in an informative network and opening of Kazakh of web-sites for ideologizing of national idea. The second method is named therapeutic. He leans against the achievements of psychology, sent to «healing of psyche» from slave consciousness. The third method is rationalization. He supposes the method ground of necessity of forming of national idea, priority of national values above international, value of national customs and traditions, their role in modern terms..

Keywords: *national spirit, Intellectual environment, appeals are an ethnos, method, rationalization, sacral of, magic.*

Ұлттық рухтың маңызды қызметтерінің бірі – сол этностың тұтас адамзат эволюциясының өн бойындағы орны мен мәртебесін қайта-қайта айғақтай түсіп, өзгелерге паш ету арқылы әлеуметтік психологиялық қорғаныш тетіктерін құру болып табылады. Ол, әсіресе, тұтастай ұлт болмысына қауіп төнген жағдайда, сол этностың өзін-өзі жоғалтып алуы мүмкін болатын экстремалды сәттерде саналы-бейсаналы, ерікті-еріксіз түрде күшейе түседі. Керісінше, шовинистік пиғыл жағдайларында да ұлттық рух өзінің бұрынғы беделінен айрылғысы келмей қайта-қайта серпіліс жасап отырады.

Ұлттық рух ұлттық сананы, тіпті оның архетиптік келбетін жандандыратын, қажет кезінде халқының жеке өкілдерін физиологиялық жағынан да даярлап бере алатын тылсым-сакральді феномен болып табылады. Алайда, жер бетінен жойылып кеткен ұлттар мен ұлыстар да жоқ емес, ендеше, мәселе, сол этникалық бірлестіктердің өміршендік дәрежесі олардың ұлттық рухының өзіндік имманентті күш-қуатына байланысты десек те болады. Бұл үдерістерді халқымыздың тарихи тәжірибесінен де анық байқай аламыз. Жоғарыда айтқандай, қазақтардың ХҮ-ХІХ ғасырлардағы ұлттық рух серпілісінің физиологиялық тұлға дайындауға жанталаса ұмтылуына мысалдар келтіріп, шолу жасап өтуімізге болады. Қазақтар тарихи географиялық орналасуы жөнінен кезең-кезеңмен жетілген екі алып империяның ортасында және шығысында жауынгер халық жоңғарлардың, оңтүстігінде діні мықты түркі халықтарының аралығында орналасып, жойылып кету қаупі туындағандықтан, ұлт ретінде өзін-өзі сақтау инстинктісі ерікті-еріксіз түрде қуат алып, физиологиялық жетілген тұлға ресурсын толықтырып отыруға айрықша мән берді: баһадүрлік өмір салтының насихатталуы (эпостар), дүниеге ер бала келу қуанышы, жылқы малын әскери құрал ретінде көптеп өсіруі т.б.

Ал бүгінгі заман келбеті қоғамдық өмірдің көптеген салаларында бұндай физиологиялық жетілгендікті ғана емес, психологиялық жігер мен сана-сезімнің жоғары деңгейін талап етіп отыр. Осы тұста, қазіргі кездегі қазақ халқының ұлтты рух серпілісінің қайта оянуының объективті жағдайлары тұтас мемлекетіміздің бірнеше жыл бойы отар жағдайда өмір сүріп, болмысын жоғалтуға шақ қалғандығына тікелей қатысты. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі «реэтнизация» деп атауға болатын қайта қазақтандыру беталысы бүгінгі таңда өрісін жан-жақты кеңейтуде: ұлттық тәрбиенің бала-бақшадан бастап үлгілері көрсетіліп, мектеп, орта және жоғары оқу орындарында оқытылумен жалғасын табуы, әр түрлі шаралардың өткізілуі т.б. – практикалық; қазақтану ілімінің қалыптасуы мен дамуы [1], мәдени мұра бағдарламасы, тұтастай қазақ руханиятын зерттеуге бетбұрыс т.б. – теориялық ұстанымдарға келіп орайласады. Бұндай ұлттық рух серпілісінің көріністері қоғамдық өмірде өзінің оңды нәтижелерін беріп келе жатқанмен, «жоғары деңгейде емес» деп баға берушілердің пікірлерін назарға алауымызға болады. Демек, мәселе осы түйткілдерден туындайды: «ұлттық тәрбие арқылы реэтнизация үдерісін тез және өнімді түрде қалай атқаруға болады және ол неліктен тым баяу нәтиже беріп келеді, оның негізгі себептері қандай т.б.» сауалдарға байланысты өзіміз жасақтап жатқан «Ұлттық идея: ретроспектива-интроспекция-перспектива» деп аталатын іргелі тұжырымдамамыздан оқырмандар талқылауы үшін көпшілікке ұғынықты тілмен үзінділер келтіре кетпекпіз.

1. Инновациялық-технологиялық тәсіл. Жаһандану үдерісінің осы мәселеге қатысты алғандағы бір ерекшелігі немесе ақпараттық мәні – әлемдегі әр түрлі қиыласқан идеологиялардың өзіндік ішкі күресі мен тайталасы дәуірін бастан өткізетіндігі болып

отыр. Ақпараттық кеңістік бір қарағанда тым абстрактілі құбылыс болса да, әрбір идеология оған билік жүргізуге тырысып бағуда және шынайы өмірден де оның нәтижесін көріп келеді. Мәселен, қазіргі қазақ қоғамындағы идеологиялық-ақпараттық кеңістікте: америкаландыру, вестернизация, исламдандыру, қайта қазақтандыру сияқты жағымды-жағымсыз немесе жағымды-жағымсыз қырлары бар әр түрлі идеялар билікке таласып келеді, сөйтіп, қоғамдық санаға айтарлықтай ықпал етуде. М.Мұсабеков айтқандай: «Алайда, жастардың құндылықтық бағыттарына жаһандық агенттер ғана емес, сондай-ақ егеменді мемлекеттердің үкіметтік инстанциялары да ықпал етеді. Сонымен қатар, соңғысының ықпалы екі түрлі. Бір жағынан, жаһандануды жақтаушылар тарапынан жастарға жойқын ықпалдың күші айтарлықтай деңгейде жұмсалып үстінде, екінші жағынан, олар жастардың тіршілігі мен санасына әсер ете отырып, олардың бойында тек патриотизм емес, сондай-ақ үкіметке өздерінің пайдакүнемдік мүддесі арқылы қызмет етуге итермелейді» деген тұжырымы да [2,122] осының айғағы.

Осы тұста, біздің қайта қазақтандыру үдерісіміздің бәсекеге қабілеттілік деңгейіне байланысты сауалдар туындайды. Шындығында, технологиялық ақпараттық желілерде бұл үдерістің идеологиялық белсенділігі, жоғарыда атап өткен басқа да идеологиялармен салыстырғанда ықпалды емес, мысалы, интернет желілерін қазақшаландыру деңгейі тіптен төмен деп айтуымызға болады. Бұл жай ғана тіл мәселесі емес, жастардың көп жағдайда рухани сусындайтын танымдық-ақпараттық көздерінде ұлттық тәрбиеден гөрі оның бәсекелестерінің ықпалды болуы деген сөз. Демек, қазақтандырудың бәсекелестері ақпараттық желілерде өз идеологияларын еркін таратып отыр және нәтижелері де төмен емес. Ал біздің ұлттық идеология тек қана орта жастан бастап жоғарылар ғана оқитын газет-журнал сияқты БАҚ-ы ауқымымен шектеліп келеді. Бұны

«ескі технология» деп бағаламай-ақ қояйық, дегенмен жаңа технологияны да ұмытпауға тиіспіз. Екінші бір қырынан алғанда, бұл технология жастарды тым жалықтырып жіберетін, қайталамалы сарын «мораль оқу» түрінде бағаланады да, кейбіреуіне керісінше әсер етеді.

Ендеше, қазақтандырудың идеологиялық тетіктеріне қарағанда, басқа жат бағыттағы құндылықтарды санаға сіңіре алатын идеологиялардың психологиялық әсер ету тетіктері ықпалдырақ екендігін жасыруға болмайды. Бір ғана мысал, интернет бетшесіне кіргеннен кейін, ізденушінің сұрауынсыз жарнамалар, тіпті кейде, антиұлттық құндылықтар мазмұнындағы ақпараттар қаптап кетеді. Оны ақпарат алушы қабылдамағанның өзінде де, психоанализ бойынша визуальді түрде бейсанаға барып сіңіріледі де, кейіннен бір кездерде, кез-келген сәтте санаға шығуға мүмкіндік алады деген сөз. Бірақ бұлардың арасынан, ұлттық идеологиялық мазмұндағы психотехникалық тәсілдегі ақпараттарды көре алмаймыз. Ендеше, ұлттық идеологияның жаңа ақпараттық технологиялық желілермен жай ғана аренаға шығып қоюын қамтамасыз ету емес, арнайы мамандандырылған түрде психотехникалық-психоаналитикалық тәсілдерді қолдана отырып, санаға әсер етудің жаңа әдіснамаларымен қаруланып барып, билікке ұмтылуы маңызды. Бұл бір қарағанда антигумандық тәсіл болғанмен, есейгеннен кейінгі бүгінгі ұрпақ бұған алғысын білдіруі де ықтимал.

Сонымен қатар, қазіргі таңда таза ұлттық рухты көтермелейтін, ұлттық идеяны қоғамдық санаға орнықтырумен шұғылданып арнайы сайттардың да жоқ екендігіне байланысты нақты іс-шараларды қолға алатын кезең келіп жеткендігі туралы да дабыл қағуға болады. Демек, игі мақсат қойып отырған газет-журналдардағы идеялар мазмұны қаншама жетілген болғанмен, берілу тәсілі жөнінен заманауи ақпараттық-танымдық сұраныстарды қанағаттандыра алмайды, сондықтан арнайы сайт ашу қажет.

2. Терапиялық тәсіл. Біз қашанда ұлттық идеологияны санаға сіңірумен шұғылданамыз. Бірақ санамызды құлдық психология мен коммунистік идеологиядан босатып алумен айналыспаймыз. Маңызды мәселердің бір – осы. Сана келбетінің ескі мен жаңа арасындағы ішкі психологиялық қиналыстарын ескермейміз. Түсініктірек қылып тартып айтсақ, бір ыдысқа кез-келген нәрсені құю үшін, оны алдымен босатып алу қажет. Тілге қатысты бір ғана мысал, орысша сөйлеген қазақшаға карағанда әлдеқайда әдемірек және заманауи-өркениетті сияқты болып көрінетін психологиядан арылмайынша, біздің санамызда қазақ тілінің орнықты бекуіне орын жоқ деген сөз. Немесе, қазақша қанағаттанарлық деңгейде ғана сөйлеп, кейбір сөздердің қазақша мағынасын ұмытып барып еске түсіріп отырудың – мақтаныш, керісінше, орыс тілін жетік меңгермеудің – кемістік екендігі туралы психология да құлдық сананың сарқыншақтары т.б. Демек, біздіңше, құлдық санадан арнайы ресми түрде тазаруымыз керек. Бірақ ешқайсымыз да құлдық психология бойымызда бар екенін бейсаналы түрде мойындағымыз келмейді, шындығында, одан айрылғымыз да келмейді деген сөз. Сондықтан да, құлдық психологияны тексеретін арнайы тесттер жасақталып (оны құрастырып жатырмыз), ол – ұлтымыздың өкілінің әрбіреуі өздігінен-ақ ерікті түрде өтуі тиіс параметрлер болып қалыптасуы қажет және өзінің «құлдық психологиясының баллдық мөлшерін» мойындауы да керек. Нәтижесі алынғаннан кейін, патшалық және Кеңес үкіметі тұсындағы отаршылдық сана орнатудың психотехникасын зерттеп, оған қарама-қарсы антиотаршылдық терапия векторын жүргізуге тиіспіз. Бұл жай ғана векторлар емес, арнайы тұжырымдама ретінде ғылыми бағдарламалар (ғалымдардың өзара ресми түрде кеңесуі) бойынша кезең-кезеңмен құрылуы қажет.

3. Рационалдандыру тәсілі. Бұл екінші тәсілмен жалғасады, бірақ, антиотаршылдық белсенділік акт емес, өзін қорғау түрінде ен-

жар құрылады. Ол – қазақтың ұлттық болмысының ешбір ұлттан кем түспейтін, тіпті басымдылық жақтарын ашып көрсету бойынша жалғасын табады. Қазіргі кезде Ұлттық рухтың жаңа бір жағымды серпілісі – халқымыздың Ұлылығын әйгілеу арнасында көрініс тауып келеді. Бұл – ұлттық бірегейленуі үшін қажетті және маңызды мәселе болғанмен, біздіңше жалған ұрандар мен көркемдік пафостар түрінде құрылмауы тиіс, логикалық-парасатты, ғылыми-рационалы бағдарды басшылыққа алуы қажет. Бұл жердегі маңызды мәселе, ұлттық құндылықтардың өмірмәнділік-практикалық маңызын ашып көрсетіп, оны өзге де ұлттардың құндылықтарымен салыстырып барып, артықшылықтары мен қазақ болмысына табиғи тұрғыдан сәйкестігін, тіпті одан ажырауға болмайтындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеумен ұштасуы тиіс. Мысалы, бір ғана арнаны, атап айтқанда, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып институтын мысалға алып саралауымызға болады.

Бастапқы нұсқа: біздің халқымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі жай ғана ырым-тиымдардың жиынтығы немесе көрініс үшін болатын жалған ритуалдар емес. Екінші нұсқа: оның тереңмәнді өмірлік-практикалық маңызы бар және танымды кеңейтетін рухани ықпалды күш болып табылады. Үшінші нұсқа: атап айтқанда, қандай салттың немесе дәстүрдің қандай маңызы мен мәні бар, оны орындаса және орындамаса не болады?

Демек, осындай әрбір салттың, дәстүрдің, әдеттің, ғұрыптың, жоралғының, ырымның, тиымның т.б. тұстас институттың әрбір элементінің осындай терең мәнді мағынасы бар екендігі, бірақ бір өкініштісі, көпшілігінің ұмыт болғандығы туралы тұжырым алынады.

Бұны, бізге бұрыннан белгілі және өзіміз болжаған ұстанымдар бойынша мынадай қысқаша тізбек бойынша құруымызға болады. Мысал үшін кейбіріне ғана тоқталып өтсек, «сүйекті мүжу» – тістің түбірінен бекіту мен асқазанды қорытуға дайындау үшін; «ұйықтар алдында ақ ішу» – ақтың қалдықтары болып табылатын сүт қышқы-

лының түнімен тістегі зиянды микробтарымен күресуі үшін, «Ұмай анаға табыну» – Жерді қорғайтын патриоттық сана орнықтыру үшін, «етті қолмен жеу» – асқазанға және тұтас ағзаға ыстықтың келе жатқандығы туралы ақпараттар беріп, оның дайындалуы үшін, «жеті атаға дейін қыз алыспау» – қан тазалығы мен ұрпақтың денсаулығы үшін, «тиымдар» – бейсаналы жағымсыз тілеулердің өмірде жүзеге асып кетпеуі үшін, «өлікті үш күн бойы жерлемеу» – клиникалық өлім болуы ықтималдығын күту, алыс-жақын адамдардың қуәлануы үшін т.б.

Ендеше, алдағы міндеттердің бірі – олардың әрбіреуінің ұмыт болған мағынасын зерттеу, ойлап тауып, жариялау, оны орындаса немесе орындамай-ақ қойса қандай өмірлік-виталдық өзгерістер болатындығын бұқара көпшілікке жариялау. Ендеше, «Қазақ Ұлы Халық» ұраншылдығының мағынасы ашылып, халқымыз салт-дәстүріміздің шынайы мәнін танып, тіпті, оның ұлттық сипатын мойындамай-ақ қойғанның өзінде де, денсаулығы мен өмірмәнділігі үшін жалпы бұқара халық еріксіз түрде орындауға қарай бет түзейтіндей болуына мүмкіндіктер ашылады.

4.Қайта сакральдандыру тәсілі. Ұлттық идеяның құрылымындағы элементтердің сакральділігін, яғни, әрбіреуінің қастерлігін-қасиеттілігін ұғындыру. Шындығында, бұл – сакральдандыру емес, ұмыт болған қасиеттілігін қайтадан қалпына келтіру, «руханилықты реставрациялау» болып табылады. Егер де мынадай модель ұсынсақ: дін сенім мен сезімге негізделгендігінен, қасиетті-қастерлілігін айрылып қалса, онда ешкім де дінге сенбес еді. Ендеше, аналогиялық түрде осы үлгіні ұлттық болмысымызға қолдануымызға болады. Ол үшін алдымен, олардың қастерлілігін баса көрсетуіміз керек. Осы тұста; «Ұлттық болмыс – ата-баба рухының қасиетті-қастерлі ақиқаты мен орындамауға болмайтын мәңгілік сабақтасатын өсиеті» деген тұжырымды туындатып, оны бастапқы бұйырылған (императивтік) әдіснама ретінде ұсына аламыз. Бұл жерде тұтас сакраль-

ділік құрылымын талдамай-ақ, оның кейбір түрлеріне ғана тоқталып өтуімізге болады. Мысалы, қазақ тілі мен сөйлеу акустикасының сакральділігі.

Тіл тек рухани болмыс немесе қарым-қатынас құралы ғана емес, көпқызметті тылсым құбылыс. Соның бірі – адам психикасына саналы-бейсаналы түрде әсер ететін, идеологиялық ықпал қызметін де атқаратын қуатты вербальді акустикалық түзілім екендігі. Ол түптеп келгенде, сана-сезімге барып байланып қана қоймайды, әсер ету күші жөнінен магиялық-мистикалық сипатқа да өтеді. Бұл тілдік экспрессивті бағдар кезінде қазақ дүниетанымында, қарым-қатынас мәдениетінде, өмірлік тәжірибесінде өз деңгейінде қолданылған десе де болады. Әсіресе, ол – бата, шешендік сөздер, даналық толғамдар арқылы айшықты көрініс тапқан және тарихи тамыры тереңде жатқан тәсіл болып табылады.

Е.Тұрсыновтың пікірінше, тіл магиясының қолданылу жүйесі қазақтардың исламға дейінгі байырғы сенімдерінің бірі – шамандық нанымнан бастау алады [3,33-34бб.]. Бақсылардың қам жасауы (камлание) тұтас психотранстық жүйе және физиологиялық әрекет болуымен қатар, сөзбен айтылатын сарындарды қоса қамтиды. Бұл сарындардың бақсының гипноздық әрекетімен біріге келіп, әрбір сөзі мен дауысы, ырғағы мен темпі бойынша адам психикасына әсер етуі қалыпты құбылыс болған. Ол, алдымен, сөздің күші арқылы өзіне-өзі және өзі-өзгеге «гипноз» жасайды. Әрине, бұл батыстық түсініктегі психикаға әсер ету гипнозымен тура сәйкес емес, өзіндік ерекшеліктері арқылы ажыратылатын күрделірек жүйе.

Билердің толғаулары мен сөздерінің маңызды бір тұсы – бітімгерлік пен елдікке қатысты, сыртқы саясат пен ішкі саясат мәселелерін реттеуге байланысты болып келеді және экспрессивті-эмоционалдық күшті иеленумен, санаға бағдарланумен сабақтасады. Мысалы, Қалмақ еліне елші болып барған Қызыбек би оның Бертіс атты ханына қатқылдау үн қатып, жанжалды

бітістіріп қайтқандығы тарихтан белгілі. Сол сәтте Бергіс хан кейіннен көмекшілеріне былай деп тіл қатқан екен: «Бала би бұл сөзді айтқанда сендерге көрінбеуі мүмкін, мені екі иығымнан екі аю келіп келіп басып отырды. Сондықтан, амалсыздан келістім». Бұл да қоңтайшының көзіне екі аюды елестету арқылы өзгені дегеніне көндіру техникасы, мүмкін, гипнозы десе де болады. Осыдан біз, билер тек қана тауып айтушы, қиыннан-қиыстырушы ғана емес, сөз магиясын шебер пайдаланушылар болғандығын аңғарамыз. Түркі-қазақ тілінің магиялық қырларын отандық ғалымдарымыз да дәйектейді [4,206,274; 5,216,218].

Демек, тек қана тіл емес, ұлттық құндылықтарымыздың әрқайсысы мен әрбір элементі осындай тылсым қуатты және сиқырлы ықпалды болып келетін құрылым екендігін көпшілікке ұғындыру – түптеп келгенде, ұлттық идеяны қуаттау мен мойындауға алып келетін тиімді қадамдардың бірі деп тұжырымдай аламыз. Бірақ әрине, ол беталыс жарнамалануға, жариялануға, көпшілікке тез

қолжетімді болуына т.б. сыртқы факторларға да байланысты болып келеді.

Біз ұсынып отырған қазіргі заманауи технологиялар «неліктен ұрпақтардың санасына ұлттық идеяның сіңірілу дәрежесі төмен, оны қайтсек күшейте аламыз» деген сауалға жауап беруге ұмтылған жалпылама әдіснамалық бағдар болып табылады және жедел арада қолға алмаса, уақыты өтіп кеткен соң, заман ықпалы мен өрісіне сәйкес, басқа да күрделірек технологияларды ойлап тауып ұсынуға мәжбүр боламыз. Ал бұл шараларға мән бермей, ескілеу технологияларды пайдаланатын болсақ, ұлттық идея өзінің өзектілігін мүлдем жоғалтуы да ықтимал. Ендеше, біз қазақтанушы ғалым Ж.Молдабеков ұсынып жүргендей, Қазақ Елінің ғылыми қауымдастығын осындай іргелі мақсаттарды жүзеге асыру үшін арнайы «ғылыми бағдарлама» (ғалымдардың бір мақсат үшін өзара арнайы біріккен тобы) құруға шақырамыз және бұл істің әдіснамалық-теориялық-практикалық тұрғыдан жасақталатын нақтылығын қалаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 254с.
2. Мұсабеков М. Қазақстан жастарының рухани құндылықтары: әлеуметтік-философиялық талдау.-Филос.PhD диссертациясы. – Алматы, 2013. – 151б.
3. Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. – Алматы: Дайк-пресс, 2001. – 168с
4. Оспанов С. Арғытектану негіздері. – Алматы: Арыс, 2009. – 424б.
5. Жақсылықов А. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. – Алматы, 2006. – 318б.

ӘОЖ 8.82.

Б.Ж.Сағиева

*«Ұлттық тәрбие» журналының жауапты хатшысы
Абай атындағы ҚазҰПУ*

ТІЛ – ЖҮРЕКТІҢ ЕЛІШІСІ

Бұл мақалада мемлекеттік тіліміздің қадірі мен қасиеті жайлы жазылған. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі. Сондықтан, сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы кезеңде мемлекетіміздің нышаны ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп қазығына айналдыру – әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеті. Сонымен қатар, қазақтың қазақпен қазақша сөйлесуі мұң болып отырған жайы бар. Осы мәселелер жайлы мақалада толығымен ашылып жазылған.

Түйін сөздер: *тіл, ұлт, қазақ, татулық, байлық.*

В этой статье написано об уважении и святости государственного языка. Известно с истории, что народ, потерявший язык, не может стоять на равной степени с другими странами как отдельное государство. Поэтому, превратить государственный символ родной язык в основу всей нашей жизни, в конструктивную пору происхождения независимой страны, о независимости которой мечтали множество веков – главная обязанность каждого патриота. А также, разговор казахов на казахском является проблемой. В статье эти вопросы написаны обширно.

Ключевые слова: *язык, нация, казах, дружба, богатство.*

In this article, written about respect and the sanctity of the state language. It is known from history that a nation void of language, can not stand equally with other countries as a separate state. Therefore, to turn state symbol native language in the foundation of all our lives, in a constructive time independent country of origin, independence which dreamed of many centuries - the primary duty of every patriot. And talking Kazakhs in Kazakh is a problem. The article written by these issues extensively.

Keywords: *language, nation, Kazakh, friendship, wealth.*

Мемлекеттік тіл – татулық тірегі
Тілден биік асқар жоқ,
Тілден асқан байлық жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ
Ғ.Мүсірепов.

Тіл туралы айтқанда мемлекеттік тіл – ана тіліміз үнемі ойымыздың бір түкпірінде тұратыны шындық. Себебі, «Тілінді – сыйламағаның, ұлтынды – сыйламағаның» - деген аталы сөз жадымызда. Қазақта тілі жоқ халықты «тұл» деп атайтындығы тағы бар. Біртуар ақынымыз Мұқағали Мақатаев бірінші бақытын халқына баласа,

Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім, [1] - деп тілін қасиетіне, барына, базарына теңеді.
Иә, қазақ тілі – қасиетті де, қадірлі тіл, аз сөзбен-ақ ойыңды аңғартып, бір ауыз сөзбен дауды доғаратын да – осы тіл.

Қазақ тілі еліміздің «мемлекеттік тілі» екендігі Конституцияда заңдастырылған. Біз хабар білсек оны ауызша және жазбаша түрде айтамыз, білдіреміз. Ауызша айтқан өте қажет. Өйткені осылай әдебиет дамыған. Жазба ол ауызшадан да қажет. Өйткені жазу арқылы біз ұрпақтан ұрпаққа келе жатқан қазақ халқының салт – дәстүрін, тарихын білеміз.

Қазақ халқының ақын, жазушылары, шешендері өте көп. Олар қазақ тілінде еркін сөйлейді, өз ойын толық айта алады, өйткені қазақ тілі – өте бай тіл. Ана тілі ана сүтіндей өте қасиетті. Қазіргі жастардың бір қатары ана тілін білмейді, құрметтемейді. Ал кейбіреулері бірінші орынға шет тілдерін қойып қазақ тілі қазағымыздың байлығы екенін білмейді. Сол үшін біз қазақ тілінің мәртебесін көтеруіміз керек, басқа ұлттарға үлгі көрсетуіміз керек. Тілсіз білім жоқ, ал білім – өмірдің шырағы. Соған орай қазақта «Білім кілті – тіл» деген мақал бар. Бұл – әдебиетті, ғылым – білімді, мәдениетті өркендетеді деген ұғым.

Алаңдайтынымыз оның шынайы жағдайы. Елдіктің негізгі шарттары, ұрпақ тәрбиесі, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенетін болғандықтан, тілге қатысты проблема толық шешімін тапты деуге әлі ерте. Қазақ тілі – өсіп-өркендеген, қоғамның барлық салаларында қолдануға жарамды, заман талаптарына толық жауап бере алатын тіл.

Қазақ тілінің қайығы кері қарай жүріп бара жатыр дей алмаспыз. Даму бар. Алға жылжу байқалады. Дегенмен ана тіліміздің адымдап дамуына өзіміздің де кері әсер беріп жататын кездеріміз бар. Тіліміздің осылай шарықтап қанат қағуымен қатар, көңілді су сепкендей басатын көлеңкелі жайттар да кездеседі. Туған тілін шұбарлап сөйлейтіндер, тіпті, туған тілден безетін сорақыларды да кездестіріп жатамыз.

Қазақтың қазақпен қазақша сөйлесуі мұң. Алқалы жиында да арамызға өзге ұлттың бір өкілі кіріп келсе, бәріміз шүлдірлеп «түсінікті» тілге көшеміз. Әрі-беріден соң биік шеңберден қазақ тілі деп қайғы жұтатын кейбір қайраткерлердің балалары, немерелері

қазақ бақшасына, қазақ мектебіне бармайды. Мұны не деп айтуымызға болады. Әлі де балаларын қазақ мектебін аттап өтіп, бірінші сыныптан бастап басқа ұлт мектептерінде оқытып жатқан, қай мектепте ағылшын тілі саналы оқытылады деп балаларын жетектеп жүрген ата-аналар баршылық! Тілді үйретуге жол ашық. Демек, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін көтеруге әбден болады. Бір қарағанда солай болып та жатыр, іс қағаздары екі тілде жүргізіледі. Алайда қазақ тілін қажет деп сол тілде сөйлеу керек екенін сезіне бермейді. Тіл қалай дамиды?! Сөйлеу керек. Өкінішке қарай, олай болмай тұр.

«Ертең тілім құритын болса, мен бүгін-ақ өлуге дайынмын» [2] деген екен авар жұртының әлемге танылған даңқты ақыны Расул Ғамзатов. Десе дегендей, тіл тағдыры – ел тағдыры. Ұлттың өздігін танытатын негізгі белгілердің бірі – тіл. Тіл – ұлттың ұлт болып қалыптасуындағы негізгі шарт. Тіл – ұлт рухы. Халқымыз «Тіл – жүректің елшісі, жүректен шыққан сөз жүректерге жол табады», - деп жатады. Демек, тіл тазалығы өте маңызды мәселе.

Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Осы тұста ақын Әбділда Тәжібаевтың:

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сөз ойдағы.

Өссе тілім, мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім, мен де бірге өшемін!-[3] деген тамаша жыр жолдары есімізге түседі.

Тіліміздің мәртебесі көтерілсе, елдің де мәртебесі биік болатыны хақ. Тілге көрсеткен – құрметің, елге жасаған-қызметің. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Тіл – қастерлі, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Бұл туралы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,

Бесікте жатқанымда – ақ берген білім, [3]-деп кесіп айтқан. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал бұлардың бәрі-адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын,

абзал сырын түсіне білуіңе басты себепкер – сол ана тілің.

Заманымыздың заңғар жазушысы Ғабит Мүсірепов: «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, бүгінінен де, болашағынан да қол үзеді. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады», [4] - деген.

Өз тілімізді өзіміз құрметтемесек, сыйла-масак, біздің тілімізді кім бағалап, кім сыйлайды? Ал өз тілін сыйлата алмаған ел өзін қалай сыйлата алмақ?

Қазақ тілі осал тіл емес. Ол – әлем мойындаған Абай, Илияс, Мағжан, Мұхтар секілді алыптарды туғызған тіл.

Тағдырынды тамырсыздық індетінен қалқала, Әр адамда өз анасынан басқа да

Болу керек құдіретті төрт ана:

Туған жері – түп қазығы, айбыны.

Туған тілі – сатылмайтын байлығы.

Туған дәстүр, салт – санасы – тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі.

Және туған тарихы, еске алуға қаншама,

Ауыр, әрі қасіретті болса да, - деп Мұхтар Шаханов тебіренгендей әр адамның адамдығының, әр халықтың халықтығының кепілі құдіретті төрт ана болса, сол киелі төрт ананы пәле-жаладан, жаманшылықтан сақтап, қорғайтын, желеп - жебейтін бойтұмары – еркіндік, егемендік!

Ия, Қазақстан – Тәуелсіз ел! Тәуелсіздік туымен бірге Қазақстанның тамыры терең тартып, жапырағы жайқала бастады.

Тәуелсіздік арқасында қазақтың асыл арманы асқақ әнге айналды, өзге дербес елдермен тереземіз теңесеп, керегеміз кеңейді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың аузынан шыққан «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тіліміз – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» [5] деген уәждері тіліміздің қадір-қасиетін танытып тұрғаны анық.

Осы жерде халқымыздың біртуар қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлының сол бір қазақ тілі туралы жазған толғанысын өзім оқып отырып батыр бабамыздың болашақ ұрпағына деп қалдырған аманаты ретінде түсініп, оқырман

қауымға сол қалпында ұсынғым келіп отыр.

«Ойдағыны айтып кетуді міндетім деп біліп, бос уақытымды пайдаланып осы хатты Сізге жазып отырмын. Тіл маманы болмасам да, Алматыға келгелі Орталық «Социалистік Қазақстан» газетін оқып, кейбір, кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе-жорта қарап шығып, күннен күнге ұлғайып, шым-шытырық «шүршіттенуді» көзбен көре, құлақпен ести отырып, дәтім шыдамай жазайын деп отырғаным ТІЛ мәселесі туралы.

«Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «Ат жүйрігі айырады, тіл жүйрігі қайырады», «Сөз жүйесін табады, мал иесін табады», «Қиыстырып қаласаң отын жанар, қисындырып айтсаң халық нанар», «Зекетсіздің малы арам, тілсіздің дауы арам», дегендейін – қазақ тілі өзінің таза түрінде, бірнеше ғасыр, біздің заманымызға дейін, өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан-жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді, көңіл көтеріп, керегінде жанға тиіп, ашындырып, өтін сыртқа шығарып, долдандырып, қысыл-таяң – қатал жағдайда қайрап, егеп «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын, қан майданда, қырғын соғыста қасиетті тудай жоғары көтеріп, текті сезім оятып – туғызып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл болған емес пе еді.

Қазақ тілі еш уақытта, өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған емес пе еді.

Барлық өткен заманның, халық тәжірибе-қасиеттерін, ғылыми-мәдениетін, өнеркәсібін бойымызға тарата сіңіріп, жағдайға толық түсіндіріп, ұғындыра, ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған алдымен тіл емес пе. Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе.

Жоғарыдағы айтылған ылажсыздан өте ұзын сөз бастамасы, негізінде даусыз болса, осы кездегі тіл жөніндегі кемістіктерге төменде бі-

раз, кыскаша – үстірт тоқтағым келеді.

Февральдің 15-і күні, кеселханаға түсе салысымен, көңілімді сұрағалы, көптен көріспеген бір орыс әйелі Сахарова дейтін келіп отырып, қазақша жазылған бір парак қағазыма көзі түсіп:

- Бауыржан, почему вы пишете по казахский, – деп таңқала сұрақ қойды.

- Вы меня удивляете, Нина Александровна, почему я не должен писать по казахский на родном языке, – дедім мен.

- Ведь многие казахи не пишут и не разговаривают, потому что не выразишь свои мысли – то что хочешь сказать не скажешь... До того говорят Ваш язык бедный... – деп түйеден түскендей ұялмай-қызармай айтып отыр... Не дерсің, сөзі өңменімнен өтіп кетті. Ол кісіге, әлімнің келгенінше, теріс ұғымын дұрыстап түсіндірдім.

Кейіннен білдім, Сахарова осындағы бір халық комиссарының бірінші орынбасары екен. Қазақстанға келгеніне он жылдан асқанын бұрыннан білуші едім. Жай орыстың шүйке бас, әйел-қыздары емес, көзқарасы, ұғымы қазақ тілі туралы осындайлығына ішімнен қапаланып «жарыған екенбізді» қалай айтпассың, қалай ойламассың. Осы қағаздағыларды жазуыма қамшы болғанның біреуі сол, он жыл тұрып, Қазақстанның нанына семіргеннен басқадан хабарсыз ел басқарушылардың қатарына кіріп қалған, надан-хабарсыз «Замнаркомша» елдің сорына біткен кейбіреулердің уәкілі болған соң, оларға ондай ұғым тудыруға алдымен өзіміз жазықты екенімізді мойынға ала отырып, бүгіп қалуды қажетсіз деп тауып мысалға келтіріп отырмын».

Міне «Бір құмалақ бір қарын майды шіріттеді» дегендейін, тілді ірітіп, шірітіп жүргендер де сол «шірік жетілгендер» екендігі айдан айқын емес пе?! Сол кездің Сахаровасы сияқты адамдар қазіргі кезде де өкінішке орай кездесіп жатады. Бірде балабақшадан баламды шығарып алуға барғанымда кадр бөлімінің бастығы қазақша жазған өтінішімді түсінбейтіндігін айтып, орысша жазуымды талап етті. Мен де намысқа булығып ау-

дармашыларының бар екендігін естеріне сала отырып, сонымен қатар өзіне де қазақ тілін меңгеру керектігін айтып, өтінішімді тастап шығып кеттім. Жүрегі қазақ деп соғатын әр азамат «менің парызым, менің тілім» деп жаны ашып, көркейгенін шын қалап кіріссе, іс оңға басары анық.

Абай, Ыбырай, Шоқан, Сұлтанмахмұт, олардан бұрынғы өткен және осы күндегі елінен, ана тілінен безбеген, қазақ халқының адал, ақниет ұл – қыздары өз ана тілімен сөйлеп, жаза білген. Олар тіл шеберлігінен кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, асыл мұра қалдырған. Олар мыналардан орысшаны кем білген емес.

Қазақ тілінің таңғажайып кереметі жайында пікір айтушылар көптеп саналады. Олардың арасында өз ғалымдарымыз, ақын-жазушыларымызбен қатар өзге жұрт өкілдері де баршылық. Әсіресе, ірі түркітанушылар мен саяхатшылардың ана тілімізге үлкен құрметпен қарап, ауыздарының суы құрып, тамсана жазғандары мәлім...

Радлов В.В. /ресейлік шығыс зерттеушісі/. Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақпен жауап беруге келгенде таң қалдырарлықтай оралымды сөйлейді. Кез келгені, тіптен сауатсыздарының өзі, ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей біледі.

Мелиоранский П.М. /1868 – 1906, шығыс зерттеушісі, профессор/. Қазақ тілін зерттеушілердің барлығы да бір ауыздан ең бай, ең таза түркі тілдердің бірі деп таниды.

Ильинский Н.И. /1822-1892, Қазан университеті, профессор/. Ертедегі түркілер тұрмысының көптеген іздерін өзінде сақтап қалған қазақ тілін мен ерекше ұнаттым. Қазақ даласы менің халық тіліне деген сүйіспеншілігімді мүлде қалыптастырды, оған мен тілдік зерттеу үшін нағыз таптырмайтын құжат ретінде қарай бастадым.

Бенцинг И. /түркітанушы/. Ғылыми, әдеби, тілдік және тарихи тұрғыдан қарағанда қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең әсем, өте бай тілдің бірі.

Малов С.В. /орыс ғалымы/. Қазақ тілі өзі-

нің бейнелілігі, суреттілігі жағынан басқа түрік, немесе түркі тілдерінен әрдайым бөлекшеленіп тұрады. Қазақ өзінің ауызекі көркем тілімен, айшықты әсем фольклорымен бұрын да, қазір де даңқы шығып жүрген халық.

Саади А. /татар ғалымы/. Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек.

Янушкевич А. /поляк журналисі/. Қазақтардың ақыл-ой қабілетінің зорлығына барған сайын менің көзім жетуде. Қандай әсем сөйлейді. Кез келгені айтайын дегенін тез түсіндіре, қарсыласының сөзіне шебер тойтарыс бере біледі. Тіпті балаларының ақылесі де өте тез жетіледі.

Жұмабаев М. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы - асықпайтын, саспайтын мінезі көрініп тұр.

Ұлылардың пікірін оқып отырып тіліміздің құдіретін, қадірін, қасиетін түсінгендей боламыз. «Кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ», – дейді халық даналығы. Кешегі күн кетті, көп нәрсеге қолымыз жетті, енді ертеңіміз – жастар. Жастар – жас шыбық, қалай исең, солай иілуге әзір. Сол себептен жастардың ойын да, бойын да түзу өсіруге атсалысу – парызымыз. Жастар – жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің биік тұғыры. Сол келешек ұрпақ өзінің туған Отаны – тәуелсіз Қазақстанын сүйіп, танып, табынып өсу үшін оларға өз халқының тілін білу ауадай қажет. Бұл тұста әр отбасы ұл -қызын ана тілінің ақ уызымен ауыздандырса. Міне осыны келер ұрпағымыз, яғни жастарымыз түсініп өз тілінен намыстанбай, қазақ тілінде мақтанышпен сөйлесе нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

«Ұлттың тілі – ұлттың ділі» демекші, қандай ұлт пен ұлыс болмасын ең басты байлығы – ана тілі. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан бел-

гілі. Сондықтан сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы кезеңде мемлекетіміздің нышаны ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп қызығына айналдыру – әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеті.

Ата-бабамыздан қалған асыл қазына тілімізді сақтаудың тиімді жолы – отбасында ана тілінде сөйлеп, айналадағы дүние туралы сол тілде айтып, сол тілде қуаныш - ренішінді бөлісіп, өзінді, өзгені жұбату болып табылады. Бұл - ана тілінің қадір-қасиетін арттыра түсері даусыз. Ақын Оразақын Асқар «Тәуелсіздік тартулары» жинағына енген өлеңінде:

Көрінесің көзге шыққан сүйелдей,
Сұрақтар да шаншу болып тиер кей.
Құтылмайсың барлық тілді білсең де,
Өз тіліңнің көмегіне сүйенбей...

Ана тілінде ата-баба сыры бар,
Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар.

Өсе келе құстың тілін білсең де,

Ана тілсіз оның қандай құны бар, - деп өлең жолдарында өз тілің өзге тілді үйренуге басты тірек екенін баяндаған.

Қорыта келе айтарым, болашақта қазақ тілін дамыту үшін нестеуіміз керек:

1. Қазақ тілінде көсіле сөйлейтін ұрпақ тәрбиелеуге бәріміз атсалысамыз.

2. Қазақ тілінде барлық азаматтар сөйлеу үшін мына күнделікті көріп жүрген телеарналар қазақша болады.

3. Мемлекеттік жұмысқа қазақ тілін білетін азаматтар ғана алынады.

4. Әр басшы қазақша сөйлеп, мәжілістерін қазақша жүргізеді, қол астындағылардан соны талап етеді.

5. Қазақстанда орыс тілін ресми тіл ретінде қолданбаймыз.

6. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл.

7. Ақпарат тек қазақ тілінде таратылады.

8. Азаматтар іс-қағаздарын қазақша жазуға машықтанады.

9. Ғаламтор желісінде қазақ тіліндегі сайттар саны артады.

10. Қазақтар қазақтармен қазақша сөйлеседі.

11.Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету дамиды.

Сонымен, әр жаңалықты және де әрбір айтатын ойымызды қазақ тілінде жеткізіп, әрбір ақпаратты қазақ тілінде таратсақ тілдің қолданылатын ортасы – өмір, қорғаны – қоғам. Ендеше «қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деп бекітіле тұра, өз топырағында қағажу көрмей, ауыз ашқан сөзге, қия басқан қимылға емін – еркін араласатын ең елгезек, ең ұрымтал тіл болуы тиіс. Сонда ғана мемлекеттік тіл екендігін ішке де, сыртқа да мойындатып еркін самғайды. Сайып келгенде, қазақ тілін өз мәнінде дамыту, сөйтіп оны мемлекеттік іс – қағаздарда сауатты қолданып білім, ғылым,

дүниетаным, көзіне айналдыру – ең алдымен әрбір азаматтың түпкілікті мұраты.

Мемлекеттік тіл – тек қазақтың тілі емес, Қазақстанда тұратын барлық ұлттың ұлтаралық ортақ тілі.

Олай болса «Адамға екі нәрсе тіректегі, бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі»- [6] деп, Ж.Баласағұн айтқандай, Қазақстан топырағында тұратын таза ниетті әрбір азамат қазақ тілін өзіне тірек етіп қазақша қарым-қатынас жасаса арманымының орындалғаны деп білем. Елбасы айтқандай, «Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде» екенін ұмытпайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұқағалидастан. Құрастырған А. Әбдіқалов. – Алматы: Шартарап, 2001. – 200б.
- 2 Нұрғалиев Р. Арқау. – Алматы, 1991.
- 3 Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы. 1960.
- 4 Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. – Алматы. 1970.
- 5 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.18.01.2014
- 6 Баласағұн Ж. «Құтты білік» дастаны III тарау, 7-бап /Көне түркі тілінен аударған А.Егеубаев. 616 б.
- 7 massaget.kz/blog/1006



«Тіл – жүректің елшісі, жүректен шыққан сөз жүректерге жол табады»

Халық даналығы

ӘОЖ 8.82.821

Г. Аймаханова

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Ақтөбе қаласы

АР-НАМЫСТЫҢ АҚТАҢКЕРЛЕРІ ҺӘМ «ЖАНЫМ – АРЫМНЫҢ САДАҚАСЫ»

Мақалада, қазақ елінің азаттығын әлем мойындаған көзайым тарихи кезеңде ұлтымыздың ұлы мұратын ұлықтап, асыл рухымыздың тілекшісі болған арда ақындарымыз бар әлемге «сүйіншілеп», «Тәубе, Тәуелсіздік!» деп, жалпақ жаһанға жар салды. Әлбетте, жұдырықтай жүректің адам ретінде өзін-өзі танып-білуі, оның сол қуатты отаншылдық сезімінен бастау алады. Ақын-жазушыларымыз шалқар шабыттың ақ желкенін керіп, өрелі өнердің небір інжу-маржандарын тізіп, өмірін өлмес өлеңмен өрнектеуге ұмтылады. Автор мақаласында осы мәселелер жайлы жазылған.

Түйін сөздер: *ақын, өлең, тәуелсіздік, шабыт, сөз.*

В статье, в историческое время, когда признали свободу казахского народа, доброжелатели нашего великого духа, великие поэты сообщали радостную весть всему миру, выкрикивая «Слава, Независимость!», тем самым возвеличивая великую мечту нашей нации. Несомненно, познание себя как личность каждого человека, начинается с его чувства патриотизма. Наши поэты и писатели стремятся разукрасить свою жизнь пожизненными стихами, широким вдохновением и жемчужинами высокого искусства. Об этом написано в статье автора.

Ключевые слова: *поэт, стихи, независимость, вдохновение, слово.*

In an article in historical time when recognized freedom of the Kazakh people, well-wishers of our great spirit, great poets reported glad tidings throughout the world, shouting «Glory, Independence!», thereby exalting the great dream of our nation. Sure, self-knowledge as the identity of each person starts with his patriotism. Our poets and writers seek to decorate their lives lifelong poetry, wide inspiration and pearls of high art. About them written by the author.

Keywords: *poet, poetry, independence, inspiration, word.*

*Заманақыр болғанда
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалады,
Әйелдің ұяты кетіп, ажары қалады,
Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалады,
Жігіттің қайраты кетіп, базары қалады,
Жақсының атағы кетіп, азабы қалады,
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалады
Мөңке би.*

Әлимсақтан аян, мінсіз әлемде менсінбей қарайтын нәрсені іздеп, табу мүмкін емес. Таңғажайып дүниеде еш құбылыс елеусіз қалмайды. Сұлу табиғаттың ең бір көркем шағы—Ару-Көктем! «Самарқанныңкөктасын ерітіп», наурыз келгенде, көгілдір көктемде жырламайтын жүрек, тебіренбейтін тілек

қалмайды. Зеңгір көгі мөлдіреген аспан, таза суы сылдыраған бұлақ, көк-жасылы көздің нұрын қандырған бал-құрақ, сенің сұңғыла сезімді дөңгеленген дүрия-дүниенің шексіз де шетсіз кеңістігіне шарықтатып, қияға қанат қақтырады. «Көктем келді!» деп, бөркінді аспанға атып, атойлағың келеді.

Тап осылай... бөгде елге, жат жұртқа кіріптарлықтан ада бағаналы бостандықтың базарлы таңы атып, Қазақ елінің азаттығын әлем мойындаған көзайым тарихи кезеңде... ұлтымыздың ұлы мұратын ұлықтап, асыл рухымыздың тілекшісі болған арда ақындарымыз бар әлемге «сүйіншілеп», «Тәубе, Тәуелсіздік!» деп, жалпақ жаһанға жар салды. Әлбетте, жұдырықтай жүректің адам ретінде өзін-өзі танып-білуі, оның сол қуатты отаншылдық сезімінен бастау алады. Шалқар шабыттың ақ желкенін керіп, өрелі өнердің небір інжу-маржандарын тізіп, өмірін өлмес өлеңмен өрнектеуге ұмтылады.

Жетпіс жылдай «кеңестік режим» теперішімен «қызыл империяның» сойылын соғудан әбден шаршап, жансызданған өлеңге қайта жан бітіп, тынысы ашылды. «Бүкілодақтық жалпыұлттық сайасаттан» жасандылыққа ұрынып, қазымырлануға қараған поэзия өзінің тұма қайнарына қайта бас қойды. «Құйтырқы отаршылдық ұран пәрменінен» ұлтсызданып, өз қағынан жерітіндей күйге тақап қалған Қазақ жыры... қыл бұраудан босап, сайын далаға қарай жүйткі жөнелген арғымақтайын, арқа-басы кеңіп, еркінсіп сала берді. Бодандықтан азат елдің – «жоспарлы қасаң насихат пен үндеуден» ада назым сөзі ақ жауыннан кейін «дүр» еткен қыр қызғалдақтарындай жаңғыра түлеп, мың-сан түрлі түсімен құлпырды.

Ұлы Абайша айтқанда:

Алыстан сермеп,

Жүректен тербеп,

Шымырлап бойға жайылған.

Қиуадан шауып,

Қисынын тауып,

Тағыны жетіп қайырған.

Толғауы тоқсан қызыл тіл,

Сөйлеймін десең, өзің біл.

Әлбетте, Тәуелсіздікке тәу етіп, жер мен көкке қастерлі азаттығын сүйіншілеген Қазақ елінің һәм қара өлеңнің күні туғаны шүбәсіз! Тәуелсіздік таңында ар-намыстың ақтаңкерлері – Қазақ халқының арда ақындары жыр пырағының қанатында зеңгір көкке шырқап, ту биіктен жұртымыздың бары мен кемін

шолып, «мұңын мұңдап, жоғын жоқтап», өлшеусіз жан азабын шеккені талассыз. Сөз зергерлері халқымыз көз жазып қала жаздаған Ұлттық сана мен елдік мүдде, тарихи жадымызды, рухани бай мұрамызды түгелдеп, жаңғыртудың мехнатты жолында жанкештілікпен қаламын қару етіп, уақыт мінберіне көтерілді. «Жаным – арымның садақасы» деген атам қазақтай, сөз сардарлары руханият майданының алғы шебінде қасқайып көш бастады.

Басы ашық бір ақиқат, айбынымыз асып, елдік мерейіміз селдей тасқындаған осы бір тарихи шақта ұлттық өнерімізде құндылықтар таразыға түскен тұста, әсіресе, шоқтығы биік поэзияда интеллектуалдық бағыттың белең алғаны байқалды. Жырдың кәусар бұлағынан нәр алған қазақ ақындары ішкі қуаты мен терең ойы тонның ішкі бауындай қабысып, үйлескен жырға ден қойып, назым сөздің бәсін марқайтып, кестелі тілмен көркемдеді. Табиғи сезімталдығының арқасында таңғажайып дүниенің тылсым келбетін көкірек көзімен көріп, өзінің жанжүрегімен сезіне білетін қазақ ақындары киелі Тәуелсіздіктің мәніне бойлап, биік бағасын бағамдап, білуге талпынды.

XX-XXI ғасырлардың тоғысқан тұсында адам баласы дамудың шешуші кезеңіне аяқ басып отыр. Өкінішке қарай, адамзаттың «компьютерлендірілген» дәуірінде, нақпанақ есеп пен қолмен құрылған жоспарға көнбейтін адами қасиеттердің ескерілмей, ұмытылып жататыны рас. Қоғамдағы күнкөріс үшін жанталасқан пенделер, бір сәт тұрмыс күйбеңінен бас көтеріп, замандастың жанжүрегіне үңілсе, не ұғынып, не түйсінер еді?

Белгілі ақын Әділғазы Қайырбековтың «Шер шертеріне» (Жыр кітабы, Алматы. «Ана тілі». 1998 ж.) жүгінсек:

«Мен – Мағжанның мұңымын,

тарқамаған шерімін,

аиыдан да, тұиыдан да жерідім.

Жалғыз өлең – серігім,

елжіредім – ерідім.

Немесе:

Ұғар дейсің мені кім...

Ұлы Мағжанды ұқпаған,
Ұлт ақынын ұқпаған,
Ұраншылды құптаған,
Қазақ деген елінің
соры қалың бес елі:
мұқалардай меселі,
Мойындамау – кеселі,
Марапаттау – есебі,
мінін айтқан адамды
жақтырмайды деседі,
жесек көреді деседі, – деп, сәруар сезіммен
суарылған астарлы ойдың сонылығын, шы-
найлығын сезінер едік. Иншалла, Тәуелсіз-
дік көгінде «ұлы көршіге», шенділер мен
шекпенділерге жаутаңдап, жабырқап, жасу-
дан ада кезең туды! Ендеше атам қазақ қа-
шаннан ардақтаған ақындардың қыран мұра-
тымен жан сырын алғаусыз ақтарып, ағынан
жарылуы заңды:

*Сары самал – сағыныш,
Күлгін таулар – күйініш,
Өксік өмір – өкініш,
Жырға қоспау мүмкін бе?!
Қазақ дерті – тілінде,
Қазақ дерті – жерінде,
Қазақ дерті – елінде,
Қалай жеттік бұл күнге?!*

Қазақ дейтін, асқар Алтай мен ерке
Жайықтың арасында қанатын кең жайып, тір-
шілік өрбіткен байтақ елдің өз тізгіні өз қо-
лына тиген көзайым шақтағы ең бір қасіретті
жоғын айна-қатесіз, тамыршыдай болжаған
қаламгердің «Ұйқысы шала, күлкісі кем»:

*Қазақ дейтін ел еді,
Желкілдесін желегі,
Жетілгені жөн еді,
«Жеті жарғы» жолымен
Көшіп түзеп келеді.
Ғайып-Ерен жебеді,
Қырық шілтен жебеді,
Оң мен солға тек қана,
Көп қарайлай береді.
Мен – Мағжанның мұңымын,
Мен – жүрекке сенемін,
Себебі!..*

Себебі: Ұлы ата-бабамыз ғасырлар бойы
жанын сала, қанын төгіп қорғаған Еуропа

мен Азияның кіндігіндегі ұланғайыр дала-
ның нағыз мұрагері – қайсар қазақтың,
«мың өліп, мың тірілген» ұлтымыздың бұ-
дан былай жолайрықта жатқа жалтақтап, бө-
теннің бұйрығымен жүріп-тұруына еш хақы
жоқ. Қазақстанның мемлекеттік Тәуелсіз-
дігін әлем мойындап, заңды құжатпен ресім-
делген. Шекарасы нықталып, іргесі бекітіл-
ген. БҰҰ-ға мүше болып қабылданды. Мем-
лекеттік рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Әнұра-
ны бекітілген Қазақ елінің шаңырағы – биік,
еңсесі – тік болмағы ләзім!

Дейтұрғанмен, танымал ақын Мырзан
Кенжебайдың «Жазым өтіп барады» жинағын-
дағы (Алматы: «Жазушы», 2000 ж.) «Аздыру»
деген өлеңіндегі ащы шындық пен талассыз
ақиқат «Елім менің! Туған Жерім!» деп соғатын
жүректі тағы ашындырмай қоймайды:

*«Бұлар неткен топас жан?», -
Деп, әркім-ақ жазғырған
Бұл қазақты о бастан
«Ағасы» екен аздырған.
Қорыққандар қорықсын,
Айтсам айтар сөзімді,
Қорлығынан орыстың,
Халқым қаниа езілді.*

Үш ғасырдай уақыт орыс отаршыларының
Ресей қоластындағы халықтарды ұлтсыз-
дандыруға жанын сала кірісуімен қоймай,
тіпті, өздерімен көршілес бейбіт жатқан
халықтарды да «ашса – алақанда, жұмса –
жұдырықта» ұстаудан тайынбайтын қо-
мағай астамшылығын қаламгерлеріміз бұ-
рын ишарамен меңзеп келсе, Мырзан ақын
үстемдік қасіретін жуып-шаймай, «кімнің
кім, ненің не» екенін, соқырға таяқ ұстатқан-
дай, тап басып айтады.

*«Таусылмайды, досым-ау,
Мұндай мұң мен зар әнім.
Жырды жырлап осынау,*

*Жылап өтіп барамын», - деп күйінген қа-
ламгер өкінішінде тыныш елді алағайдай
бүлдіріп, аздырып-тоздырған құйтырқы
саясаттың салқыны бар. Бодандықтан бо-
сап, дербес мемлекет болсақ та, өкінішке,
сол ызғардың әлі де ұлттық рухани құн-
дылықтарымыз, әсіресе, ана тіліміз бен*

ата діліміз түгенделіп, зерделенер кезеңде, қаңтардың қырауындай табы сезілетіні, саналы көкіректерге аян. Тіпті, осы бір ғана тіл тағдырының бүгінге дейін шиеленісті түйіні толық шешілмеуінің өзі – сол отарлық қылбұраудың салдары бір демде өздігінен босап, жойылмайтынын білдіреді. Ұлттық рухымызды тірілтіп, санамызды сілкіп, жадымызды жаңғырту жолында күнбе-күн дерлік, тіпті, сәт сайын ерік-күшті біріктіріп, тер төгіп, кем-кемдеп «төрт құбыламызды» түгелдей беруге міндеттіміз. Қайран, рух оянып, ұлттық сана-сезіміміз тіріліп, арнамысымыз қалай жалаулайды, солай мәңгүрттік қамыты да біржола сыпырылып, өткеннің еншісінде қала бермек. Өткен аға толқын мен келер ұрпақ алдындағы біздің парызымыз бұл, автор сол күнді көксейді:

*Зар жылап та, заманнан қалжырап та,
Кешір, Алла, бет бұрсам сандыраққа!
Сен тыйсаң да, тілімді ешбір патша
Тыя алмайды шідерлеп, қарғылап та.
«Жат жұрт таптап бағымды тұрған
гүлдеп,*

*Қанішер мен қарақшы жырғап жүр тек», -
Десем, күледі парықсыз пақырларың,
«Зарлауы ғой баяғы Мырзанның», - деп
(«Заманға нала»).*

«Кір жуып, кіндік кескен» киелі топырақтан – қасиетті ана сүтімен сіңірген жылуы сол ел мен жердің төл перзентіне ғұмырлық қуат. Ақын үшін де бар сапар мен тоғыз торапты жол бастауы – әркез сағындырып, табындыратын киелі Бесігі қымбат! Автордың тек осы бір ғана жинағындағы: «Құланды», «Құланды – менің Отаным», «Балықшы ауыл кеші» сынды өлеңдерінен алтын ұяның қастерлі суреті айшықты бедерімен көрініс тапқан. Тіршіліктің толыққанды толқынды тынысы телегей-теңіз тереңдігімен тебіреніп, толғандырады:

Мына дала тереңі түюлі бір

Қарт сияқты көп аса сөйлемейтін («Арал даласы»).

Құс қанаты талатын сайын сахарамыздың болмысы мен кеудесі қазына-көмбе Абыз да-намыздың бітімін ұлықтап, шоқтығын асырған тың теңеу, нәзік бұрау емес пе?!

Бірақ, бірақ...

*Бардық, көрдік арнасын арамдалған,
Көлтабандар – көз жасы тарамдалған.
Қайран Арал телміріп қарап жатты,
Бір мейірім өтініп адамдардан («Қайран,
Арал»).*

Өкініштісі:

*Айта берсем, таусылмас қайғым тағы,
Мен ескексіз қайықпын айдындағы.*

«Ес кіргіз, - деп, - Еліме!»

Бір Алладан,

Тілек еттім, қос қолды жайдым-дағы»
(«Не боп кетті заманым»).

Бір жұбаныш: атамекеніміздің ертеңіне алаңдап, бақытын бір Алладан тілеген Мырзандай ақынның жан тазалығы оқырманын тәнті етіп, рух биіктігі баурайды, сәулелі ойдың жарығы оқушысының көкірегіне құйылады.

Белгілі ақын Кәрім Айнабековтың поэзиядағы басты тақырыбы – махаббат ырғактары. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде еркіндікті сезінген қаламгер шығармашылығы өзгеше арнасын тапты. Бұрын айта алмаған құлыптаулы шындықтың кілтін тауып, ұлттық мұратпен көмкерілген ой-толғамға жалтаңсыз қалам тербеді. Бұған дәлел – «Жанарымда жалғыз сен» атты таңдамалы жинағы (Алматы: «Білім», 2002 ж.) Туған жеріміздің кешегісі мен келешегіне көшелі оймен көз жіберіп, толғаныспен қалам тербеген ақын жанының рауаны таңдай әппақ, мөлдір де сұлу.

«Егеулі жылдар елесін» көкірегіне құлатқан ақын:

*Тыңдаңдаршы, Тарих үні кеудемде,
Пенделіктен биік менің аспаным, - деп,
бүкпесіз сыр ақтарады.*

«Күннен нұр өшкен шақта;

Жұлдыздар шашылған шақта;

Таулар жылжыған шақта;

Қаймал інген қараусыз қалған шақта», - деп, қасиетті Құранның Тәкбир сүресімен нәрленген «Көкіұлы Есет Батыр жайлы әфсәна»:

Ит тіршілік...

*Таныттырып бақай қарыс түктілік,
Орай-борай тағдыры таз...*

*Бұлталаққа салады.
Содан болар, қалдым сірә, күттіріп,
Кешір, Баба, жалтаңымды саналы, - деп*
басталады да,
*Тәубе...
Шүкір...
Шамалы...
Имандылық самалы
Марғаулықтан шыққанында аяңдап,
Қалмайын деп аялдап,
Тұңғыыққа түпсіз батқан үндерімді,
Сенсіз өткен күндерімді
Беру үшін баяндап,
Жүрегімді жалғастырып жасыңа,
Зірият етіп басыңа
Келіп тұрмын, үш ғасырлық асыңа! -*
деген ақжарма сырмен өріліп, күлтелене береді.
*Тайсаламын қарауға да бетіңе,
Төзем...
Көнем...
Шалдықтырсаң қаһарыңның өтіне.
Мәңгүрттігім – сағанаңа тиістім
Трактордың білемімен...
Ар отына жандыр мейлі...
Күй, үстім...
Күнәм ауыр, білемін мен, - деп, көңіл кө-*
гіндегі күдігін де күлбілтелемейді. Өлбетте, «ештен кеш жақсы»:
*Сергелдеңнің сілемімен,
Шындық іздеп сарсылдым.
Ғасырлардың түренімен,
Көріп тұрсың, жаңажаңа аршылдым...
Кешіктің деп сөге көрме қарғыстап.
«Бақилықтан жанып қайтқан жарық Күніне»*
тәу еткен ақын сөзі Құран аятындай айқын:
*Салт...
Жетемнің...
Атыменен Ант етемін...
Өлмес үшін көңілімдегі...
Көгімдегі аққуым,
Ұрпақтарға мирас етем Әділдіктің Ақ туын!*
– деп, серт етеді. Нәзік өмірге, әрлі әлемге деген сүйіспеншілікке толы, жүректен шыққан алмас сертке біз де еш секемсіз сеніп, қол соғамыз.
Тәуелсіздік туы астында ұлт мұратын сеніммен жырлап, өлең өлкесінде өз жұлды-

зын жаққан дарынды ақынның бірі – Болат Шарахымбай. Назымсөздің қанатты пырағына сезім тазалығын аманаттап, уақыт тынысын жүрек сүзгісінен өткізген ақынның «Жаным – жанартау» жыр кітабы (Алматы: «Арыс», 2005 ж.) – қаламгер мұратының алғаусыздығына иландырады. Аумалы-төкпелі өткінші уақыттың ақ-қарасы алмасқан болмысын тап басып, танымын деген жұмыр бас, өзінің жан сырын өгейсітіп алмасы үшін де, тағдыр сынағының кертөлғауын бастан кешірген автордың:

*...Менменшілі мен-мен деп,
Едіреңі ербеңдеп,
Өзімшілі өңмеңдеп,
Кіжіреңі кердеңдеп,
Төресіне телмеңдеп,
Азбалары – асылық,
Тасыраңы тасырық,
Таскерең, дәурен, сені қайтейін?..» -*
демеске лажы қайсы?

Тіршілік – бұл жұмырбасты уайымсыз пенденің ұғымында күлімдеген көктем, жаймашуақ жаз. Ал, оның ызғарлы қысы мен лайсанды күзі ше? Бәлкім, ақынның ағынан жарыла айтқандайындай шығар:

*Қоңыр қаз қанатында қалған шұбар,
Қара судай қарайып болған шығар?
Абай ішкен у мен дерт баяғыда,
Жүрегімнің басына толған шығар...
(«Күзгі палитра»).*

Өлбетте, «Адамдарды маймылға айналдырып жіберетін қазіргі қоғамдағы қатынастан» түңілген ақынмен бірге өзінің де сайсүйегін сырқырайды:

*Құдай-ау, бұрын қалай байқамағам,
Адамдардың екіжүзді екендігін.
Маймылхана жайлаған сайқал қоғам,
Сыртын беріп, сырғытар мекерлігін
(«Түңілу»).*

Інжу құнын іздеген біледі. Күннің батуынан кейін, таңның қайта рауандап, Күннің сәулесін төгетіні – мәңгілік заңдылық қой. Алдаспан ақиқаттың ащы шындығын татып, жыр қуатымен ақ-қараның ара-жігін айыра білу де – адамзат баласы, соның ішінде Алланың сүйген құлы – арлы ақын үшін айрықша бір сынақ:

*Шындықты айтсам шырылдап тағы,
айтар сөз бүгін жаттанды.*

*Заманның заржақ зырылдақтары,
батысқа бассыз... аттанды.*

Жанының жанартауы лапылдап, «үмітсіз шайтанның» адамдарға құрған қақпанынан жанұшыра жол іздеп, жарыққа ұмтылған Болат ақынның жүрегі ізгілік пен үмітке толы:

*Адасып жүрген диуана кілең,
көрсөқыр түнде шырақ ап,
Бүгіннен бастап иманға кірем,
Лә иллаһ иллалаһ!..*

«Қырық бұрау қобызымен» күмәнді заманның шертолғауын толғай да толғай отырып, баяғы «ай, заман-айлап» өткен Бұқар жыраудай, Б.Шарахымбай шайыр іштегі запыранын алғаусыз ақтарады:

*Туған тілін туған ұлты көкпар қылған
бұл заман,*

*Шолақ намыс шолжаң ұлды шоқпар
қылған бұл заман...»,* - деп бастап, «Құдайларын ұмытқанды қамсыз қылған бұл заманға» Имандылығын талғажау еткен Шын Ақын:

*Обыры мен содырларын бетті қылған
бұл заман,*

*Өлексе жеп семіргенін әккі қылған бұл
заман,* - деп, «былапыт пен былғанышқа батып қалған заманның», «ет-жүрегі қара тас боп қатып қалғанын» күйінішпен жырлайды:

*Сұрқия сор, сұмпайы мен сұмы ұтқан бұл
заман,*

*Ұлтым деген арқар жүрек ұлды ұмытқан
бұл заман,*

*Жұртым деген арда ғұмыр қызды
ұмытқан бұл заман,*

*Тап осындай баянсыздық бізді құртқан
бұл заман.*

Ақиық ақын Болат Шарахымбайдың Тәуелсіздік толқынындағы тарлан поэзияда өзінің көшелі сөзін айтып, замандастарын тебіренде отырып, толғанта түскеніне, ойланта білгеніне іштей тәубе, шүкіршілік дейсіз.

...Иә, халқымыздың өз билігі өзіне тиген тарихи кезеңде қоғамда орын алған кейбір кешірімсіз «әттеген-айлар» торықтырып, «жан дертін күлдіретіп жеп айтатын бұл за-

манға» не дерің бар? Шынтуайтында, тарихтан тәлім түймейінше, өркениет көшінен ойып орын алып, дамып, өркендеу қисынға келмейді. Саналы жер пендесінің ғаламат бір қасиеті – ойланып-толғанып, армандай білуінде. Ал, «не тілесең, сол болатыны» тағы ақиқат.

Қай кезеңде болмасын, исі қазақ әрі данышпан, әрі ойшыл, әрі пәлсапашы қадір-қасиетімен жұртының жүрегін жаулаған ақындарын – алты алаштың Ар-Намысына балап, ардақ тұтқан. Ұлттың жақсысына сүйініп, жаманына күйінген, аузы дуалы шайыр сөзімен – Ел өткенін таразылап, болашағын бағамдай білген. Хакім Абайымызды айтпағанда, сонау XV ғасырдан-ақ, аты аңызға айналған Асан Қайғыдан бастап, Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет жыраулар, атақты үш биіміз Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биден кейінгі, «үш жүз жылдығын» болжаған Мөңке би Тілеуұлы, «аузымен құс тістеген» Жиёмбет, Ақтамберді, Бұхар жыраулар, алдаспан жүзді Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Әбубәкір Кердері, Сары Батақұлы, Сарышолақ Боранбайұлы сынды наркескендеріміз, берідегі Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанинге дейінгі қасиетті де киелі ата-бабамыздың асыл мұрасында: өлең-жырлары мен терме-толғауларында, шешендік сөздері мен өсиеттерінде Қазақ халқының әлімсақтан бергі тарихы мен шежіресі тұнып тұр. Уақыт қойнауында аршылмай жатқан абыздарымыз бен даналықтарымыз қаншама?

Тәубе, қазіргідей ХХІ ғасырдың аласапыран құшағында өркениеттердің өзара қарым-қатынасына өзінің сара жолымен келіп қосылған Қазақияның Көші – көлікті, Рухы – биік! Ата-баба аманатына адал ақындарымыз: Серік Ақсұңқарұлы, Ханбибі Есенқарақызы, Ибрагим Исаев, Адай Сабыр, Нұрперзент Домбай, Бауыржан Жакып, Нұртай Ерназар, Баян Бекетова, Әмірхан Балқыбек, Гүлнар Салықбаева, Қазыбек Иса, Қасымхан Бегманов, Қаршыға Есімсейітова, Дәулетбек Байтұрсынұлы, Әнуарбек Әуелбек, Алматы Исаділ, т.т.әлі сол данагөй шайырларымыздай,

«алтын асықтай» өлең-жырларымен Елді бірлікке, ірі тірлікке үндеп келеді.

Мындаған жылдар бұрынғы өткен абыздардай, Бүгін де үйлесімді жаратылыс жырын жырлаған қасиетті қалам иесі – әзиз әлемде риясыз таза рухтың салтанат құрғанын қалайды! Тәуелсіздік тұғырының мәңгілік мызғымай тұруын тілейді. Елдікке сын кезеңде өркениет көшіне ілескен Қазақ елінің мәңгілікке аспаны – ашық, шаңырағы – биік, бауырының бүтін болғанын армандайды. Әлмисақтан бері өркениет тарихында талай мемлекеттің түбіне жеткен қисапсыз кесапаттан сақтандырып, «әділетсіздік, имансыздық, рухсыздық, жемқорлық, пайдакүнемдік, дарақылық, дүниеқоңыздық» сынды толып жатқан кеселдің сорына жұтылмауын ойлайды. Мәдениеттер мен

рухани ұстанымдар қақтығысында еріксізден ерікті Ел ретінде теке-тіреске түсуге мәжбүр халқымыздың Жеңімпаз болуын көксейді!

Біз де есте жоқ ескі замандардан бері қасиетті ата-бабамыздың ұмтылған жұлдыздарына енді қолымыз жетіп, Тәуелсіздік жұпарын жұтып, «ақ түйенің қарны жарылған» ақжолтай кезеңде – толағай сүйінішке кенелген қазіргі ұрпақ... басқа қонған Бақ құнын біліп, Бақыт құсын қолдан ұшырып алмасына сенгіміз келеді. Өмір күйі үмітін үкілеген, жігерін жаныған, иманын бекемдеген тіршілік иесінің хәм абзал ақындардың қиялдап, көксеген шынайы бақыты – күн астында «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» мамыражай әділетті заман мәңгілікке салтанат құруын біз де тілейік. «Үмітсіз – шайтан» деген...



«Туған тілін туған ұлты көкпар қылған бұл заман,
Шолақ намыс шолжаң ұлды шоқпар қылған бұл заман...»

Болат Шарахымбай

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ МҰҒАЛІМ БЕДЕЛІ

Мақалада ұстаз беделінің ішкі және сыртқы субъективтік факторлары ашып көрсетілген. Қоғамдағы киелі мамандық – ұстаздықтың беделі мен абыройы жайлы жазылған. Мұғалім беделінің төмендеуінің себептері мен оларды болдырмаудың жолдары сөз етіледі. Бүгінгі бәсеке заманында білімнің алатын орны, дамыған елдер қатарына қосылу, бәсекеге қабілетті интеллектуалды тұлға қалыптастырудағы мұғалімнің орны жайлы сөз қозғалған. Заман талабына сай ұлттық тәрбие мен білім беруі үшін мұғалімдер қауымының еңбегін бағалау, марапаттау, әлеуметтік қажеттіліктерін өтеу мемлекет борышы екені де айтылған.

Түйін сөздер: *бедел, фактор, бәсеке, жаңа формация ұстазы, келешек ұрпақ.*

В статье обширно показаны внутренние и внешние факторы педагогического авторитета. Написано об авторитете и престиже святой специальности общества – педагога. Приведены причины понижения педагогического авторитета и пути их предотвращения. Написано о значении знания в наше конкурентное время, вхождении в ряд развитых стран, значении педагога в формировании конкурентоспособной интеллектуальной личности. Также говорится о том, что оценка труда, награждение, социальное обеспечение педагога взамен знаниям и национальному воспитанию, которые получают от педагога – является государственным долгом.

Ключевые слова: *авторитет, фактор, конкурентность, педагог новой формации, будущее поколение.*

The article shows the extensive internal and external factors of pedagogical authority. Written about the authority and prestige of the holy specialty society - the teacher. Also, written about the reasons of reduction of pedagogical authority and ways to prevent them. Written about the importance of knowledge in our competitive time, entering a number of developed countries, the meaning of the teacher in the formation of competitive intellectual personality. Also said that the job evaluation, rewarding, social security instead of the teacher knowledge and national education, which receive from the teacher - is a public duty.

Keywords: *authority, factor, competitiveness, teacher of a new formation, the future generation.*

Ұстаз... Осынша киелі ұғымның қаншалықты қасиетті екенін білсеңіз ғой!... «Мектеп – кеме, білім – теңіз» болса, мұғалім теңіздегі сол кемеңіздің жөн сілтеушісі деп білемін. Мұғалім десек, ойымызға қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы Ыбырай ағамыз оралады. Ұлы данамыз «Мұғалім-мектептің жүрегі» деп, дөп басып айтқан. Бұрынғы кезде «Мұғалім – ең сыйлы мамандық» болып саналған. Ал, қазір ше? Қазіргі таңда қоғамдағы мұғалімнің алар орны мен беделі қандай?

Жалпы, «Ұстаз» сөзінің 2 түрлі сипаты бар. Бірі – белгілі пәннен сабақ беретін оқытушы да, екіншісі – жоғары беделді адамдарға ықпал етуші дана адам. Ол өзінің ісімен де, сөзімен де, жүріс-тұрыс мәдениетімен де, оқу орнында және одан тыс қоғамда Тәуелсіз еліміздің эталондық бейнесі болып табылады. Сондықтан да, мұғалімнің оқу-әдістемелік, әлеуметтік-материалдық жағдайын жақсарту жолымен оның беделін мүмкіндігінше арттырып отыру мемлекетіміздің білім беру

саясатындағы негізгі басымдықтардың бірі болуға тиіс деп ойлаймын.

Қазіргі таңда кез келген елдің экономикалық дамуы, халықтың рухани және материалдық игілігінің артуы, ең алдымен, сол елдің ғылымы мен білімінің, мәдениетінің тұрақты дамуына байланысты жүзеге асырылып отырғаны шындық. Бүгінгі бәсеке заманында білім, ғылым мен техниканы жетілдірмей дамыған елдер қатарына қосылу мүмкін емес. Елдің саяси-әлеуметтік өсуін, мәдениетін, қорғаныс қабілетін жан-жақты дамыған ғылым ғана қамтамасыз ете алады.

Бүгінгі білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерді талап етіп отырғаны анық. Осы ретте қазақтың озық ойлы зиялыларының бірі – Жүсіпбек Аймауытовтың: «Ел ісін түзеуді білім беру ісін түзеуден бастау керек» деген сөзі еріксіз еске түседі. Мұның астарында терең мағына жатыр.

Білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген, білім беру ісінің құрылымы мен мазмұнына, елеулі өзгерістер енгізілуімен байланысты қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі білімге келіп тіреледі. Рухани-мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің баюына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен-күнге айқындалып келеді. Әрбір елдің өркендеуі де, тұғырының биік болуы да «халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» [1] екендігі күннен-күнге дәлелдене түсуде.

Ел межесі – дамыған елу елдің қатарына ену. Елу елдің қатарына ену үшін бәсекеге қабілетті экономикамыз мықты болуы керек. Түбінде, мұның бәрі саяси сауат пен білімге келіп тіреледі. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін ең алдымен, білім саласына баса назар аударылуы қажет. Ұстаздардың біліктілігін төмендетпей, олардың беделін көтерген жөн.

Мұғалім беделі, негізінен, ішкі субъективтік және сыртқы объективтік факторлардан түзілмек. Ішкі субъективтік факторлар дегеніміз – мұғалімнің өз басының педагогикалық қызметіне көзқарасы, оның қатынасы,

мінез-құлқы, жеке мәдениеттілігі, білімділігі, іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілеті, мейірімділік пен жанашырлық қасиеттері және шығармашылық еңбегі мен жанашырлық ізденістері. Сыртқы объективтік факторларға, біріншіден, мектеп ішінде мұғалімнің дұрыс еңбектенуіне жасалынатын оқу-материалдық, оқу-әдістемелік, әкімшілік-ұйымдастырушылық жағдайлар мен мектепшілік психологиялық-педагогикалық ахуал, т.б. көздер жатса; екіншіден, мектептен тыс факторлар деп мұғалімнің жалақысы, мұғалімдік істі марапаттау, мұғалімдерге мемлекеттік атқару органдарының жан-жақты қолдау көрсетуі, бұқаралық ақпараттық құралдар арқылы жүргізілетін үлгі насихаттар, ата-аналардың көзқарасы, т.б. айтамыз. Бұл екі фактор өзара тығыз байланысты. Ішкі факторлардың өзектілігі сыртқы факторлардың болуын жеделдетсе, ішкі факторлар өз кезегінде сыртқы факторларға оң пропорционал.

Елбасымыз: «Біз білім-ғылым саласында бәсекеге қабілетті болмасақ, өз мақсатымызға жете алмаймыз. Барлығы мектептен басталады», - деген болатын. Ал қашаннан «шәкірттің жақсы болмағы ұстазынан» екендігі бәрімізге белгілі. Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Сондықтан да, жаңа кезеңге сай интеллектуалды, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық стандарттарға сәйкес білімі бар, ХХІ ғасырдың есігінен еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танитын, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық өрісі кең, жан жақты ақпараттандырылған, ең бастысы төл мәдениетін құрметтеп, мақтан тұтатын, патриот, заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Ал мемлекет міндеті – мұғалімдерге өз білімдерін жетілдіруге жағдай жасау.

Қазіргі заманғы мұғалімдер информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, техно-

лог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болу керек. Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін-өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру, білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау-бүгінгі таңдағы мұғалімнің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті. Мұғалімнің өзі жеке тұлғаға көтерілмей, мұндай зор мақсатқа жетуі мүмкін емес.

Сондықтан, білім беру ұйымдары педагог қызметкерлердің біліктілігін жетілдірудің жаңашыл түрін іздестіруге, педагог қызметкерлердің кәсіби мамандықтары бойынша білім, білігін дамыту бағытындағы сұраныстар мен жекелеген педагогтардың көкейкесті сұрақтары төңірегінде және оларды білім сапасымен қамтамасыз ете алу мүмкіндіктерін үйрену жұмыстарына бастамашыл бола білгені жөн.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Қазіргі білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты проблема – жаңа формацияның жаңа ұстазын қалыптастыру. Ел дамуының басты белгілері ғылым мен техниканың, экономиканың жетістіктері болса, оның бастауы – білімде, ал, білім беру негізі – мұғалімнің біліктілігі мен біліміне, тәжірибесіне келіп тіреледі. Біздегі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – бәсекеге барынша қабілетті маман дайындау. Сондықтан, ұстаздың сапасын ең жоғары деңгейге көтеру – уақыт талабы дейміз. Өйткені, келешек ұрпақтың барлығы ұстаз қолынан өтіп, тәлім-тәрбие алады. Ендеше бізге ой өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн. XXI ғасыр ұстазының тұлғасы мен іс әрекетін жүйелі ұғыну үшін оған жаңа теориялық методологиялық негізде талап қойылуға тиіс. Ал, жалпы қоғамда мұғалім мамандығының мәртебесі басқа мамандықтарға қарағанда айтарлықтай төмен болып тұрғанының себебі неде?

Біріншіден, мұғалімдік өте қолжетімді мамандық. Өкінішке орай, қазіргі таңда «ұстаз» деген ұлағатты есімді арқалап жүрген ма-

мандардың барлығы дерлік өз ісінің шебері деп айта алмаймыз. Себебі, ұстаз болуға мүлдем қабілеті жоқ жастардың кездейсоқ осы мамандық бойынша оқуға түсе салуы бұл жұмысқа кері әсерін тигізуде. Айталық, педагогикалық бағыттағы білім беретін оқу орындарына Ұлттық бірыңғай тестілеуден төмен балл алғандарды да қабылдай береді. Екіншіден, осы қолжетімділіктен туатын сауатсыздық, біліксіздік. Кейбір мұғалімдердің білімділігін былай қойғанда, өзін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысы ұстаз атына сай емес. Оқуды, ізденуді тоқтатқан немесе онымен мүлдем айналыспайтын мұғалімнің беделі жойылады. Олардың саны қанша ма?

Университеттің «мұғалім» мамандығын бітірген маман мен колледждің мұғалімдігін бітірген маман бір ұжымда жұмыс жасай алатын жағдайлар көп.

Үшіншіден, жалақының аздығы. Мұғалімнің әлеуметтік жағдайы басқа мамандарға қарағанда сәл төмендеу. Сол себептен, кейбір білікті ұстаздар күнкөріс қамымен қара базарды жағалап, енді біреуі басқа салаға иық артып кетеді. Кейбір мектептерде сағат жоқтығынан ұстаздар өзге пәннен сабақ беруге «мәжбүр» болып жүр. Мысалы, биология пәнінің мұғалімі бастауыш сыныпқа, сурет пәнінің мұғалімі тарих пәнінен дегендей. Енді біреуі дипломын ала алмай, әлек болып жүрсе, келесі біреуі сырттай оқуға тапсырудың әлегінде жүр. «Жырық ауызға-кетік тостаған» демекші, мұндай «маман иелерінен» дәріс алған бала қайдан оңсын?!

Мұғалімдердің аға буын өкілдерінің мектептен кетуі тәжірибе мен оқушылардың алатын білімдерінің әлсіреуіне әкеліп соқтырды. Мұғалімдердің жас буын өкілдерінің біліктілігі мен тәжірибесінің аздығы білім деңгейінің төмендеуіне себебін тигізді. Мұғалім деген дипломы бар қыз-жігіттер кафе мен ресторанда нәпақасын тауып жеп жүр.

Ал, мұғалімдіктің мәртебесін қалай көтеруге болады? «...Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасак, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз» - деген екен Бауыржан

Момышұлы. Олай болса білім жүйесіндегі ең басты атқарылатын міндеттердің бірі – педагог мәртебесін көтеру. Қалай болғанда да, педагог мамандардың абырой – беделі негізінен олардың білімділігі мен біліктілігіне байланысты десек, бұл мәселенің болашақ мұғалімдерді даярлау сапасына тікелей байланысты екені шындық.

Біріншіден, мұғалімдік мамандығының қолжетімділігін жою. Экономикамызды, мәдениетіміз бен ғылыми өркендеуімізді іске асыратын жоғары білікті мамандардың кез келгені ұстаз алдынан білім алады. Демек, қоғамға қажетті адам ресурсын даярлап шығатын мамандар – педагог-ұстаздар қауымы. Ал, осы педагог мамандарды даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарына дарынды жастарды тарту үшін оқуға қабылдау тәртібін күшейтуді қолға алған жөн. Оқытудың коммерциялық түрінің белең алып кетуі себебінен, тек оқу ақысы төленсе болғаны, ешқандай дайындығы жоқ адамдар қиналмастан қалаған университетіне, ондағы педагогикалық мамандықтарға оқуға түсуге мүмкіндік алады. Мүмкіндігінше тиянақты білімді, мұғалімдік кәсіпке икемі бар талапкерлерді іріктеуді жолға қойған жөн. Оның бірден-бір жолы – оқуға түсерде талапкерлерден құжатты бағдарлы-әңгімелесу түрінде қабылдау қажет. Сосын, ақылы оқудың көлемін мемлекеттік грант мөлшерімен теңестірген дұрыс. Сонда кездейсоқ талапкерлердің жолына біршама тосқауыл қойылуы мүмкін. Қоғамда ұстаз беделінің төмендеуіне алып келетін келеңсіздіктер тағы бір жолы – сырттай оқу бөлімдерінде оқитын студенттердің арасалмағы күндізгімен салыстырғанда тым көбейіп кеткен. Сол үшін оған бөлінетін орын санын шектеу де білікті мұғалім мамандарды даярлаудағы кемшіліктерді болдырмауға септігін тигізеді.

Екіншіден, мұғалімдерді жұмысқа қабылдамас бұрын арнайы тексеруден өткізу. Бұл мұғалімдердің біліктілігін айқындайды.

Үшіншіден, жалақыны көтеру. Елбасы Қазақстанда жас ұрпақтың әлемдік стандарт

қа сай білім алуы үшін қажетті жағдайлардың жасалғанын айта келе, «бұл – мемлекеттің даму саясатының басым бағыттарының бірі», – деп атап көрсетті. Бұл орайда мемлекетіміз мектеп мұғалімдерінің беделін көтеруде жан-жақты қолдау көрсетіп, білім саясатына басымдық беріп келеді. Ұстаз беделін қоғам алдында көтеру үшін Елбасының тікелей өз Жарлығымен еліміздегі ең жоғары марапат – Қазақстанның Еңбек Ері атағы мен «Алтын жұлдыз» белгісі және «Отан» ордені ең бірінші рет ұстазға берілді. Бұл – мектеп мұғалімінің еңбегі елімізде жоғары құрметке ие екендігінің айғағы. Білікті ұстаздардың әлеуметтік жағдайының төмендігін жою үшін, олардың жалақысы орташа жалақыдан төмен болмауы тиіс.

Төртінші көңіл бөлетін мәселе – педагогтік кәсіпті насихаттау, оның қоғамдағы орнын биік тұғырға көтеру әрі оларды материалдық тұрғыда қамтамасыз ету мәселесі. Баспасөз беттерінде педагог кәсібін ерекше насихаттау, олардың жетістіктерін мадақтау, марапаттау мәселелері де назардан тыс қалмағаны дұрыс.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының бұрынғы нұсқаларында да педагог мәртебесі туралы қарастырылған болатын. Алайда, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында педагог мамандығының беделін көтеру мақсатында «Педагог мәртебесі» туралы арнайы қарастырған. Оның негізгі міндеттері: білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету және педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейту.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа арнаған Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», – деп білім мен ғылым саласының алдына нақтылы міндеттер қойды. Шындығында да, біз сауатты елге айналуымыз үшін жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуді дұрыс жолға қоюымыз ке-

рек. Ұлы Абайдың он сегізінші қара сөзіндегі: «...Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген. Міне, сол үшін мұғалімдерге жағдай жасап, олардың біліктілігі мен білімділігін арттыруға, ұстаздың қоғамдағы беделін көтеруге баса көңіл бөлінгені абзал. Өйткені, ХХІ ғасырда кез келген мемлекеттің дамуында ғылым мен білімнің алатын орны ерекше болмақ. Егемен елімізді өркениетке жетелейтін білімнің бастауында мектеп, ал, сол мектепте жас ұрпақ бойына білім нәрін беретін ұстаз тұрады. Мұның өзі бүгінгі таңда мұғалім беделін арттыру, оның мәртебесін көтеру өзекті мәселе екендігі дау туғызбаса керек.

Шын, мәнінде мұғалімнің мәртебесі тек қана оның жалақысын көтеру емес, ең бірінші ұстаз мәртебесі оның интеллектуалды, білімдік, жеке-дара ерекшеліктерінің бағалануымен көтеріледі. Ұстаздың абыройы – беделі соған байланысты ақталмақ.

Елбасының сөзімен айтсақ, мұғалім келешекте ең мәртебелі мамандықтың бірі болуы тиіс. Білім нәрімен суарып, бүгінгі оқушының ертең үлкен азамат болып өсуіне аянбай өз үлесін қосатын маманның кез-келген жерде өз ортасына сыйлы, шәкірттеріне үлгі тұтарлықтай болғаны абзал. Ұлт тәрбиесіне немқұрайлы қарамай, бойындағы бар күш-жігерін салып, келер ұрпаққа сапалы да саналы білім беретін ұстаздар қауымын қадірлей білейік!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // «Ақиқат», №1, 2013 ж.
2. Мұғалім беделі – ел абыройы // «Егемен Қазақстан», 14 тамыз 2010 ж.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан білім қоғамы жолында // «Егемен Қазақстан», 5 қыркүйек 2012 ж.
4. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: «Ғылым», 1988 ж.
5. Басты мақсат – білім сапасы // «Мәдени мұра», 2012 ж.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992 ж.
7. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Т.2. – Алматы: «Жазушы», 2002 ж.
8. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы.

ӘОЖ 37.018.11

А.Б.Елькеева

п.ғ.к., доцент

Д.Ильясова

2 - курс магистранты

ҚазҰПУ (Қазақстан, Алматы қ.)

ОТБАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТҮРЛЕРІ

Бұл мақалада отбасылық қарым-қатынаспен психологиялық тұрғыдан олардың типтеріне түсінік берілген. Отбасылық қарым-қатынастың психологиялық тұрғыдан дәстүрлі, бала билейтін, демократиялық жанұя қарым-қатынасының типтері көрсетілген. Сондай-ақ, отбасының бала тәрбиелеудегі орны мен отбасының атқаратын функциялары туралы айтылады.

Түйін сөздер: *отбасылық тәрбие, отбасылық қарым-қатынас, отбасылық қарым-қатынас типтері.*

В данной статье дается понятие о семейном взаимоотношений и рассматриваются его типы с психологической точки зрения. Показаны традиционные, детоцентрические, демократические типы семейных взаимоотношений. Также упомянуты роль и функции семьи в воспитаний детей.

Ключевые слова: *семейное воспитание, семейное взаимоотношение, типы семейного взаимоотношение.*

This article is devoted to the problems of family relationship and its types from psychological point of view. According to psychology, family relationship is divided into traditional, child-centered and democratic types. The role and function of family in child upbringing were mentioned in the article as well.

Keywords: *family education , family relationship, family relationship types.*

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер»

Қазақ халқының мақалы.

Бүгінгі таңда ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе – бала тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Ата-ана үшін бала өмір жалғасы, елдің нұры, үміт көрген шырағы, ал тәрбиеші үшін еңбегінің нәрлі жемісі болып саналады. Әрбір баланың өзімен бірге ала келетін табиғи ерекшеліктері болады. Сондықтан, бала тәрбиелеуде бәріне бір тәсілмен тәрбие беру мүмкін емес. Тәрбие өте нәзік нәрсе, әрі машақаты көп жұмыс. Тәрбие – ағарту ісі мен оқытудың алтын арқауы. Әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби: «тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауына айна-

лады» деп, тәрбиенің дүниетаныммен, білім берумен, ағарту ісімен біртұтас әрекет екенін жоғары бағалап, оның ғылыми, әлеуметтік мәнінің зор екенін дәйекті дәлелдеген. Тәрбие, сонымен қатар, жеке тұлғаға тән оның адамдық болмысын, ақыл-ойын және тұлғалық қасиеттерін дамытуымен қатар мінез-құлқын (жан дүниесін) қалыптастырады [1]. Әрине, тәрбие бірінші ретте отбасынан бастау алады. Отбасындағы тәрбиеде жеке тұлғалар тәрбие ісінде отбасындағы өзінің орнына, туысқандық қатынастарына, ұлттық тәжірибеге (халық педагогикасы),

әулеттік және әлеуметтік дәстүрлерге сүйенеді. Кеңестік педагог А.С.Макаренко «Отбасындағы тәрбиеде ата-ана қандай дәуірде, қандай қоғамда өмір сүріп отырғанын ескеру керек» деген екен [2].

Бірақ бала біткеннің бәрі де ес білгеннен бастап білсем, көрсем, естісем, ұстасам, алсам деп әрекет етуге ұмтылады. Бала үшін отбасы – ең алғашқы да аса белсенді тұлғалық қалыптасу көзі. Осыдан отбасында қабылданған көзқарастар, салт-дәстүрлер, ұстанымдар, әрекет-қылық үлгілері тұлға микроэлементіне бастау беріп, оның барша өмірінің негізгі сипатын қалайды.

Отбасы белгілі қызметтерді атқарады:

-қайта өндіру (репродуктивті) – ұрпақ келтіру (тек жалғастыру тума әрекеті, перзентті болу, оларды өсіру және тәрбиелеу қажеттігі);

-шаруашылық-экономикалық, (ортақ шаруашылық және қаржы пайдалану, еңбекке жарамсыздарға қамқорлық және оларды материалды қамсыздандыру);

-тәрбиелеу (отбасы, оның әрбір мүшесінің тұлғалық қалыптасуына жағдайлар жасау; отбасы ұжымының өз мүшелеріне жеке-дара ықпал жасап баруы; өмірлік тәжірибе, ынабаттылық тәртіптері мен адамгершілік құндылықтарға баулу);

-қарым-қатынас құру (коммуникативті – отбасы ішіндегі қатынас түзу, отбасының басқа адамдармен, жанұялармен, әлеуметтік топтармен байланысын ұйымдастыру);

-қайта қалыпқа келу (рекреативті – бос уақыттарындағы демалыс іс-әрекеттерін ұйымдастыру; отбасы мүшелерінің күш-қуатын, денсаулығын қайта тіктеу шараларын қамтамасыз ету). Отбасы тәрбиелік қызметтерінің іске асуы оның ұлттық ерекшеліктеріне, әлеуметтік – мәдени салт-дәстүрлеріне және ол енген қауымдастыққа тән талап-тәртіп ұстанымдарына байланысты [3].

Отбасы баламен тығыз қарым-қатынаста болуы керек. Себебі, қарым-қатынас адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлғаралық бай-

ланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым-қатынас дегеніміз – өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп, ляззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу секілді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды.

Қарым-қатынас тікелей «бетпе-бет» не болмаса белгілі бір құралдардың көмегімен, не іс әрекет арқылы, кәсіптік сферада, достық не жолдастық - диалог, әріптестік, монолог отбасында туыскандық байланыстар негізінде т.б. болуы ықтимал.

Қарым-қатынас барысында екі не бірнеше психологиялық жүйе, екі не бірнеше рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, қылық-жорықтар арасында келісім не өзара түсіністік тұрғысында не болмаса қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдісі іске асады. Нәтижеде олардың арасында не келісім, не өзара түсіністік орнайды, не болмаса әркім өз білгенін жөн санап тарайды, кейбір жағдайларда келіспейтін жауласу, өштесу, бірі-екіншісіне «дес бермейтін» күйге келеді.

Отбасы қарым-қатынасында, олардың ішінен келісім, өзара түсіністік, бірінің екіншісіне бойұсынуы, бірінің екіншісін құптауы секілді қарым-қатынасының қазіргі кездегі басты ерешелігі – әр тұлғаның, мейлі балалары, мейлі ересектері болсын – мағлұмат байлығы болып, өзара қарым-қатынас осы мағлұмат алмасу отбасы мүшелерінің рухани кемелденуіне алып келсе, мұндай отбасының болашағы бар деген сөз. Отбасы мүшелерін қарым-қатынас арқылы біріктіретін, өзара туыскандық байланыстарын нығайта түсетін аса маңызды сфера – мақсатты бірлесіп еңбек ету, нәтижесін ортақтасу, бөлісу. Мұндай қарым-қатынас, алдымен отбасы иелері – әке мен шеше ортасында түсіністікпен орнаса, соның өзі балаларға балаларға өнеге болатыны өмірден белгілі. Бұдан басқа, әке мен ұл, анасы мен қызы, бір туғандардың бірлесіп, бір мақсатта еңбектенуі өзара түсіністікті нығайтатын аса маңызды құрал екені педагог, психолог ғалымдар тарапынан дәлелденген.

Қарым-қатынастың адамдар арасында мәміле орнататын қызметінен басқа жеке

тұлғаның адам ретінде қалыптасуына ықпал ететін басты факторлардың бірі екені тағы белгілі. Сондықтан, баланың толық, рухани-адамгершілігі мол адам болып қалыптасуы үшін балалар мен бірге ересек адамдар, жат және жақын адамдарымен, әсіресе, әкешесімен қарым-қатынасының болғаны маңызды. Осындай кең ауқымды қарым-қатынастың жоқ не жеткіліксіз болуы баланың дамуына теріс ықпал ететін, олардың ойлау, қабылдау, сөйлеу, сезініп-түйсіну секілді басқа да қабілеттерінің дамымай қалуына ықпал ететіні тәжірибе жүзінде дәлелденген. Қарым-қатынас адамның іс-әрекетінің нәтижесіне ықпал етеді. Адамның қабілет-қасиеттерінің көрініс беруі, мінез-құлық ерекшеліктері, іс-әрекетінің тиімділігі, оның жанында басқа да өзі тектестердің болуы, аз-көп, не оның жалғыз өзінің ғана болуына байланысты екенін де ғалымдар дәлелдеген. Әсіресе, бір істі басқалармен бірлесіп, атқарудың оның нәтижесіне ықпалы мол болатыны да белгілі [4].

Жанұядағы қарым-қатынасты С.Голод өз зерттеуінде келесідей түрлерін ұсынды:

- патриархальды немесе дәстүрлі;
- бала билеген отбасы немесе жаңа үрдісті жанұя;
- жолдастық немесе пост-жаңа үрдісті жанұя [5].

Отбасылық қарым-қатынастың патриархальды түрі ертеден келе жатқан отбасының типі болып табылады. Бұндай жанұяда экономикалық ресурстар мен маңызды шешімдерді отбасы иесі қабылдайды. Дәстүрлі жанұяда отбасы ішіндегі рөлдер қатаң бекітіліп, онда авторитарлық тәрбие жүйесі мен ата-аналық билік үстемдік етеді. Патриархальды жанұяда баланың абыройы үлкендердің іс-әрекеті арқылы тапталып жатуы және баланың арманы мен қызығушылығын ескермеуі жие орын алып тұрады. Бұл баланың келешекте тұлға ретінде қалыптасуына бөгет болады.

Еуропада XIX ғасырдың ортасында жанұяның екінші типі «бала билеген жанұя» қалыптаса бастады. Бала билеген жанұяда

әдетте, бір немесе екі бала болады. Ата-аналар балаларын өмірдегі қиыншылықтардан қорғап, олардың барлық қажеттілігін қамтамасыз етеді. Бұндай типтегі жанұядан шыққан бала, өскенде ынжық, жасқаншақ, жауапсыз адам болып қалыптасуы әбден мүмкін.

XIX ғасырдың 70-жылдарында жанұяның үшінші типі – «жолдастық» немесе пост-жаңаша үрдістегі жанұя типі қалыптаса бастады. Бұндай жанұяда ата-аналар жеке мүдделерін баланың мүдделерімен байланыстыра бермейді. Ерлі-зайыптылар арасындағы адамгершілік қағидаларымен отбасылық ұстанымдарының өзара жеке қарым-қатынастарында орны ұлғаяды.

Сондай-ақ, М.Арутюнян жанұяны психологиялық тұрғыда зерттеу барысында, жанұяның үш түрін бөліп қарастырған:

1. Дәстүрлі
2. Бала билеген жанұя
3. Жолдастық немесе демократиялық

Дәстүрлі жанұяда балаға үлкенді құрметтеуге тәрбиелеп, педагогикалық әсер жоғарыдан төменге қарай жүзеге асады. Негізгі талабы – ата-анаға бағыну болып табылады. Балалар дәстүрлі нормаларды тез қабылдап орындайды, бірақ жеке отбасын құруда қиыншылықтар кездестіреді. Бұндай жанұядағы балаларда жігерсіздік қасиеті байқалып, адамдармен қарым-қатынасы төменгі деңгейде болады.

«Бала билеген жанұяда» ата-ананың басты міндеті балаларды бақытты ету деп саналады. Жанұя тек бала үшін жаралған деген пікірді қолдайды. Педагогикалық әсер төменнен жоғары қарай жүрзізіледі.

Жолдастық немесе демократиялық жанұяда басты міндет болып отбасы мүшелерінің жеке даралығы мен бір-біріне деген сенімділігі. Тәлімдік әсер көлденең, диалог ата-анамен бала арасында тең дәрежеде өтеді. Жанұяда ата-ана баланың ой-пікірімен санасады. Отбасылық өмірде өзара мүдделер есептеледі [6].

Аталған отбасы типтері баланың рухани-адамгершілік тәрбие алуына әсер етуі мүмкін. Баланың мектепке дейінгі кезеңі

тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбие алуының алғашқы кезеңі. Отандық педагогика мен психология ғалымдарының зерттеулеріне жүгінсек, адамның рухани-адамгершілік құндылықтары мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады екен. Мектепке дейінгі балалардың ұғымпаздылығы мен иланушылығы рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруіне өз септігін тигізеді.

Отбасы қарым-қатынасы бұл тек әлеуметтік-психологиялық құбылыс емес, бұл әдептілік, адами құбылыс. Шетелдік психико-физиологтардың пайымдауынша омыраудағы баланы омыраудан шығарғанда, ол біраз уақытқа дейін жылайды, мінез көрсетеді. Баланы емізу – ол да қарым-қатынас. Сол қарым-қатынас үзілсе немесе сол қарым-қатынас дұрыс болмаса, сәби қарсылық білдіреді. Бүгінгі айтып жүрген қиын балалардың 92 пайызы – отбасында дұрыс қатынаста болмағандар. Сондықтан да, ата-аналарға айтарымыз – балалармен қарым-қатынасты үзбеу керек. Қарым-қатынас сөз жүзінде де, іс жүзінде, ойын арқылы, күнделікті өмір арқылы жүреді. Отбасылық қатынас дегеніміз – ата-ана, ата-әже, бала-шаға және осылардың бір-бірімен қатынасы. Отбасы қарым-қатынасында, олардың ішінен келісім, өзара түсіністік, бірінің екіншісіне бойұсынуы, бірінің екіншісін құптауы секілді қарым-қатынасының қазіргі кездегі басты ерекшелігі – әр тұлғаның, мейлі балалары, мейлі ересектері болсын – мағлұмат байлығы болып, өзара қарым-қатынас осы мағлұмат алмасу кезінде өте тығыз орнығуы ықтимал. Өзара мағлұмат алмасу отбасы мүшелерінің рухани кемелденуіне алып келсе, мұндай отбасының болашағы бар деген сөз. Отбасы мүшелерін қарым-қатынас арқылы біріктіретін, өзара туысқандық байланыстарын нығайта түсетін аса маңызды сфера-мақсатты (отбасын материалдық қамсыздандыру мақсатындағы) бірлесіп еңбек ету, нәтижесін ортақтасу, бөлісу. Мұндай қарым-қатынас, алдымен отбасы иелері – әке мен

шеше ортасында түсіністікпен орнаса, соның өзі балаларға өнеге болатыны өмірден белгілі. Бұдан басқа, әке мен ұл, анасы мен қызы, бір туғандардың бірлесіп, бір мақсатта еңбектенуі өзара түсіністікті нығайтатын аса маңызды құрал қарым-қатынас екені педагог, психолог ғалымдар тарапынан дәлелденген.

Педагог, психолог, лингвист ғалымдардың ой-пікірлерін талдай келе, отбасы қарым-қатынасындағы сөздің тәрбиелік қызметін былайша жинақтауға болады:

а) ата-ананың айтқан сөзінің текке кетпей, мейлі ол оның жеке өз басына болсын, не болмаса басқа біреудің мүддесі көздесін, әйтеуір баланы пайдалы, жақсы істерге, мінез-құлыққа жетелеуі;

б) бала мен ата-ана ортасындағы сөз түріндегі мәміле олардың өзара қатынасын нығайта түсетін сипатта болған күнде ғана тәрбиелік ықпалының жүзеге асатыны,

в) ата-ана сөзі баланың отбасылық өмірін реттеу арқылы оның ой-санасына парасаттылық, іс-әрекетіне тиімділік, жүріс-тұрысы, мінез-құлқына байыптылықпен жақсы әдет, дағдылар дарытады.

Сондықтан, отбасы тәрбиесінде келеңсіздіктерді болдырмаудың бір жолы, баламен қарым-қатынасындағы мақсатын санаға салып нақтылап алу және соған сәйкес ықпал ету тәсілін тиімді таңдау және адал болу. Ата-ананың баламен жақсы қарым-қатынаста болуы, бала тәрбиелеу жұмысын жеңілдетеді. Баланың тәрбиелі, саналы азамат болғанын барлық ата-ана жақсы көреді. Сол тәрбиені беруге қиналады. Кейбір ата-аналарға айтсаң «қолым тимейді», «өзі-ақ адам болады», «есейген соң бұл қылықтар қалады», - дейді. Тәрбие өзі келмейді, оның қиындықтары көп, сол қиындықтан қашпаған ата-ана ғана саналы тәрбие бере алады. Ол үшін баланың не істеп жүргенін, кіммен ойнайды, қай жерде жүр, тапсырманы қалай орындады деген сияқты жұмыстарын орындап, қадағалап, түсіндіріп, жан-жақты тәрбие беру, оны әрі қарай өсіріп, дамыта беру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә.Табылды «Этнопедагогикалық оқылымдар» – Алматы, 2005.
2. А.С.Макаренко «Лекции о воспитании детей» – Алматы, 2000.
3. С.Б.Бабаев, Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика» – Алматы, 2005.
4. В.М.Бехтерев и др. Психология материнства и ранний онтогенез. – Москва, 2001.
5. С.И.Голод «Семья и брак: историко-социологический анализ» – Москва «Петрополис» 1998.
6. М.Арутюнян, М.Земнов «Легко ли быть родителями. Взрослые и дети: союз, конфликт, компромисс» – Москва, 1991.



Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады.

Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген
сүйіспеншіліктен басталады.

Н.Ә.Назарбаев

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Нуриев М.А. Патриоттық тәрбиенің теориялық негізі.....	6
Табылды Ә. Қазақ халқының ежелгі дәуірдегі тәлім-тәрбиелік жәдігерлерінің тарихи мәні.....	12
Совет-Хан Ғаббасов. Тәрбие мен білім берудің жаңа көзқарасы.....	29
Нәрібаев К.Н. Әділдіктің жаршысы, ұлтымыздың ұстазы.....	34
Қалыбаева Қ.С. Германия университеттеріндегі білім беру жүйесі.....	39
Қосанов Б.М., Қайсар Б. Қазақтың ұлттық ойындарының зерттелу жағдайына тарихи шолу.....	43
Тебегенов Т.С. Үйлену салты өлеңдерінің ұлттық тәлім-тәрбиелік тағылымы.....	47
Аташ Б.М. Ұлттық идеяны өрістетудің заманауи бағдарлары: теория мен тәжірибе.....	55
Сағиева Б.Ж. Тіл – жүректің елшісі.....	61
Аймаханова Г. Ар-намыстың ақтаңкерлері һәм «жаным – арымның садақасы».....	67
Сауранбаева Д.Б. Қазіргі қоғамдағы мұғалім беделі.....	74
Елькеева А.Б., Ильясова Д. Отбасы және отбасылық қарым-қатынас түрлері.....	79



Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифтін өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Баян Сағиева
Беттеген/Верстка – Баян Сағиева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8777 175 34 31,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 09.04.2014 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.
Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі 11 б.т.
Таралымы 400. Тапсырыс №75